4 Karakat M. Nagymzhanova, Raikhan O. Tuksaitova, Nazilya M. Irgebaeva, Zina Sh. Koldasbaeva and Aisulu D. Kanapianova //The formation of tolerance among various ethnic groups as a way to increase well-being. Rivista di Studi sulla Sostenibilita .2020 (1), с.353-363.

О ЗАДАЧАХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Жұмағазы Дана, гр. Digital Маркетинг-2012.

Как мы знаем, Елбасы Н.А.Назарбаев перед казахстанским образованием поставил высокую планку. Наше образование должно быть конкурентоспособным, высококачественным, таким, чтобы выпускники нашей казахстанской школы имели возможность продолжать обучение в зарубежных учебных заведениях.

Поэтому понятно, что важнейшей стратегической задачей отечественного образования является, во-первых, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, во-вторых, обеспечение наших выпускников школ международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, сутью которого как раз и является овладение государственным, родным, и иностранными языками.

Время доказывает, что полиязычие – это первооснова формирования поликультурной личности в современном обществе. Само понятие «полиязычие» понимается нами как «употребление нескольких языков в пределах определенной социальной общности (прежде всего государства); употребление индивидуумом (группой людей) нескольких языков, каждый из которых выбирается в соответствии с конкретной коммуникативной ситуацией» [1, с.303].

Свершившаяся социально-историческая перестройка общества и общественная форма сознания и ориентация на ценности общей человеческой культуры актуализировали в нашей стране проект по триединству языков как социально-историческую необходимость, как конкурентоспособность нации, как культурный императив времени, и утвердили приоритет трех языков в Республике Казахстан: казахский - русский - английский. Наряду с казахским языком, имеющим статус государственного языка, и русским - языком межнационального общения важнейшим средством общения людей сейчас выступает иностранный язык. Владение казахским, русским и иностранными языками становится в современном обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человека..

Для того, чтобы обеспечить достижение международного стандартного уровня владения несколькими иностранными языками, в нашей стране сформулирована концепция полиязычного образования. Она предполагает становление полиязычной личности при определенном отборе содержания, принципов обучения, разработке специальной технологии с использованием многоязычных разговорников, словарей и учебно-методической литературы, в которых указывались бы сходства и различия базового, промежуточного и нового языка обучения. В новой технологии обучения необходимо обеспечивать идентичность содержания обучения второму и третьему языкам, начиная с универсальных языковых явлений переходить к специфическим для нового, изучаемого, языка. Полиязычная личность – это модель «человека, рассматриваемого с точки зрения его готовности производить речевые поступки, создавать и принимать произведения» (высказывания и тексты) на трех и более языках» [2, с. 95].

Рассмотрим пример. Вот о чем говорят результаты опроса, проведенного исследователями. По опросу (опросом были охвачено около 1400 респондента из пяти областей Казахстана), сделанному Р.Б. Абсаттаровым и Т.С. Садыковым, «каждый респондент сообщил, что живет по соседству с представителями не менее пяти различных национальностей, 83,1 % опрошенных имеют среди представителей других национальностей близких друзей, более 50 % – близких родственников, 91,9 % – приглашают и сами ходят в гости к людям других национальностей» [3, с.15].

Действительно, язык должен рассматриваться нами как важнейший фактор культуры, во-первых, потому, что он является ее составной частью, которую мы наследуем от наших предков; во-вторых, язык – это основной инструмент, с помощью которого мы усваива-

ем культуру; в-третьих, это важнейшее из всех явлений культурного порядка. В первую очередь, наш родной язык, являясь составной частью культуры и его орудием, отражает специфические, особенные черты национальной ментальности. Язык - это объективная реальность. Обратимся к примеру нашей страны. «Сейчас в Казахстане в основном утвердилось двуязычие как важнейшее направление культуры межнационального общения. Человек, владеющий кроме родного языка языком другого народа, получает возможность общаться с большим количеством людей, приобщаться к материальному и духовному богатству, выработанному носителями языка другого народа, ближе и глубже знакомиться с его историей, культурой» [3, с.33].

Коммуникативное умение формируется при обучении иностранному языку, а это умение необходимо для каждого человека как члена общества, как члена коллектива, как члена коллектива вне своей страны, то есть страны проживания. Это умение включает в себя способность слушать собеседника, вступать в общение с другими людьми, поддерживать контакты. Если говорить об иностранных языках, то по распространенности на одном из первых мест находится английский язык. Это язык выступает как средство международного общения, уверенно занимает в мире лидирующую позицию. Это связано прежде всего с быстрым развитием высоких технологий (космических, информационных лазерной техники, био и нано технологий), экономики.

Компетенции в области иностранных языков важны и необходимы нам и для развития экономики страны, и для развития регионов, и, конечно, для нас самих как граждан страны. Тот, кто желает получить более высокие шансы на успешное трудоустройство и профессиональную карьеру, должен в необходимой мере и достаточной степени владеть хотя бы одним иностранным языком, в перспективе стремиться стать полиязыковой личностью [4].

Полиязыковая личность – это, прежде всего, активный носитель нескольких языков, представляющий собой: личность речевую - комплекс психофизиологических свойств, позволяющих индивиду осуществлять речевую деятельность одновременно на нескольких языках; личность коммуникативную - совокупность способностей к вербальному поведению и использованию нескольких языков как средства общения с представителями разных лингвосоциумов; личность словарную, или этносемантическую, - симбиоз мировоззренческих установок, ценностных направленностей, поведенческого опыта, интегрированно отраженных в лексической системе нескольких языков [5].

Конечно, немало есть трудностей на пути формирования полиязыковой личности. Как нам известно, Казахстан, по сравнению с европейскими странами, ввиду своего географического положения не имеет условий для естественного развития массового полиязычия со знанием активно функционирующего мирового языка [6]. А это значит, что уже в средней школе, в условиях среднего образования необходимо организовать учебный процесс таким образом, чтобы при окончании школы наши выпускники имели достаточный уровень полиязычной компетенции для последующего непрерывного повышения речевой и коммуникативной компетенции на трех и более языках. Последовательная и системная реализация полиязычного образования в наших образовательных учреждениях требует расширения образовательного пространства, обмена опытом, увеличения лингвистического капитала наших казахстанцев и формирования поликультурной личности, эффективно и успешно функционирующей в условиях глобализации.

Список использованной литературы

1. Большая советская энциклопедия: Языкознание, 1998.
2. Кондубаева М.Р. Научно-исторические основы формирования культуры речи двуязычного учителя-словесника: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Алматы, 1995. – 339 с.
3. Абсатмаров Р.Б., Садыков Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов. – Алматы, 2001.

4. Современные проблемы науки и образования/ «Педагогические науки». -2011. - №6 - 16 с.
5. Temirgazina, Z.K., K.A. Orazalinova and G.A.Khamitova, 2016. Didactic Features of the Learner’s English-Russian Dictionary of Biology Development. Res. J. Pharmaceut. Biol. Chem. Sci.,7: 317-326 (Scopus).
6. Жетписбаева Б.А., Аязбаева С.С. Лингводидактический аспект учебно-методических комплексов в полиязычном образовании // Вестник Карагандинского университета. Сер. Педагогика. — 2011. № 2 (62). С. 4-8.

*Научный руководитель к.ф.н. доцент Рахимжанов К.Х.
КазАТУ им.С.Сейфуллина*

СӘКЕН - ЖАҢАШЫЛ АҚЫН

Қарпықова С., 1 курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Нұр-Сұлтан қ.

Сәкен – қазақ кеңес әдебиетінің қарыштап дамуында үлкен роль атқарған жаңашыл ақын. Қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқанов: «Сендер мені осы уақытқа шейін қазақ кеңес әдебиетінің бастаушысы деп білдіңдер. Енді шындықты біле жүріңдер, сол әдебиеттің негізін қалаушы, алғашқы туын көтеруші – Сәкен Сейфуллин. Сондықтан мен көптің бірімін, ал Сәкен – қазақ совет әдебиетінің атасы» – деп, үлкен баға берген.

Алдымен, Сәкеннің азаматтық ұстанымы мен саяси-қоғамдық қызметіне тоқталсақ, оның қайраткерлігіне бір арнадан қарап, бір жүйеде баға беру дұрыс болмайды. Коммунистік партия мен Кеңес өкіметіне сеніп, оның жолын әділдік, теңдік жолы деп ұққан Сәкен басшылық тарапынан саясатты бұрмалаушылықты көрген тұста, өзінің ой-сезімін іркіп қалмағандығына тарих тағылымы біздің көзімізді жеткізді. Ол әрқашан пікірін ашық білдіріп отырған. Ол «ұлттардың өзін-өзі билеуі» деген Ленин қағидасына сенген. Қазақстанда ұлт өкілдерін «ұлтшылдықпен» айыптап, қорқытқысы келгендерге ашық наразылық білдірген. Бұған дәлел – оның 1923 жылы Ярославскийге жазған хаты. Ол Қазақстан үкіметінің басшысы боп жүргенде қазақ тілін мемлекеттік тіл етіп жариялау, мемлекеттік іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ тілінде кітаптар, газет журналдарды шығаруды ұлғайту мәселелерін көтерген. Айбынды ақынның сол қиын-қыстау заманда қазақ тілі мәртебесін көтерудегі атқарған еңбектері орасан зор. Тек бір өкініштісі қазіргі кезде қазақ тілінің әлі де болса қолдану аясы тар.

«Қырғыз» аталып келген ұлттың «қазақ» екенін дәлелдеген де – осы Сәкен Сейфуллин. Ол 1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қателікті түзетейік» деген мақала жазды. Мақаласында ол: «бүгінге шейін қазақты орыстар киргиз деп келеді, ... киргиз дегенде бір түрлі менмендік қиянатпен, қорлаған мазақпен айтатын» -деп ашына жазады [1].

1923 жылы 9 маусымда «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген атақты мақаласын жариялады. Голощекин саясатына ашық қарсы шыққан да – осы Сәкен. Ол өзінің бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпазы болды [2].

Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық-саяси қызметі туралы көптеген деректерді, халқы үшін атқарған ерен еңбектері жайлы кеңінен баяндай беруге болады, бұл туралы материалдар да жеткілікті.

Енді оның ақындық, жазушылық шығармашылығына тоқталсақ, Сәкен – новатор, жаңашыл ақын, орыс пролетариат ақындарының новаторы Маяковский болса, қазақ пролетариат ақындарының новаторы – Сәкен. Ол Маяковский әдісімен көп өлеңдер

жазды, оны қазақ поэзиясында тұрақты етіп қалдырды. Сәкенді тұтастары «Қазақ совет әдебиетінің Маяковский» деп бағалады. Сейфуллин де, Маяковский де коммунизм жолында аянбай қызмет атқарған, екі ақын жүректерінде бір сарын, бір үндестік анық байқалады. Өзінің идеялық-творчестволық принциптерімен Сәкен Сейфуллиннің поэзиясы ұлы орыс ақыны В. Маяковскийдің поэзиясына ұқсас, үйлесімді. Маяковский де, Сейфуллин де ақынның қоғамдағы орнын, поэзияның күрес және тәрбие жолындағы рөлін айқын түсінді. Оған, В. Маяковскийге секілді поэзия мен саясат, ақын және халық арасында ешқандай тосқауыл болмады. Сейфуллиннің ақын және азамат ретіндегі партиямен, халықпен және совет мемлекетімен бірлігі оның барлық шығармаларында айқын көрініс тапқан. Осыдан оның творчествосында халықтан шыққан адамдарға, әсіресе жастарға деген, байлармен күрес, сауаттылық, мәдениетті көтеру, техниканы меңгеру, халық игілігі үшін адал қызмет атқару сияқты істерге шақырулары жиі кездеседі.

С. Сейфуллин әдебиетте шынайы тұрғыда жаңашыл болды. Ол қазақ поэзиясында революционер болды. Оның осы саладағы қайталанбас қызметін, тек орыс поэзиясында осы рөлді атқарған Владимир Маяковский қызметімен салыстыруға ғана болады. Сондықтан М. И. Калининнің, Маяковский «революциялық халықпен тек қана мазмұн үйлесімділігіне ұмтылған жоқ, сонымен қатар өз өлеңдерінің формасын да үйлестіруге ұмтылды» деген сөздері толығымен Сәкен Сейфуллинге де қатысы бар. Сейфуллиннің ең алғашқы саяси лирикасында Максим Горькийдің революциялық-романтикалық өлеңдерінің ықпалы болса, ал жиырмамыншы жылдың ортасында ақын В. Маяковскийдің поэзиясының әсеріне көбірек көңіл аудара бастайды. «Советстан» поэмасы осы оң әсердің алғашқы жемісі болып табылады. Ақын-патриот С. Сейфуллинге және Маяковскийге де, Отан, революция және коммунизм ұғымдары бір арнаға тоғысатын ұғымдар. Сәкеннің қазақтың тұңғыш журналист қыздарының бірі Сара Есованы 1927 жаңа жылмен құттықтаған өлеңінде мынадай жолдар бар (Сәкеннің көптеген шығармаларын орыс тіліне аударған А. Наровчатовтың аудармасында):

И мы не вернемся обратно,
Но наши потомки не раз
У памятника на стоянке
По-доброму вспомнят о нас.

Осы өлең жолдарын оқығанда, еріксіз В. Маяковскийдің:

Пускай нам общим памятником будет
Построенный в боях социализм, – деген атақты өлеңі еске түседі.

Жиырмамыншы жылдары қоғамдық өмірде болған түбегейлі өзгерістер, жаңа заман дамуының қарқындылығы, тарихи оқиғалардың жедел ауысып отыруы Сәкен поэзиясында сол дәуір бейнесін берерлік екінші образ — жүйрік пойыз-экспресті тудырды. «Біздің тұрмыс-экспресс» деп жырлады ол. Жаңа қоғамдық құрылыстың даму қарқыны мен өзіндік сипатын, қанша ұшқыр да арынды болғанмен, тұлпар бейнесі таныта алмайды деп түсінген жаңашыл ақын:

Бұрын атым тұлпар еді — бәйге көк,
Енді, міне, пойыз болды, тұлпар жоқ.
Ұзақ жолға
Тұлпар қол ма?
Мейлі жорға,
Тұлпар міну — Сарыарқада жүрсең тек.
...Ісі ерен
Ұқсас көрем
Отарбаны біздің осы тұрмысқа! — деп жазды.

Жаңа елдің даму жылдамдығын ұшқыр пойызға — экспреске теңеу Сәкеннің басқа да туындыларында кездеседі. Жаңа өмірдің болашағына, оны орнатушылардың жасампаздығына ақын кәміл сенеді.

Қиырсыздың қиырына жетейік,
Өлшеуі жоқ көк мұхиттан өтейік.
Аспандағы алыс қызыл жұлдызды
Жерге әкеліп, жердің көркі етейік.
Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық,
Болмағанды болдырайық дүниеге,
Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық, —дейді.

Жаңа замандағы еңбектің, техниканың рөлі Сәкеннің көптеген өлеңдерінің мазмұнын құрайды. «Қара айғыр», «Аэропланда», «Аспанда» деп аталатын өлеңдерінде жаңа тұрмыс көрсеткіші ретінде көрінетін экспресс, пойыз, ұшақ образ-символдары ақын поэтикасында жиі ұшырасады.

Сәкеннің көңіл күйі лирикаларының ішінде «Сыр сандық» атты өлеңі көрнекті орын алады. Адамдар арасындағы адал достық пен сезім тазалығын шерткен бұл шығармада ақын адамның рухани дүниесін биік құздың басына тығылған кілттеулі сыр сандығына балайды. Ақын «Сыр сандық» өлеңін досына хат түрінде жазған.. Дос жанын түсіне білетін нағыз адам — дос қана сол құзар биіктегі сыр сандықтың кілтін тауыш ашып, көңілдің күй пернесін баса алмақ [3].

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара сырласым.
Сым пернені басып қара,
Басып қара жырласын.

Өлеңді өрнектеуі де қазақ поэзиясы үшін тың жаңалық болумен қатар сөздердің сазы көңіл қошын тез тауып еріксіз би билеткендей.

Тарих әр қайраткерге өз бағасын беріп, тиісті орнына отырғызады дегенде әр кезеңде айтылған, жазылған ой-пікірлер ескерілетінін естен шығармаған абзал. Мұхтар Әуезов ол туралы былай деген: «Сәкеннің ақындық асуларында әр жотадан атой бергендей тәкәппар сөз үндері «жабы емеспіз, тұлпармыз», «құлады емес, сұңқармыз», — деп, бұрынғы өткен тарихқа, бүінгі оянған табына дабыл ұрады. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы білініп тұрған барынша нық сезім. Шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиы бар, өрі бар шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз Ақын жолы. Тегінде мағыналы, өрісті, көш бастар, белге шығар үлкен еңбек туса, осындай қайнар көзден шығуға лайық», — деген кемеңгер ой Сәкеннің ұлы ақындығын қалтқысыз түсініп әдебиеттегі орнын айна-қатесіз белгілейді.

Сәкен Сейфуллиннің өнегелі өмірі мен оның шығармашылығының қадір-қасиеті уақыт озған сайын құрметтеле береді, жаңа ұрпақпен табыса береді [4].

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Сәкеннің тарихтағы орны хақында». Т.Кәкішев. «Халық кеңесі», №143, 28.09.1994ж.
2. «Адырна» ұлттық порталы, adyrna.kz сайты, «Халқым деп қан жылаған қайран Сәкен» мақаласы, 25.07.2019 ж.
3. «Жаңаарқа» газеті, №11\1, 23 ақпан 2019 ж.
4. Abischeva K.M. Formation of a Global Intercultural Discourse of a Multicultural Person Formation of a Global Intercultural Discourse of a Multicultural Person. MEDIA WATCH.11 (3) Volume IX, Number III, с.475-487, 2020. Scopus.

Ғылыми жетекшісі: доцент Әлібекова Ә.Ш.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЫРЫМ МЕН ТЫЙЫМ СӨЗДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Манат Н., 1-курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Көшпелілер кезеңіне тән, тарихи тереңде жатқан рухани құндылықтардың бірі - қазақ халқының ырымдары. Олардың әрбірінің тәрбиелік мәні, берер өнегесі зор. Ырым дегеніміз – халықтың сенімімен, ақ ниетінен, шын көңілінен туған ұлттық ерекшеліктің бір саласы. Өз алдына бір жақсылықтың немесе жаманшылықтың хабаршысы. Адамды сақтандырушы, халық мінезімен, әдет-ғұрпымен тығыз байланысты, халқымыздың сан ғасырлар бойы ұрпақ жадында жаңғырып, тәрбиенің қайнар көзі болып келе жатқан киелі ұғымдарының бірі. Қазақтың ырымдары өз алдына бір сала, көшпелі тұрмысының қыры мен сырын, мәнісін айқара ашады. Тыйым – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірінен саналады. Бұл жастарға «жаман әдеттен жи-рен» дегендей жаман істерден сақтан-дырып, жақсылыққа еліктеу, бейімдеу мақсатынан шыққан таза халықтық педагогикалық ұғым[1,78]. Ырым мен тыйым қосарлана жүреді. Ырымдарда әдеп, этика басымырақ түссе, тыйымдарда білгізуге, ұқтыруға тырысу басым келеді. Ырым-тыйымдарды қазақтың ұлттық болмысынан бөле-жара қарауға болмайды. Халқымызбен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан ырым-тыйымдар тізбегі халықтың өмірінде, салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс береді. Ырым мен тыйым адамды тәрбиелеп, жат әдеттерден тыюға бағыттайды.

Тыйым сөздер бұйрық райда қолданылады. Мысалы: «Ақты төкпе», «Үйге қарай жүгірме», «Тізенді құшақтама», «Көкті жұлма», «Тұзды төкпе» және т.б. Ырым тыйым сөздердің мәнін түсіндіруден тұрады. Неге олай жасауға болмайды, оның себеп-салдары қандай? Жаман мінез, нашар қылықты одан ірі тыю үшін, тыйым сөзді одан әрі түсіндіреді «Көк шөпті жұлсаң, көктей орыласың, жастай жазым боласың» десе, тыйым –ырымға айналады. Қазақ ешқашан тыйым сөздерді көпше түрде айтпайды. Өйткені бұл сөздер әрбір адамға жеке дара айтылған. Бұл- ұлттық тәрбиенің қайнар көзі[2,5].

Қанша ғасырдан бері келе жатқан тыйым сөздердің мәні өзгермеген, қасиеті кетпеген және бүгінгі заман жастарына берер өнегесі де көп. Адам қоғамының барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң түрлі әбес істер де болуы мүмкін. Сол келеңсіздікті болдырмау үшін нанымдық, сенімдік, моральдық- этикалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік ортаны реттеп отырады. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туады[3,35]. Ырым және тыйым сөздердің мазмұнынан тәрбиенің бірнеше түрін көруге болады. Атап айтсақ, адамгершілік, әдептілік, имандылық, экологиялық, гигиеналық және тағы басқа түрлерге бөлуге болады.

Адамгершілік адам болмысы үшін басты көрсеткіш екені белгілі. Мұндай адами сезімдерді қалыптастыратын сөздердің қатары көп. Оларда адамды сыйлау, қайырымды болу, өтірік айтпау, еңбекті бағалау, т.б. тәрбиелік ұғымдар қамтылған. Мысалы: адамға қарап күлме, біреуді алдама, кісі ақысын жеме, үлкеннің бетінен алма, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, кемтарға күлме, ұрлық қылма, зорлық жасама, арынды сатпа, аманатқа қиянат жасама, әйелге күш көрсетпе, мақтанба, тәкаппар болма, өтірікке куәлік жасама, жалқау болма. Әдептілік - адамдармен қарым - қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет. Мұндай сөздерге: асты күттірме, асты үрлеме, асты жамандама, тамақты сораптап ішпе, қолыңды төбеңе, желкеңе қойма, түрегеп тұрып немесе жатып тамақ ішпе, топта даурығып сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің үстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме, т.б. жатады. Имандылық адамгершілік, тәртіптілік, сыпайыгершілік ұғымдарының бәрін де қамтиды. Олар: бейіт тұсынан шауып өтпе, жүгіріп өтпе, бейітке қолыңды шошайтпа, әруақ аттама, дінді сатпа, құранды баспа,

тәңірге, әруаққа, құранға тіл тигізбе, өлім үстінде жаман сөз айтпа, өлген адамды жамандама, намазды бұзба, қабірді баспа, т.б.[4,87] Экологиялық тәрбие - қоршаған ортаға қамқорлық, залал тигізбеу, тылсым құдіретін бағалауға арналған сөздер жатады. Олар - көкті жұлма, ұяны бұзба, суға түкірме, ағын суға кір шайма, малды теппе, аққуды атпа, бұлақты бітеме, жәндікті өлтірме, құмырсқаның илеуін баспа, бұлақты бұлғама, ағашты кеспе. Тазалық тәрбиесінде жас ұрпақтың дені таза, тәні сау болып өсуі жеке бас тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздердің орны ерекше. Олар: аяғыңды жоғары көтерме, сыпырғышпен ұрма, шалбарыңды жастанба, сыпырындыны, күлді шашпа, құдыққа түкірме, саусағыңды сорма, қолға жұққан суды сілкіме, тамақтың үстінен аттама.т.б. Эстетикалық тәрбиеге қатысты адамның сыртқы көрінісінің жарасымдылығы мен жүріп - тұру әдебіне байланысты әр алуан сөздер бар. Олар: шашыңды жайма, езуіңді керме, талтайып отырма, тырнағыңды өсірме, бөркінді теріс киме, кіндігіңді ашпа. Тізені,табанды тартуға болмайды. Ауруға шалдыққанда ғана тізе мен табанды тартады. Тізені құшақтамайды. Бұл «ұрпақсыз қалдым», «қу тіземнен басқа құшақтар қалмады», деген жаман ырымды білдіреді. Жуған қолды сілкісе, ырыс- несібе кетеді дейді. Адамға қарап қолды шошайту әдепсіздік болып саналады. Аяқ-қолды жіппен байлауға болмайды. Себебі бұл қол-аяғы байланған тұтқынды еске салады. Басты шайқауға, тісті қайрай беруге болмайды. Жүйке ауруына шалдыққан адам ғана осылай істейді. Таңдай қағуға болмайды. Үй ішінде таңдай қаға беру – жаманшылық (өлім-жітім) шақыру белгісі. Біреуге қарап ерін шығаруға, үлкен адам алдында аяқты созып отыруға, адамға қарай түшкіруге, түкіруге, үлкен кісінің жолын кесіп өтуге болмайды, бұл қылықтардың бәрі де әдепсіздік болып саналады. Ауылға атпен шауып келуге, үйге жүгіріп кіруге болмайды. Бұл қауіп -қатер не адам шығынынан хабар деген жаман ырымға саналады. Егер сүйінші хабар болса, шауып келуге болады. Бірақ «сүйінші, сүйінші!»,- деп айқайлап келу керек. Қайғылы, қазалы хабарды естірткенде немесе жаназаға шақырғанда атпен шауып келіп, шеткі үйге ғана хабарлайды. Кісі ақысын жеуге болмайды. Кісі ақысын жеген адам о дүниеде тозаққа барады. Жақын адамға мысық бермейді, аралары суып кетеді. Жақын адамдарға пышақ сыйламайды. Түн ішінде тырнақ алмайды. Өйткені қол кесіліп немесе тамаққа тырнақ ұшып түсуі мүмкін. Тағамдарға қатысты тыйым сөздер: Жерге төгілген ақты (сүт, айран) басуға болмайды. Сүт төгілген жерге тұз себеді. Сауылған сүттің бетін ашып қоюға болмайды. Беті ашық қалса , шаң – тозан немесе улы жәндіктер түсіп кетсе, сүтті бүлдіреді. Сүттен жасалған тағамдарды жерге төгіп тастауға болмайды. Алғаш найзағай ойнағанда, көктемнің алғашқы жауыны жауған кезде киіз үйдің босағасына, керегелерінің басына көктен жаудырсын, жерден өндірсін, береке болсын деген ізгі тілекпен ырымдап ақ жағады. Қазақ ұғымындағы ақ атаулы – азықтың тамақ қана емес, ол шынымен қаншама төлді өсіріп отырған қасиетті сүт қой. Сондықтан ананың ақ сүтін ардақтай білетін қазақ халқы малдың сүтін де қадірлеген. Қазақта «ақ» сөзімен тығыз байланысты ұғым өте көп. «Ақ жаулықты ана», «ақ сақалды қарт», «ақ сүт», «ақ неке» дегендей, ақ сөзімен байланысқан ұғымы терең сөздер тазалықты, пәктікті айғақтайды. Жылан екеш жыланға да көңіліміздің түзулігін білдіріп, жамандық жасамай, басына ақ тамызып шығарып жібереміз. Қазақ ешқашан үйге кірген жыланды өлтірмейді.Өйткені жылан өздігінен, қарнын тойғызу үшін адамды шақпайды, тиіп кеткенде өзін қорғау үшін шағады. Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға, рәсуа етуге болмайды. Нан – дәм басы, онсыз өмір жоқ. Сондықтанда дастарқанға алдымен нан қойылады. Таңертең нан ауыз тимей үйден шығуға болмайды. «Асығыспын, нан ауыз тиейін», «Ең құрыса, нан ауыз ти»,- деген сөздер бекер айтылмаған. Нанды төңкеріп қоюға болмайды. Нан – қасиетті дәм.Онымен ойнауға болмайды. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. Кемтар адам ғана нанды бір қолымен сындырады.Осындай қазақ ұлтымен бірге жасап келе жатқан ырым- тыйым сөздер ұрпақты тәрбиелейді, ұлтпен бірге жасай береді.

Ырым мен тыйым сөздер халқымыздың тәрбиесінде ерекше орын алады.Тыйым сөздер - ұлттық тәрбиенің негізі, қазақ халқы балаларын кішкентай кезінен жақсы

нәрсеге үйір болсын, жамандықтан аулақ болсын деп тыйым арқылы тәрбиелеп отырған. Қазақтың тыйым сөздерін бойына сіңірген ұрпақ түрлі келеңсіз қылықтардан аулақ болып тәрбиелі, әдепті, инабатты болып өсері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Білім, 2011. – 78 б
2. Ырым – тыйымдарымыздың өзі терең ғылыми зерттеулерді қажет етеді // Дәстүр.–2017. №1, Қаңтар - Ақпан –5 б
3. Formation of the language identity of a blogger S.V. OlenevThe Department of Stylistics and Rhetorics, Kildibekova, Z.K. Kurmanova, T.M. Kravtsova, Maracaías-Venezuela Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 904-921ISSN1012-1587/ISSNe:2477-9385https: // produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30090
4. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлімі. – Алматы: Санат,1998. – 87б

Ғылыми жетекшісі : Төлеужанова Ж.М.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

*Меңдібай Ернар Айбекұлы, 1-курс, техникалық факультеті,
логистика мамандығы
Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Ахмет Байтұрсынұлы - алып тұлға. Ахметтің қазақ халқына сіңірген еңбегі орасан зор, бірақ солардың ішіндегі көзге түсерлік ең ауқымды еңбегі Қазақ әліпбиінің негізін қалау болып саналады. XX ғасыр аяқталғанда, адамзат баласы қандай жетістіктерге жеткенін айтып, алдыңғы мыңжылдықта атқарылған жұмыстарын қорытындылайды. Дүниежүзі бойынша әртүрлі газет пен журналдарда «қандай жаңалықтар мен ашылулар адамзат өркениетінің дамуына қатты әсер етті?» деген сұрақтар толып кетеді. Халықтың басым көпшілігі бұл сұраққа «Адамзат ақпаратты сақтауды, өңдеуді және таратуды үйренді» деген тұжырымға келеді. Ақпаратты таза қалпына сақтау, тарату адамзаттың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл ойнады. Бірақ ақпаратты тарату үшін міндетті түрде «жазу» керек болды. Жазу - ақпаратты тасымалдауға арналған құрал ретінде пайдаланылды. Әр халықтың мәдениетіне байланысты өзіне тән жазуы болады. Орта Азия мен Қазақстан жерінде жазу ерте ортағасырларда пайда болған. Қазақтардың арғы атасы ертедегі түркілер руна жазуларымен жазған. Ал, Алтын орда ханы Батый басқа елдермен қарым-қатынас орнатып, хат алмасқан кезінде, моңғол тілінен бөлек, көне түркі тілінің жазуын пайдаланған. VII ғасырдың екінші ширегінде басталған «араб шапқыншылығы» Орта Азия елдерінің мәдениетіне қатты әсер етеді. Араб халифаты жаулап алған жерлеріне Ислам дінін кеңінен насихаттап, соның нәтижесінде жергілікті халықтардың арасында араб жазуы тарала бастайды. Сөйтіп, қазақ жеріне араб қарпі X ғасырда келіп, XX ғасырға дейін қолданыста болады. Қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог Ы. Алтынсариннің 1864 жылы Орынборда шыққан «Қазақ хрестоматиясы», 1871 жылы шыққан «Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы оқулықтары тұңғыш рет орыс әліпбиімен жарық көрді. Алайда «Қазақ хрестоматиясы» сауат ашуға арналған әліппе емес, оқу мен жазуды жетік меңгерген балалардың алған білімі мен дүниетанымын ары қарай дамытуды көздейтін оқулық еді. Бұдан кейін орыс тарихшы-этнографы А. Е. Алекторов пен орыс қоғам қайраткері А. В. Васильевтің әліппелері жарық көрді. Бұл

әліппелер қазақша және орысша нұсқалардан тұрды. Оның авторлары К. Д. Ушинскийдің «басқа ұлт балалары орыс тілін саналы меңгеру үшін өзінің ана тілінде сауат ашуы қажет» [4] деген қағидасын ұстанды. Бірақ қолданылған әліппелер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін түгелдей бере алмады. Түркі зиялыларын біріктірген «Жәдитшілер ұйымының» бір топ мүшелері де қазақ мектептері үшін жаңа оқулықтар жазды. Қазақ балаларын оқу мен жазуға төте жолмен үйретуді көздеді. М. Нұрбаевтың 1910 жылы Уфада шығарылған «Әліппесі», Қазан қаласындағы З. Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі», 1912 жылы Қазанда жарық көрген М. Малдыбаев пен Ж. Андамасовтың «Қазақша ең жаңа әліппе», 1913 жылғы К. Сырғалиннің «Қазақша әліппе кітабы»[5], сынды шығармалар осындай серпілістен туған алғашқы оқулықтар еді. Алайда бұл аталған оқулықтар кең қолданыс таба алмады.

Сөйтіп, XX ғасырдың басында Қазақ жерінде жазу,оқу мәселесі ушығып тұрды. Ахмет Байтұрсынұлының алға қойған мақсаты қазағының көзін ашу еді. Ол қазақ балаларының өз ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсады. Жас ұрпақтың сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбасының керектігін ұғады. Оған дейінгі мұғалімдер баланы өз ыңғайларына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланып, түрліше оқытатын.

Сондықтан, Ахмет Байтұрсынұлының оқу жүйесін бір қалыпқа келтіру мақсатымен, балаларды оқытуда, әріп үйретуде жеңіл болуы үшін жас ерекшеліктеріне, ой-өріс, сана-сезімдерінің қалыптасу ыңғайына қарай әліппе оқулық кітабын жазуды қолға алады. Ол үшін ең алдымен алфавиттегі әріптердің қолданылу ретін, жұмсалу орнын анықтауды мақсат етеді. А. Байтұрсынұлы бұл туралы өз қолымен жазған өмірбаянында: «1901 жылдан бастап бала оқытқан кезімде, бос уақытымда өз бетіммен білімімді толықтырып, әдебиетпен шұғылдандым. Ал, Орынборға келгеннен кейін (1910 жыл) ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім. Одан кейін қазақ алфавитінің жаңа емлесін ретке салып,оны жеңілдету жолында жұмыс істедім. Үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөгде тілдің сөздерінен арылттым, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің әсерінен тазартуға әрекеттендім. Төртіншіден, қазақ прозасын,яғни іс-қағаздар тілін,публицистика және ғылыми тілін,жасанды кітаби сипаттардан арылтып, оларды халықтық сөйлеу тәжірбиесіне икемдеу үшін терминдерді жасауға кірістім» [6]. Ахмет Байтұрсынұлы, сөйтіп, 1910 жылдан бастап, араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, қайта түзетуді қолға алады. Сол күндері қазақ халқы пайдаланып келген таза араб таңбаларының дәл қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алмайтындығын түсініп, былай деп жазды: «Әріп – тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса әріп жоқ деп тілдегі дыбысты жоғалту керек емес, ол дыбысқа жоқ әріпті іздеп табу керек. Ол жалғыз бізде ғана болған емес, өзге жұртта да болған, әріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола әріпті бұзып өзгертеді» [6]. Педагог, тілтанушы Телжан Шонановтың айтуы бойынша,сол кездегі араб жазуының негізгі кемшіліктері: біріншіден, дыбыстың айтылуын өзгертетін диакритикалық таңбалар араб әліпбиінің үйренуін қиындатты. Екіншіден, сөздегі орналасуына байланысты әріптердің жазылуының өзгеріп отыруы. Үшіншіден, таңбалардың анық жазылмауы, оқуды қиындатты. Төртіншіден,әріппен формула бірге жазылатын ғылыми жұмыстар,нота түсіру секілді арнайы мәтіндер жазғанда араб әліпбиінің мүлдем қолданысқа келмеуі. Осындай жазу мәселелерінің шешімі ретінде 1912 жылы ана тіліміздегі тұңғыш әліппеміз «Оқу құралы» жарық көреді. Аталмыш еңбекте Ахмет араб жазуының негізінде қазақ әліпбиін жасап,қазақ тілінде қолданылмайтын таза араб әріптерін алып тастап,оның орнына қазақтың төл әріптерін енгізді А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің әліпбиін түзеу үшін алдымен оның фонетикалық жүйесін талдап береді.Тарихи-лингвистикалық зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, оның бұл жұмысы – нағыз ғылыми, ғылыми аргументтері күшті, тіпті бүгінгі күннің талабын да өтейтін еңбек болып табылады. А. Байтұрсынов бұл ізденістерінде қазақ тілінің фонологиялық табиғи белгісі – сингармония заңдылықтарына сүйенеді. Бүгінгі фонетист ғалымдар А. Байтұрсынұлы дыбыстар жүйесін сингармофонемалар ретінде дұрыс та-

ныды дейді. Сондай-ақ қазақ алфавитін жасауда болсын, грамматикалық, оның ішінде морфологиялық категорияларын зерделеуде болсын, А. Байтұрсынұлы тіл біліміндегі парадигмалық жүйені ұстады. Парадигмалық жүйе дегеніміз – тіл бірліктерінің, дыбыстардың, морфологиялық көрсеткіштердің, емлелік тәртіптердің, екі түрлі типін карама-қарсы қойып жүйелеу.

Сондықтан қазақ әліпбиін түзуде дыбыстардың дауысты-дауыссыз, жуан-жіңішке, қатаң-ұяң сияқты оппозииттерін негізге алған. Бұл бүгінгі ғылыми тұрғыдан қарағанда өте дәлелді, дұрыс ұстаным болып саналады.

Мұндағы А. Байтұрсыновтың жетістігі қазақ тіліндегі дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қарай бөлінуін дәл белгілеп, әрбір дауысты дыбысқа арнап арнайы таңба белгілеуінде. Сонымен, оның араб графикасы негізінде жасаған алфавитінде 24 әріп болды. Осы 24 әріптің ішінен 16 таңба дайын күйінде алынған, 8 таңбаны өзі қосқан. Бұл жобада араб алфавитіндегі қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір таңбаларды алып тастау, қазақ тіліндегі ы, е, и, о, у дыбыстарының әрқайсысына жеке таңбалар алу ұсынылды. Сөйтіп, Ақмет Байтұрсынұлының жөндеген жаңа қазақ алфавитінде бас-аяғы 24 әріп таңбасы болып шығады. Жүйелілікпен түзілген бұл әліпбиін Ахмет Байтұрсынұлы «тәртіпті жазу» [6]. деп атаймыз деп: «Тәртіпті жазу дегеніміз тілдегі бар дыбыстың бас-басына арналған белгісі, әрпі бар болуы» [6]. деп анықтайды. Араб жазуы – Құран қолданған әліпби, сондықтан оған өзгерістер енгізуге, қысқартуға, өзге таңбаларды қосуға болмайды деген діндар догматиктердің қарсы пікірлері болғанына қарамастан, озат ойлы, білімді адамдар тарапынан, мектеп оқытушылары және басқа да қазақтың, татардың зиялы азаматтары тарапынан қолдау тауып, күнделікті өмірде қолданыла бастады 1913 жылғы «Қазақтың» № 35 санында жарияланған «Жазу мәселесі» [6] деген мақаласында А. Байтұрсынұлы дауысты дыбыстарды таңбалау жөнінде өз ұсыныстарын айтқан болатын. Олар мынандай шарттардан тұрды: 1. Егер дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылады, егер дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылады, яғни, дыбыстар үндестік заңына бағынсын деген пікірді білдіреді. 2. Дауысты дыбыстардың жіңішке айтылуы үшін жіңішкелік белгісі «дәйекшені» енгізу, оны сөздің алдына қою, ол қазақ тілін көп әріптіліктен құтқарады. 3. Әрбір дауысты дыбыстың өз таңбасын белгілеу. Кезінде орыс оқымыстылары түркі халықтарынан шыққан ғалымдарды бағаламауға тырысқан. Бұл сол кездегі патшалық, кеңестік саясат еді. Сондай заманның өзінде Е.Д. Поливанов, Н.Ф. Яковлев секілді ғалымдар өзінің көлемді мақалаларын Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиіне негіздеп, оның кәдімгі математикалық формула тұрғысынан нәтижесі тура шығатындай есепке құрылғандығын жазады. Н.Ф. Яковлев бұл әліпбиді «Әлемдегі барлық әліппелердің ішіндегі ең ықшам әрі бір тілдің бүкіл фонетикалық байлығын көрсете алатын әліпби» [7] деп жоғары бағалаған. Ал профессор Е. Д. Поливанов өзінің «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» атты мақаласында А. Байтұрсыновтың араб графикасына енгізген реформасын «ғажап» деп бағалаған. Ахмет жасаған әліпби «Жаңа Емле» деген атау алды. Бір қызығы, Ахметтің шығарған жазуы ел арасында «төте жазу» деп аталып, Қытайдағы, Ауғанстандағы, Ирандағы қазақтардың арасында қазіргі уақытқа дейін қолданылып келеді. Оның сыры, 1918 жылдың жазында, Ахмет, Міржақып, Райымжан Мәрсеков, Садық Аманжолов, тағы бір адам бар, бес кісілік делегация Қытайдың Шәуешек, Үрімжі қалаларына іс-сапармен барған. Алаштықтар алыс сапарға өкіметтің жұмсауымен емес, өз қалауларымен аттанған. Шекараның арғы шегінде қалған бауырларымыз ұлтының ілім-білімін, қоғамдық ойын жеткізуді мақсат тұтқан. Шынында да, бұл кездесу көрші елдегі қазақтардың рухын, еңсесін біраз көтеріп тастаған болатын. 1917 жылға дейін Ахметтің «Оқу-құралы» 7 рет басылып шығарылады. Осы алфавитпен 1913-1919 жылдары «Қазақ» газеті және көптеген көркем әдебиет шығармалары шығып тұрды.

Алғаш рет қазақ графикасы ғылыми деңгейде 1924 жылы Орынборда 12 маусым-

да басталған Қазақ және қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселелерге жазу мәселесі де кірді. Съезде Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби тақырыптары» деген атпен баяндама жасайды. Ол түркі халықтарының қолданылып келе жатқан жазуы бар екендігін,оны тастап басқа графикаға көшу оңай емес деген пікірін осы съезде дәлелдейді. Еуропа халықтарының тіліне түркі жұртының қатысы жоқ дей келе, «латын әліпбиін тұтынған Еуропа жұрты балаларымызға тілін үйретіп отырған орыс жұртының орнында болса екен...Онда латын әліпбиін алуға болар еді.»деп ойын орнықтыра түседі.Жиын соңында Ахмет Байтұрсынұлы: «Жақсы әліппен ің қасиеттері- жылдам жазылуы,баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінен жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым озық әліппеміз тұрғанда босқа латыншыл болудың қажеті не?Латынның керегі жоқ! Латынды ауызға алу-еріккендік! Латынды орыс халқы алмағанда, біз неге аламыз? Әріпке қызығып, бүкіл мәдениетімізден айырылып қаламыз ба? Латынның кемшілігі-кейбір әрпінің үш-төрт түрлі жазылуы,газет қып басып шығарғанда әріптерінің қосылып кетуі».

Сөйтіп, Ахмет шығарған жазу ресми түрде тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ғана қабылданды.

1923 жылдан бастап Қазақстанда латын алфавитіне көшуді қолдайтын әртүрлі қозғалыстар пайда бола бастайды. Басқа түркітілдес елдерге қарағанда латын қарпі Қазақ еліне кеш келген болатын. Оның себебі, басқа түркітілдес елдерде әліпби жөнделіп, жаңартылмаса, ал қазақ жерінде қолданылып келе жатқан араб қарпі А. Байтұрсынұлының бастауымен қазақ тіліне сай етіп өзгертілді. Сөйтіп, Ахметтің «төте жазуы» қазақ жерінде латын қарпінің тез таралуына кедергі жасады. Қазақ АКСР-ның Орталық Атқарушы Комитетінің 1928 жылдың 14 желтоқсанында «Жаңа әліпби енгізу туралы» жарлығы шықты. Осы жарлыққа байланысты көптеген дискуссиялар, республика аралық съездер,конференциялар болып,жазу мәселесі қызу талқыға түсті. Солардың бірі 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық Бірінші Түркологиялық съезі. Бұл съезде жазу мәселесі талқыланып, бұл мәселенің шешімі ретінде екі қарама-қайшы көзқарас пайда болды. Ахмет Байтұрсынұлының бастауымен қазақ тілінің негізінде жазалған араб қарпін қолдаушылар және Нәзір Төреқұлұлы, Ә. Байділдин бастаған латын қарпін қолдаушылар. Латыншылдар латын қарпін экономика, заманауи техника жағынан берер пайдасы мол деп, көптеген мысалдар келтіреді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлының бұл жиында алты рет сөз сөйлеп, араб қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің теңдесі жоқ екенін түсіндіруге тырысты. «Бұрыннан пайдаланып келе жатқан,әрі нақтылы бір ұлт тіліне лайықталып реформаланған араб графикасын латыншаға ауыстырудың не саяси-идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ. Керісінше, дәстүрлі жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба мұрадан, жазба дәстүрден қол үздіреді» [8]. Бұл туралы белгілі ғалым Ә.Қайдаров «1929 жылы Қазақстанда тіліміздің табиғатына бейімделіп ресми ұлттық жазу болып қалыптаса бастаған А. Байтұрсынұлының әліпбиін аластатуға ешқандай объективті себеп яки қажеттілік болған жоқ» деген ойын білдіреді.

Ахмет Байтұрсынұлы араб әрпін түркітілдес халықтардың 90 пайызы қолданатынын айтады. Арысымыз әліпбиінің стратегиялық,тарихи мәнінен бөлек, ғылыми көшілікке оның қарапайым алты артықшылығын даралап көрсетіп береді. Ол мынандай дәлелдерден тұрды: 1.Оңнан солға қарай жазғанда адамның қолы талмайды. 2. Араб әліпби ілеспе жазуға ыңғайлы. Адам қаншалықты тез сөйлесе де,қалам иесі үшін сөзді қағазға түсіру қиындық тудырмайды. 3. Араб әліпби көп көлем алмайды. Латын қарпімен жазылған үш-төрт беттік мәтін,араб қарпімен жазылса жарты бетке сыйып кетпек. Бұл жөнінде орыстың ғалым Е.Д. Поливанов өзінің жазған мақаласында: «Эту последнюю форму,которую приняла казак-киргизская графика,я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последней в историческом формировании национальной графики,которым вполне могут гордиться казакские деятели просвещения-как круп-

ным культурным завоеванием» деп жазады [8]. Ахмет Байтұрсынұлының пікірі барлық түркітілдес ғалымдардың көкейіне қонғанымен, оның ұсынысы қабылданған жоқ. Мұның сыры Орталық Комитеттің Әзірбайжан Компартиясына берген астыртын нұсқауында болса керек.

Кеңестік билік Ахаңның әліпбиінен түркі халықтарын біріктіріп жібереді деп қауіптенеді. Ал Баку съезі араб әліпбиін біржолата ығыстыруды көздеген болатын. Ғалымдар ұлт мұратын, түркі тұтастығын көксеген қайраткердің ішкі күйзелесін ұғынғанымен, ғылыми орта саясаттың шылауынан шыға алмады. Ақыры араб қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің тамырына Баку конференциясында балта шапты. Араб әліпбиінің қабылданбай қалуы қазақ тарихы үшін өте өкінішті оқиға болды. Ұлт ұстазының әлі күнге дейін қазаққа қызмет етіп келе жатқан ұлы ісі-тіл саласындағы ғылыми еңбектері. Мұқтар Әуезов А. Байтұрсынұлының қазаққа сіңірген еңбегін «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиет» деп қысқаша сипаттаған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki96>
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
3. <https://articlekz.com/kk/article/22571>
4. <http://rusnauka.com/index.php/rusnauka/article/view/>
5. <https://kk.wikipedia>.
6. <http://anatili.kazgazeta.kz/news/10394>
7. А.Б. Абдуалы. Латын әліпбиі – рухани жаңғыру мен ұлт тұтастығы негізі» ғылыми материалдар жинағы. – Тараз: Тараз универ-ситеті, 2018. - 245 б.
8. https://el.kz/news/archive/n-zir_t-re-lovta_shy-ys_d-st-rindegi_a-yndy-_ner_de_bol-an/
9. Formation of the language identity of a blogger S.V. OlenevThe Department of Stylistics and Rhetorics, Kildibekova, Z.K. Kurmanova, T.M. Kravtsova, Maracaias-Venezuela Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 904-921ISSN1012-1587/ISSNe:2477-9385[https:// produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30090](https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30090)
10. Metaphors in anatomical terminologyZifaTemirgazina, MarzhanAkosheva,Shakam anYrysgul,AigerimShaharmanZaureshKurmanova, Meruyert Kairova, Space and Culture, India(ISSN20528396-India-Scopus), 748797. Volume 7, Issue 1, 2019, Pages 143-153.ISSN 20528396, India. <https://spaceandculture.in/index.php/spaceandculture/article/view/528>

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к. Курмановна Зауреш Кенесовна.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР МЕН ОМОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Серикбаева Умит, студентка 1 курса
НАО «КазАТУ им.С.Сейфуллина», г.Нур-Султан*

Тіл - көркем шығарманың ең бірінші элементі. "Қалың көпшілік дұрыс бағалап жүргендей, кез келген көркем шығарма өзінше бір өмір деп қабылданатын болса, өмірде тіл арқылы қарым-қатынастың болмағы - табиғи құбылыс". Бұл рас. Кез келген халықтың байлығы — оның тілінде. Сөз затты немесе құбылысты атайды, ұғымды білдіреді. Қандай да бір көркем шығарманың көркі, шұрайы сол шығарманың тілі арқылы көрінеді, тілі арқылы бағаланады.

Ақын қаламынан туған образды, соны тіркестерде сөз де тіптен тың, мағыналық жаңа реңкке ие болуы мүмкін. Яғни, сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап көркемдік жасап үйлесімге келтіретін тіл байлығының көріктеу құралдары, тәсілдері бар. Омоним, көп мағыналы сөз, антоним, фразеологизм сияқты экспрессивтік-эмоционалдық сөздер - Мұқағали шеберлігінің негізгі арқауы, өлеңдерінің тілін танытудың ең бір өзекті тұсы болып саналады.

Көп мағыналы сөздер – тіліміздің байлығының көрсеткіші. Көркем шығармада көп мағыналы сөз өте көп қолданыста жүреді. Суреткер көркемдік үшін ойын айқын жеткізуде стильдік бояуы бар көп мағыналы сөздерді қолданып, контекст ішінде бір сөздің бірнеше мағынасын ашып береді. Ақын өлеңдерінен сөздің негізгі мағынасынан басқа туынды мағынасында жұмсалған когнитивтік қызметін /қосымша мағыналық реңктердің/ айқын көруімізге болады. Сонымен әр түрлі мағынасы бар сөз көп мағыналы сөз екені бізге мәлім. Полисемия — барлық тілдерде қолданылатын құбылыс. Бір сөзге бірнеше мағына беру арқылы берілген сөздер ақын лирикасында кең орын алады. Көп мағыналы сөз тек тілдік құбылыс қана емес, көркем дүниедегі бейне сырын ашудың көрсеткіші.

Омонимдер мен полисемияны бір-бірінен ажырата білу керек. Омонимдердің полисемиямен бір ұқсастығы бар: омонимдер де, полисемия да бірдей дыбысталып, айтылады, жазылады. Омонимдердің полисемиядан басты бір айырмашылығы: омонимдер бірдей дыбысталып, айтылып, бірдей жазылса да, мағыналары әр түрлі болады да, мағыналар арасында байланыс болмайды. Ал полисемия, яғни көп мағыналы сөз, бірдей дыбысталып, бірдей жазыла отырып, мағыналары жағынан жақын, байланысты болып келеді. Мәселен, адамның басы, таудың басы, жұмыстың басы деген сөз тіркестерінде келген бас сөзі көп мағыналы сөз, өйткені бұлардың арасында мағыналық байланыс бар. Ал, аяғыңды бас, жұмыстың басы деген сөз тіркестерінде келген бас сөзі омонимдер. Бұлардың мағыналары арасында байланыс жоқ. Көп мағыналы сөзде мағыналық бірлік болса, ал омоним сыртқы тұлғасымен ғана ұқсас болып келеді. Ш.Бектұров пен М.Серғалиев "Қазақ тілі" еңбегінде омонимдер мен көп мағыналы сөздерді былай ажыратады: "Сөздің көп мағыналығы мағыналары жағынан бір-біріне жақын болса, сөздің көп мағыналығы, ал сөздер мағыналық жағынан бір-бірінен қашық болса, онда оның омоним болғаны"[1].

Ә.Хасенов "Тіл білімі" атты еңбегінде: "Омонимдер мен полисемияның ұқсастығы — екеуінің бірдей дыбысталатындығы, айырмашылығы — омонимдер мағынасы жағынан басқа-басқа болады, полисемияға жататын сөздер мағыналары жағынан жақын болып келеді," - деп анықтама береді [2].

Т.Қордабаев, І. Кеңесбаев сияқты ғалымдардың еңбектері бойынша омонимдерді мағыналары мен тұлғаларына қарай:

- а) лексикалық (толық) омонимдер;
- ә) лексика-грамматикалық, (жартылай) омонимдер;
- б) аралас (көп компонентті) омонимдер деп үш топқа бөлінеді [3].

Лексикалық омонимдер бір ғана сөз табына қатысты болады да, барлық жағдайда бірыңғай тұлғаға ие болып тұрады. Ал лексика-грамматикалық омонимдер әр сөз табына қатысты болады, осыған орай, олар бір тұлғасында бір-бірімен сәйкес келіп, басқа тұлғаларында ажырасып кетеді. Аралас омонимдік қатар лексикалық омонимдерді де, лексика-грамматикалық омонимдерді де қамтиды.

Сондай-ақ құрамына қарай түбір және туынды омонимдер болып келеді.

Біздің жұмысымыздың осы тарауға қойылған мақсаты – М.Мақатаевтің өлеңдеріндегі жай омонимдерді тауып талдау жасау ғана емес, омонимдер мен көп мағыналы сөздердің лексикалық анафора мен эпифора қайталамаларының мәнін ашу, қолданылу міндеттерін анықтау, сонымен қатар, ақын тіліндегі көп мағыналы сөз бен омонимдердің қайталануы өлеңнің көркемдігіне, мазмұнына, мәнеріне қандай әсер еткендігін айқындау.

Ақынның өлеңдеріндегі өте жиі қолданылған, көп мағыналы сөздердің бірі - ақ сөзі.

Бұл сөзді автор әр түрлі мағынада жұмсайды, бір өлеңнің немесе шумақтың ішінде бірнеше рет қайталап, жаңа бояу, жаңа реңктер береді.

"Ақ" атауының: "таза, пәк, кіршіксіз, адал, әділ, әдемі, сұлу, айқын, асыл, ардақты" т.б. осы сияқты өзара сәйкес, мәндес ұғымдарды білдіруінен де анық көруге болады.

Ақын жырларында "ақ" сөзі мынадай тура және ауыспалы мағынада сөз тіркестерінде кездеседі: ақ жауын, ақ әлем, ақ сәукеле, ақ сәуле, ақ қар, ақ ұлпа, аққа оранған көшелер, ақ жеңгем, ақ арман, ақ бұлт, ақ үміт, ақ қайын, ақ көңіл, т.б.

Ақынның "Алғашқы қар" деген өлеңінде "ақ" сөзі тура мағынада, сындық қызметте жұмсалған.

Дүние-ай, ақ әлем, кереметсің,
Сұлумын дегендер шын саған жетсін!..
Сары ала көйлегінді аппақ түске,
Бір түнде ауыстырып үлгеріпсің.

Мұнда автор "ақ" сөзін бір шумақта бірнеше рет қайталайды, кейіпкер өз бетін ақ бастауда жуғанда өзінің өтіп кеткен жастық шағын еске алады. Бұл жерде "ақ" сөзі таза, күнәсіз, тамаша, керемет балалық шақтың күндерін, зымырап ұшып кететін қарқынды сәттерін, бақытты кездерін сипаттауда қолданылған. Нәресте кез өтсе де, бірақ кез келген адамның есінде ол туралы естелік қалады. "Ақ бастау" сөз тіркесі лексикалық анафора жасайды. Сондай-ақ "бастау" деген сөз омоним болады. "Бастау" сөзінің бірнеше мағынасы бар. Мысалы, "бір істің бастауы", "кірісу", "сөз бастауы", "жалыға бастау" т.б. Ал мына өлеңде "бастау" сөзі "бұлақ, қайнар" мағынасында берілген. Ал,

Боянып аппақ нұрға бар төңірек,
Киіпті ақ сәукеле тал мен терек, -

өлеңдегі ақ сәукеле киген тал мен терек тірі жанмен салыстырып, олардан арманын сұрайды.

Ақынның сұрағына "ақ сәукеле" үндемеді, "ақ бұлттар" "ақ нөсермен" жылады. Мұнда "ақ" сөзінің тура мағынасы берілгенмен, ауыспалы мағынасын айқындауға болады.

Ақша қар күн нұрымен шағылысып,
Ақ сәуле жамырайды, алып ұшып.
Төркіндеп есік ашқан қар қызымен,
Жер Ана көрісуде сағынысып.

"Ақ сәуле" сөз тіркесі бір қалыпты, бірыңғай, ұзаққа созылған, ұдайы қайталанып тұратын құбылыс сипаты ретінде пайдаланылған. Ал "ақ бұлт" "аппақ, қардай ақ, таза" мәнін береді. Өлеңде автор «ақ» сөзін қайталап, ардақты, таза, асыл арманды суреттеу үшін шебер қолданды.

М.Мақатаевтің өлеңдеріндегі түсті білдіретін көп мағыналы сөздердің қайталануы өте маңызды бейнелі компонент. Лексикалық бірліктердің қайталануы мәтіндегі эмоционалдық айшықты сөздердің тойымдылығын, бейнелі айбындылығын көтереді. Мысалы, өлеңіндегі соңғы шумақта "ақ" сөзінің анафоралық қайталануы басты рөл атқарады, автор осы түсті аяулы және нәзік таңның түсімен байланыстырып отырады.

Қар жауды,
Біздің жаққа алғашқы қар,
Ақ ұлпа - аспан жазған сәлем хаттар.
Қалықтап қанат жайып қонып жатыр,
Алапат жерге деген сағыныштар! [4].

Бұл өлеңде автор "ақ" көп мағыналы сөзін 4 рет, аппақ 3 қайталайды. Осы бір-ақ омоним сөзі арқылы ақын алғашқы қар жауған қыстың таңының сұлулығын, қайталанбас көрінісін сипаттайды.

Келесі үш жолда: "Ақ таудың бөлеп мен бесігіне, ақ таңның сүтіменен асыраған, Күн — менің асыл анам, асыл анам", - деп, автор "ақ таң" сөз тіркесін, "күн" сөзін асыл ана бейнесімен салыстырып отырады, "ақ тау" оны бесігіне бөлеп, "ақ таңның сүтіменен"

асырайды.

Анафора қолданылуымен бірге өленде тұйықты қайталама кездесіп отырады. Бұл жердегі "ақ таң" сөзі қайталанып отыратын сөздердің қатарында бастамасы және аяқталуы ретінде беріледі. "Ақ таң" сөзінің мағынасы өлеңнің негізгі тақырыбы, автор ақ таңның келгендігін сипаттайды.

Абайдың алтыншы, сегізінші, он бірінші сөздері жоғарғы ілім – білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық, мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, алтыншы сөзінде Абай: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс – алды тірлік» дейді. Жанын қорғалап, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады.....

«Кеселді жалқау, қылжақ бас,

Өзір тамақ, өзір ас,

Сыртың пысық, ішің нас,

Артын ойлап ұялмас,

- болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», -дейді [1, 317].

Ұлы ақын осы пікірін өзінің «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар- намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп, жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында.

Өзінің өлеңдеріндегі тәрізді қара сөздерінде де ұрлық, парақорлық, пәлекорлық, мансапқорлық, тағы басқалар елдің ел болуына зор бөгет екендігін айта келіп, «Қырық бірінші сөзінде» ұлы ақын екі нәрсені ұсынады: біріншісі – «Бек зор үкімет», екіншісі – қаржы. Үкіметтің күшімен қазақтың ұл, қыздарын еріксіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласынан мамандандырып, ой-санасын жаңаша тәрбиелеп, бұрынғылардан мүлде өзге психология, өзгеше наным-сенімдегі адамдар етіп тәрбиелесе, сонда ғана елдің түзелетінін айтқан.

Абайдың «Он жетінші сөзі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әр қайсысы өзін бірінші орынға қойып, таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке –жеке үшеуінде де кемшілік бар. «...Осы үшеуін басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуін ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғалым. Демек Абай жүректі, яғни адам-адамды сүю, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша

да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол», - дейді.

Тап осы тәрізді, тағы бір үлкен адамгершілік мәселесін қозғайтын шығармасы – «Отыз алтыншы сөзі». Өз кезегінде ұяттан, ардан безгендерді сынай келіп, ұят және оның түрлерін сөз етеді. Ұяттың бір түрі – адамның балалық дәуірінде болатын табиғи құбылыста, екіншісі – жасықтық, ынжықтықпен байланысты. «Ұялмас нәрседен ұялу – ақымақтық, жамандық», - дей келіп, шын мәніндегі ұят қандай болу керек деген сұраққа жауап береді.

«Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп, қылған қылмысының аты. Ол уақытта тілге сөзге де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көздің жасын, мұрынның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзін кісі бетіне қарамақ түгіл, еш нәрсені көрмейді. Мұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар адам кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп, сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар», - дейді.

«Ұят кімде болса, иман сонда» деген қазақтың мақалынан да ұятқа үлкен мән бергенін көреміз. Сондықтан ұлы ақынымыз Абай да бұл мәселеге аса көңіл бөліп, өскелең ұрпақтың ар-ұяттарын таза сақтауын арман еткен. Бұл қара сөздің бүгінгі таңда да тәрбиелік мәні зор.

Абайдың «Жетінші сөзінде» ұшырасатын «жанның тамағы» деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды.

Осы себептен де Абай: «...құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», - деп қайыра түсінік беріп отыр... Абай Құнанбаев қара сөз кітабының авторы.

Абайдай ұстаз ақынның бұл «Жетінші сөзде» көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіңіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр.

Абайдың «Он тоғызыншы сөзінде» сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірбиесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», - деп жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады.

Абай заманынан жеткен қара сөздердің маңыздылығын ешқашан ұмытпауымыз керек. Ақын қандай адам болмасын, бірінші кезекте өз жеке басы тәрбиелі болуы, қазақи ұлттық тәрбие алуы, әсіресе бала тәрбиесіне көңіл бөлуі өте маңызды екенін баса айтты.

Абай өзінің 25-ші қара сөзінде «орыс тілі – дүниенің кілті» дейді. Ол қазақ жастарының орыс тілі арқылы ілім-білімді, мәдениетті, өнерді игеріп, орыстың, батыстың озық ойлы, демократиялық көзқарастағы адамдарының еңбегімен танысқанын қалады, осыған шақырды. Орыс тілін білу арқылы Ресей билігінің жүргізіп отырған саясатын түсінуге, «ұлықсыған орыстың заңды белінен басып көрсетіп отырған озбырлығына» көнбеуге, ол үшін орыстың тілін білу арқылы заңын үйреніп, өзін-өзі қорғай алуға үндеді. Қазақ жастарының орыстың заңын білуі, басқару жүйесіне араласуы қарапайым халықтың мұң-мұқтажын ескеруге, ауыр тұрмыс-тіршілігіне көмектесуге жол ашатынына сенімді болды.

Абайдың қара сөздері негізінде келесі афоризмдер кеңінен қолданылады. Олар: Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей; Ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым

сүйсеңіз; Білімдіден шыққан сөз, ақылдыға болар кез; Білімсіз, өнерсіз болады ақыл тұл; Болмасаңда ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз; Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ; Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың; Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма; Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып адам болады; Түзу жолға мәдени прогрестік даму жолына шығу қажет; Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас; Әрбір ғалым, хакім емес, әрбір хакім-ғалым; Бас басыңа би болсаң, манар тауға симассың, басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймессің; Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық; Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол; Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол [2].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: «Жалын», 1995 ж. – 384 б.
2. Өмірәлиев Қ. «Абай афоризмі». – Алматы: «Қазақстан», 1993 ж. – 274 б.

ғылыми жетекші Айдарбекова Ж.К.

ЖАРНАМА ТІЛІНІҢ ЖАҢСАҚ ТҰСТАРЫ

С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Сәулет өнері-20-22 тобының студенті Кәпжасар Адема

Жарнама, реклама (франц.reclame, лат.reclamo—жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнама көпшілік ақпарат құралдары (теледидар, радио, газет, Интернет, проспектілер, плакаттар, т.б.) арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның ақылы түрі болып табылады [1]. Жарнама мәтіні бірнеше қызметтерді қатар жүзеге асырады, ал олардың ішінде ең маңыздылары ақпарат беру мен әсер ету болып саналады. Жарнама тілі барлығына түсінікті, кең таралған тіл болуы тиіс екенін ескерсек, жарнаманың тілі жалпыға түсінікті, әрі қысқа, әрі нұсқа, тартымды, әсерлі жазылуы керек.

Енді қазақ тіліндегі жарнамалар жағдайына келейік.

Шынын айтсақ, жарнама саласында қазақ тілі – аударма тіл ретінде ғана көрініс табуда. Кез келген жарнама орыс тілінен тікелей калькаланады. Аудармашылар оның қазақ тіліндегі мағынасын ашып, көпшілікке бірден түсінікті болуы үшін тырыспайды. Сол себепті, ақпараттық құралдар мен көше билбордтындағы жарнамалардың жаңсақ жақтары жетерлік. Мәселен, байланыс желісі ұсынып отырған мына бір жарнамаға назар аударалық:

Живи в общении ! / Хабарласа өмір сүр! Дұрысы: Үнемі байланыста бол!

Сондай -ақ, барлық отбасыға арналған тауарлар товары для всей семьи деген сөйлемнің тікелей аудармасы. Бұл жерде біріншіден, отбасыға деп барыс септігінің жалғануының өзі қате, отбасы сөзі тәуелденіп тұр. Менің отбасым, сенің отбасың, оның отбасы десек, барыс септігі I жақта менің отбасыма, II жақта сенің отбасыңа, III жақта оның отбасына, (барлық отбасына) болып септеледі. Екіншіден, товары для всей семьи тауар отбасының барлық мүшелеріне арналған деген мағына береді. Ал тікелей аударма көп отбасына арналған деген мағынада тұр. Бұл қате.

Ал көшедегі маңдайшалар мен тақтайшалардағы әріп қателерінен көз сүрінеді.

Жарнама жаңа идеология, белгілі бір дәрежеде мәдениеттің көрінісі. Жарнама жасауда шығармашылық ізденістер, көпшілікті селт еткізіп, көңілін аударатын ұтымды сөздер мен сөйлемдер қолданылуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ашық энциклопедия сайты
2. Ана тілі газеті 11 ақпан 2021 жыл
3. Nurzhanova A.S. Bukayeva A № 6.-P. 11-16. ISSN 0033-295X. SCOPUS . Импакт фактор – 7.972

*Жетекшісі: Қазақ және орыс тілдерінің доценті,
ф.ғ.к., доцент А.С. Нұржанова*

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТІЛІНДЕГІ КІРМЕ ТЕРМИНДЕР ТАБИҒАТЫ

*С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ АЖ-20-06 тобының
студенті Есенгельдина Шұғыла;*

Терминдер – белгілі бір ғылымның, техниканың, спорттың салаларына жататын сөздер. Терминдер бір ғана тура мағыналы сөз болып келеді. Терминдегі сөздердің басты қасиеті мынадай: а) ғылым мен техниканың әр саласына тән болуы керек. ә) термин сөздер дара бір мағыналы болуы керек. б) термин сөздердің көпшілігі дүние жүзі тілдерінің бәріне ортақ болуы керек. Жалпы, ғылым мен техниканың дамуы нәтижесінде қазақ тілінің лексикасы толығымен түсуде.

Ғалымдар ұсынған жіктелім бойынша терминдердің жасалу жолдары:

- Семантикалық тәсіл.
- Морфологиялық тәсіл.
- Синтаксистік тәсіл.
- Морфологиялық-синтаксистік тәсіл. [1, 123]

Семантикалық тәсіл сөздің жалпы қолданыстағы мағынасының терминденуін, кенеюін, метафоралануын, метонимиялық тұрғыдан ауысуын, лексемалардың жүйелер арасында бір-біріне енуін, шет тілдік лексемелер мен терминдік элементтердің тілге енуін қамтиды. [2]. Метафоралық аударманың сәттісі ретінде қолданылатын айқұлақ терминін алуға болады. @ лигатурасы әр тілде әртүрлі аталады: ұлу (француз, беларус, украин, итальян), ит (орыс), маймылдың құйрығы (голланд), маймыл (поляк, хорват, румын), су ұйығы (жапон), тышқан (қытай) және т.б. Осылардың ішінде қазақ тіліне ұлудың бір түрі айқұлақ алынғаны тілге де жағымды, ұқсату жағынан да сәтті шыққан. жад (память) терминін алыңыз. Бұл қазақ сөзі делінгенімен ол қазақша емес. Қазақ тілінде сөздер б, д, г, ғ дыбыстарына аяқталмайды. Ал аяқтала қалса, олар п, т, к, қ қатандарына ауысып кетеді. Мысалы: баб>баптар, завод>зауыт, т.б. Сондықтан арабтың жад сөзіне ы қысаңын қосып (жад+ы) айтсақ қана немесе сөз соңындағы д дыбысын түсіріп, оның орнына т дыбысын қойып айтсақ қана ол қазақша болады. Жады сөзін жады+лар (жад+тар емес), жады+ның (жад+тың емес, жады+сы (жад+ы емес), т.б.

Семантикалық тәсілмен салыстырғанда өнімді қолданылып жүрген тәсіл – морфологиялық тәсіл. Түбірге қосымшалар жалғану арқылы жасалатын бұл тәсіл арқылы жасалған жаңа терминдер сан жағынан өте көп. Олардың ішінде ұяшық сөзі ячейка түбірге қосымша жалғану арқылы жасалып, терминдік мәнге ие болып тұр. Сонымен қатар: жүгіртпе, батырма, сілтеме терминдері де морфологиялық жолмен жасалған терминдер болып табылады.

Синтаксистік тәсілмен: Пернетақта, қатты диск, ғаламтор терминдері сәтті жасалған. Қорыта айтқанда, термижасам қағидаларын үнемі сауатты қолданған жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2008.
2. Kenzhemuratova S.K. Abilhamitkyzy R.Nurzhanova A.S. ISSN:2249-8958 (Online), Volume-4 Issue-5, Page No.: 72-73, June 2015. The Impact Factor of IJEAT is 1.121 for year 2015 SCOPUS
3. Кенжемұратова С.К. Халықаралық терминдердің қазақ тіліне ену кезеңі // Ғылыми мақалалар жинағы. — Астана, 2005. — 12–15-б.

*Жетекшісі: Қазақ және орыс тілдерінің доценті,
ф.ғ.к., доцент А.С. Нұржанова*

, Маркетинг және сервис -2013 топ студенті

2017 жылы 12 сәуірінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялаған. Сол мақаланың ішінде айтып өтілген мәселердің бірі – еліміздің сакралды географиясы. Бұл мәселе еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бері біршама зерттеліп келеді. Дегенмен, Қазақстанның сакралды географиясы тақырыбы әр кезде де өзекті тақырыптардың бірі болып қала бермек.

Сакралды сөзінің түп-төркіні латын тілінде жатыр. Еуропалықтар осынау ұғым-түсінікпен өздері ерекше қас-терлеген діни, тіпті мистикалық құбылыстарды, күнде көріп жүрген таныс ортадағы өзгеше болмысты, иррационалды дүниені, нысандарды бейнелеген. Бұл сөз күні бүгінге дейін бастапқы мағынасын сақтап келеді.

Қазақ халқы сакралды сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, жарық дүниенің тылсым таңғажайыптарын, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өзі мән-мағынасы жағынан қоғамдық санадағы, дүниетанымдағы сакралдылық жайлы тұжырымдарымыздың биік деңгейін бейнелейді. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге салынатын тыйымдар шаңырақты, мал-жанды, аруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі. Сакралды географияның пайда болуы себебі мен философиясының түпкөздегені де – осы. Ол төл тарихымыздың қай дәуіріне болсын тән ізгілік, биік рух, болашаққа сенім тәрізді қасиеттермен үндесіп жатыр.

Қазақтың сакралды әлемге сәйкес тілдік қоры да қалыптасқан. Солардың ішінде үш сөздің этимологиясы мен танымдық әлеуеті айрықша көзге түседі. Ол сөздер – әулиелі, киелі, қасиетті. «Әулие» – қазақ тіліне араб тілінен енген сөз. «Түпжаратушының сүйген құлы, адамды дұрыс жолдан адастырмаушы» дегенге саяды. Ұлы даламызда құдай жолынан қылаудай ауытқымаған, ақылымен де, қолымен де қалтқысыз қызмет еткені үшін әулие санатына көтерілгендер бар. Ендеше, сакралды география нысандарының ең маңызды, ең мәртебелі бөлігін «әулиелі» терминімен айшықтаған жөн. Мәселен, ислам дінінің ғұламалары мен қайраткерлері Қ.А.Ясаудің, С.Ғылманидің, А.Машанидің, Х.Алтайдың кесенелері, егер сакралды география нысандары тізіміне ене қалса, «әулиелі» атауымен ұлықтауға лайық.

Ислам діні Ұлы далаға VIII ғасырдың ортасынан тарай бастады. Демек, діни сакралды география хронологиялық тұрғыдан соңғы XIII ғасырды қамтып жатыр.

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімді сақтауға құштарлығын білдірген. Киелі сакралды географияның тұңғышы Қазығұрт тауы десек, еш қате-леспейміз. Өйткені таудың басында Нұқ пайғамбардың кемесі қалғаны туралы аңызды білмейтін қазақ жоқ, оған тәу

етушілер күні бүгінге дейін үзіл-тән емес.

Сакралды география атауларын қоғамдық санада төл тарихымызбен ажырағысыз байланыста орнықтыру арқылы қазақстандық патриотизмнің іргетасы – жерге, тілге, мемлекетке құрметімізді нығайтамыз. Бұл қазақ жеріне көзін тігіп жүрген басқаларға да сабақ болғанына қоса, ұлттық тіліміздің мәртебесін, мемлекетшіл санамыздың деңгейін арттырады сөзсіз.

Қазақстанда сакралды жерлерге өте бай. Солардың бірі - Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында орналасқан. Оны әлемнің сезігінші кереметі деп тегіннен тегін атамаған. Бұл сарайлар мен ғибадатханалардың кешені орта ғасыр сәулетінің жауһары. Кесененің күмбезі Орталық Азиядағы ең үлкен күмбездердің бірі, оның диаметрі шамамен 18 метрді құрайды. Кесенеде шартты түрде сегіз блокқа бөлінген 30-дан астам бөлмелер бар. Олар өзара шиеленіскен жолдармен, дәліздермен, сырмалы екі қабатты сатымен байланысқан. Жарық ішке ағаш шарбақтармен бітелген терезелер арқылы кіреді, жаңғырық адамдардың аяқ дыбысын алысқа алып кетеді... Жартылай қараңғылық, салқындық, тыныштық құлшылық етушілердің жүрегінде терең сенім мен үйлесімділік тудырады. Сол заманның ең озық технологиялары арқылы жасалған кесененің сәулеті қайталанбас құбылыс. Бұл ғимаратты тұрғызу кезінде парсы сәулетшілері Самарқанд және империя астанасы Тимуридтерді тұрғызу кезінде қолданылған көптеген жаңашыл сәулет және құрылыс шешімдерін пайдаланған. Құрылыста ерекше қоспа мен күйдірілген қызыл кірпіш қолданылған. Қабырғалар мен күмбездердегі декоративті әрлеудің байлығы әрі сан алуандығы, ғимарат пен күмбез көмкерілген сұлулығы мен шеберлігі жағынан ерекше тасты және майоликалы тақталар, мозаикалар, өрме жазумен, герметикалық және өсімдік өрнектерімен берілген қабырғадағы суреттер, тассүңгілер, қуатты тізбекті және көркем мұнаралар – осының бәрі Әмір Темір заманындағы, Орталық Азияға тән архитектура стилінің қалыптаса бастаған кезіндегі сәулет өнерінің қандай деңгейде болғанын көрсетеді. Сол дәуірде тұрғызылған барлық монументалды ғимараттардың ішінде тек Қожа Ахмет Ясауи Кесенесі ғана толықтай сақталған.

Республикалық мәртебеге ие, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстік-шығыс бетінде 60 метр қашықтықта орналасқан – Рабия Сұлтан Бегім ескерткіші. Рабия Сұлтан Бегім Темірдің ұрпағы, атақты астроном ғалым Ұлықбектің қызы, Шайбанилік Әбілхайыр ханға ұзатылған, Көшкінші және Сүйінші хандардың анасы, Әбілхайыр хан қайтыс болған соң 16 жыл Түркістанда өмір сүреді және осында қайтыс болады. Арнайы салынған кесенеде өзі, ұлы және үш немересі жерленген. Алғашында сегіз бұрышты бір камералы, цилиндр тәріздес барабанға бекітілген биік күмбезі бар құрылыс ретінде салынып, кейіннен көп камералы шаршы жоспарлы құрылыстармен толықтырылған. Кесене өте үлкен сәулеттік кешендердің бірі. Оның құрамына бес үлкен бөлме кіреді. Кесененің қас беті сүйір ұшты биік екі тірек аралығының доға тәрізді жабын түрінде жасалған, сегіз бұрышты залы және осы залға жапсарлас салынған ұзынша келген тік бұрышты екі үй-жай бар. Кесененің айналасынан табылған майоликалық және жылтыратылған тақтайшаларға қарап, оның полихромды қаптамамен қапталғанын көруге болады. Кесененің оңтүстік-шығыс бөлігінде жерасты қабірханаға кіретін есік бар. Қабірхана сыланып, боялған. Кесене түркістандық жергілікті сәулеттік дәстүр негізінде салынған алғашқы кесене ретінде өте маңызды.

Домалақ ана кесенесі - сәулетті ескерткіш. Қаратаудың күнегей бетінде, Балабөген өзенінің аңғарында орналасқан. Қазақ халқының абыз аналарының бірі, халық арасында Домалақ ана атанған Нұрилә Әли Сланқызының зиратының басына тұрғызылған. Домалақ ана Жетісу, Әулиеата, Шымкент, Ташкентті мекен еткен барлық халықтың анасы саналады. Оның баласы Жарықшақ Ташкент әмірінің көмекшісі, кейін Жетісу аймағының билеушісі болған. Есенбұға ханның бас уәзірі қызметін атқарған. Бірде Домалақ ананың түсіне ері Бәйдібек ата кіріп, туған мекені Қаратауға көш деп аян береді. Осы жол сілтеумен өмірінің соңғы уақыттарын Қаратауда өткізген аяулы ана на-

маз уақытында қайтыс болады. 1456 жылы Домалақ ананың немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шері есімді шеберді алдыртып, ана басына төрт қанатты күмбезделген кесенетам тұрғызады. Домалақ ана кесенесі бірнеше рет бұзылып қайта өңделген. Ғимаратта түрлі көне қолжазбалар сақталған. Бұл көпшілік тәу етер қасиетті орын. Кесенені салуда бұрыннан белгілі формалар мен мотивтерді қиыстыру арқылы жаңа ғимарат салу идеясы емес, ассоциативтік қатарлар түзу жолымен байырғы қазақтың халықтық мұрасын басқа, күрделірек деңгейде тереңінен меңгеру әдісі қолданылған. Табыну ғимараттарының белгілі бөліктері - портал, күмбез, мұнаралар - өзге илімділік тілінің көмегімен, сезімдік-көркемдік дәрежеде ортаазиялық классикалық емес, қазақтың далалық көне өнерімен үндес жасалған. Домалақ ана кесенесінің биіктігі 12 метр. Аңыз бойынша Домалақ ана кесенесінде екі қасиетті тас бар, осы екі тастың арасынан тек жаны таза адам өте алады. Мұражайда қолдан жасалынған көптеген заттар сақталған.

Ақмешіт әулие үңгірі – Орталық Азиядағы ең үлкен үңгірлердің бірі. Түркістан облысы Бәйдібек ауданында орналасқан. Қаратаудың етегіндегі, әктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ үңгір. Ұзындығы 254, ені 65, биіктігі 25 м. Жарқабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Ішінен қарағанда ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Ел арасында бір кездері онда бір әулие әулетімен киіз үй тігіп, сатымен шығып-түсіп жүрген деген аңыз айтылады. Негізі Ақмешіт үңгірі туралы аңыз-әңгімелер өте көп. Есіркеп Қойгелді батырға қатысты айтылған аңыз. Батыр қалмаққа қарсы жорыққа шығарда кенеттен нәсер жауып кетеді. Он мыңнан астам сарбаз пана іздеп, осы үңгірге түседі де, таңғы намазға жығылады. Атауы жоқ үңгірді жауынгерлердің бірі батырдың есімімен атауға ұсыныс тастайды. Алайда Есіркеп Қойгелді батыр бұл ұсынысқа үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. «Бұл Қаратаудың қасиеті дарыған таудың етегі. Бізді және астымыздағы аттарымызды жаңбырдан қорғап қалды. Сәждеге жығылып, намаз оқуымызға мүмкіндік берді. Үңгір ішіндегі тастары да ақ ұлпадай әппақ, керемет әсер қалдырады. Мұның қасиеттілігі сол шығар, сондықтан оны «Ақмешіт» деп атайық», - депті. Міне, содан бері қасиетті орын ұрпақтан-ұрпаққа Ақмешіт деп аталып кетіпті. Ақмешітке келушілер саны жыл сайын артып отыр. Бірақ, олардың саны туралы нақты дерек жоқ. Тек болжам ғана. «Тарихи-табиғи мұраны қорғау және пайдалану орталығы» мекемесінің жүргізген жұмыстары бойынша, үңгірге жылына жүз мыңнан аса адам ниет етіп кетеді екен. Олардың көбі өз отандастарымыз болса, қалғаны Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен арнайы іздеп келіп, тілек тілейтіндер.

Айша бибі кесенесі – XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Тараз қаласынан 18 км қашықтықта орналасқан. Қазіргі кезде ол кесене ЮНЕСКО қатарына алынған. Сырты керамикалық плиталармен қаланып, ойып жасалған өрнектің сән-салтанаты мен сан түрлілігі жағынан Қазақстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған. Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938-39 жылы А.Н. Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ҒА-ның экспедициясы зерттеген. Ескерткіш туристерді тек қана ерекше сәулетімен ғана емес, сонымен қатар сұлу Айша бибі мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббаты туралы аңыз да қызықтырады. Күмбезді Қарахан (Әулие ата) салдырған. Бірақ кесенені салған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Бүгінде Айша бибі кесенесі бір шаранаға зар болып жүргендердің тәу етіп келетін қасиетті жеріне айналған. Әулиелі жердің топырағын басып, кесенеге ізгі ниетпен келгендердің тілегі қабыл болып жататындығы да таңғалдырады.

Бабажы қатын кесенесі Айша бибі мазары жанында орналасқан – X-XI ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Ескерткішті 1897 жылы В.Каллаур, 1938 жылы А.Бернштам, 1953 жылы Т.Бәсенов зерттеген. Текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған, биіктігі 5 метр. Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, мәнерлеп

қаланған кірпіштен күн тәрізді өрнектер жасалған. Жоғары жағы аркалы, ішке кірер есік шығыс жақ қабырғасында сегізқырлы барабанға ауысатын тромпбелдеу жасалған. Оның үстінен ішкі еңсенің 16 қырлы күмбез басталады. Ал сыртқы күмбезі биіктігі 86 см қырлы призманың үстіне орнатылған. Мұндай қобылы күмбездер Қазақстандағы Көккесене, Жұбан Ана сияқты көне ескерткіштерде кездеседі. Бір-біріне қаптай салған қос күмбез ескерткіштің ұзақ сақталуына себепші болған. Күмбез тұғыры аршамен құрсауланып, тақталардан суағарлар жасалуы сол кездегі құрылыс өнерінің өте жоғары дәрежеде болғанын көрсетеді. Ғимаратта шағын көлемдегі сәулеттік нақыштар ұтымды әрі үйлесімді пайдаланылған. Бабажы қатын кесенесі сыртқы пішімінің жинақылығымен, құрылысының беріктігімен ерекшеленеді. Бабажы қатын кесенесі өзінің қос қисығы бар он алты қабырғалы шатыр төбелі ерекшелігімен әйгілі. Шатырлы, қабырғалы жабуы орта ғасырлық сәулет өнері мен қазіргі заманғы кесенелердің ешбірінде жоқ. Ондағы эпиграфиялық айшық мұнда жерленген әйелдің аты-жөнін бізге жеткізіп отыр.

Отырар - Қазақстанның орта ғасырлардағы әйгілі қалаларының бірі. Қаланың қалдығы Отырар төбе деген атпен белгілі, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Шәуілдір елді мекенінің жанында орналасқан. Отырар қаласы туралы көптеген саяхатшылардың жазба деректерінде айтылады. Ежелгі Отырар шұраты Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданында орналасқан. Оның жері Сырдарияның орта ағысы тұсындағы жағаларында орналасқан. Орта Сырдарияның алқабы, Тұран ойпатының бір бөлігі, Қызылқұм-Ортасырдария жазығына кіреді. Шұраттың негізгі су көздері Арыс пен Сырдария. А.Н. Бернштам Отырар, Арыстың Сырдарияға құяр тұсында, Бөгенге жақын орналасқандықтан, қолайлы позицияда тұр және жер суару үшін суы жеткілікті деп дәл айтқан. Бөген мен Арыс бойымен Таласқа, үйсін, кейін қарлық иеліктерінің шекарасына дейін жеткен. Сырдария бойымен жолдар Шаш, Ферғана және Соғдыға, солтүстікке қарай Арал маңындағы алаңдар арқылы Еділ бойындағы далаға, Таулы Оралға және Қара теңіздің солтүстік жағалауына дейін барған. Шұраттың солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзындығы 53 километрдей, батыстан шығысқа қарай 54 километрдей. Шұрат территориясында 130 астам ескерткіштер бар. Отырар шұраты Қазақстан Республикасы археологиясының жауһары.

Қорыта келгенде, жоғарыдан көргеніміздей Қазақстан жері сакралды жерлерге бай. Жоғарыда аталғандардың бәрі тек еліміздің оңтүстік бөлігіне ғана қатысты киелі жерлер. Еліміздің әр аймағында көне орындар бар. Түркілердің Отаны Алтайдағы Берел, т.б.. Сакралды нысандардың көбі исламға дейінгі дүниетанымды айшықтайды, көбіне нақты киemen қосарлана аталады. Айталық, Абылай ханның киесі қызыл түлкі, Райымбек батырдың киесі ақ түйе, Жамбылдың киесі қызыл шұбар жолбарыс, Кемпірбайдың киесі көкала үйрек. Қысқасы, киелі сакралды география хронологиясы бойынша да, мазмұны жағынан да ауқымды әрі бай.

Сакралды географияның үшінші құрамдас бөлігін халықтың, мемлекеттің тағдыры мен тарихында бетбұрысты миссия атқарған оқиғалар орны және тұлғаларға байланысты жерлер құрауы керек. Тап осы мәселеде қоғамдық санадағы мәртебесімен есептескен жөн. Мәселен, XVIII ғасырдың батыры Райымбектің зиратына түнеп, аруақтан бала сұрау, тілек тілеу ертеден үзілмеген дәстүр. Осынысымен-ақ батыр зираты сакралды нысанға айналды. Ал батырлығы бір мысқал кем емес талай ерлердің есімі естен шықпаса да, зираттары қайда екенін білмейтініміз рас қой. Есесіне өмір жолы ауызша тарих мәліметтерімен ғана сипатталған жанның басындағы белгісі сакралды географияға айналғанына куәміз.

Ұлытау (Акмешит) – Ұлытау тауларының шыңы. "Ұлытау "қазақ тілінен" ұлы тау", "үлкен тау" деп аударылады. Бірақ бұл таулардың өзі өте биік болмағандықтан, бұл атау дәл қасиетті мағынаға ие, өйткені бұл таулар ежелгі дәуірден бері көшпенділердің ғибадатханалары жасырылған "басты құрметті таулар". Әулиетауда ежелгі жерлеу орындары бар. Аңыз бойынша, бұл тауларда Заратустра пайғамбар дүниеге келген, Орта

ғасырларда Жошы хан, Алаш хан, Тоқтамыс хан, Едіге би және басқа да көрнекті ата-бабаларымыз осы жерге жерленген.

XIX ғасырда Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында, Сарысу өзенінің оң жағалауында салынған Жұбан ана (Жуан әулие) кесенесі күрделі құрылыс тәсілдерін пайдалана отырып, абсолютті түрде нақты инженерлік міндеттерді шеше отырып, тұрғызылған. Күмбезді-центрлік құрылыс кесенеге сыртқы әсемдік беріп, құрылыс бекінісін қамтамасыз етеді. Барлық кірпіштер бірдей мөлшерде және формада болады, бұл құрылыс материалдарын өндіру мәдениетінің дамуын дәлелдейді. Құрылым арнайы ерітіндіден тұрғызылды, оны өндірудің құпиясы жоғалды, бірақ сөзсіз – материал өте күшті. Ауа-райының қиын жағдайларына қарамастан, ол біздің уақытқа дейін жақсы сақталған.

Сығанақ-қазіргі Қызылорда облысының шығысында орналасқан қала. Ол Сырдария өзенінің солтүстігінен жиырма шақырым және Сунақат ауылының солтүстік-батысында екі шақырым жерде орналасқан. Бір қызығы, ежелгі жер өзінің қызықты тарихымен әйгілі: XI ғасырдың ортасында оғыздардың астанасы бола отырып, қалалар барлық саудагерлер мен қолөнершілер жиналған үлкен экономикалық орталық болды. Тарихта 1219 жылы Сығанақты моңғолдар қиратты, бірақ XIII ғасырдың 2-жартысында ол қайтадан жанданды. Қалашық Қазақ хандығының орталығы болған. Кейін Сығанақты жоңғарлар талқандады. Бұл қасиетті орын болып саналады және қажылар арасында өте танымал. Мұнда сіз әлеуметтік мәртебесі, жасы мен денсаулық деңгейі әртүрлі адамдарды кездестіре аласыз. Олардың барлығы Қоңыр әулие үңгіріне келді, оның ішінде мөлдір таза және суық суы бар жерасты көлі бар. Бұл су аурулардан айығып, онда жүзгендердің барлығына жаңа өмір береді деп саналады. Үңгір су қоймасының мөлшері шамамен 17-18-ден 12-15 метрге дейін. Тереңдігі - бес метрге дейін. Судың температурасы Цельсий шкаласы бойынша 4 градус.

Қорыта келгенде, Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы негізінде ұсынған алты жоба қоғамдық сананы заманауи биікке көтеруге септесетіні сөзсіз. Біз де өз тарапымыздан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына, рухани жаңғыру бағдарламасына үлес қосуды жөн көрдік. Бұл жобаны жүзеге асырудың мақсаты – халықтың ұлттық бірегейлігін және құндылықтарын бекемдеу, жат идеологияға төтеп беретін қалқанды нығайту. Осы жерлерді қалпына келтіруге біздер, жастар, қол ұшымызды созуымыз керек. Сонда біздің еліміздің көркі одан есе ұлғия түседі деп ойлаймын. Себебі біздің ата-бабаларымыз бұның бәрін жәй қалдырған жоқ. Тарихымызды сақтап зерттеу біздің қолымызда.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 <https://egemen.kz/article/165526-sakraldy-geografiya-ol-ne>
- 2 <https://oyla.xyz/article/koza-ahmet-assau-kesenesi>
- 3 https://www.inform.kz/kz/rabiya-sultan-begim-kesenesi_a2241095
- 4 https://www.inform.kz/kz/domalak-ana-kesenesi_a2243422
- 5 <https://sputnik.kz/regions/20181031/7855722/turkistan-aqmeshit-yngiri.html>
- 6 <https://kazislam.kz/eislam-116/>
- 7 https://www.inform.kz/kz/babazhy-katyn-kesenesi_a2218229
- 8 https://www.inform.kz/kz/kazakstandagy-ezhelgi-kalalar-otyrar-kalasy_a2739860

*Ғылыми жетекшісі: Резуанова Ф.Қ., ф.ғ.к., доцент
С.Сейфуллин атын. ҚАТУ, Нұр-Сұлтан қаласы*

СМС-ХАБАРЛАМАНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдухан Динара, Есеп және аудит-2011 тобының студенті

В нашей работе мы рассматриваем современную коммуникацию – СМС-сообщению, СМС коммуникацию с лингвистической и культурной точки зрения. Задача исследования: выявить, влияет ли СМС-общение на мышление человека; засоряют ли СМС-сообщения казахский язык. Являются ли СМС-сообщения новым речевым жанрам. Актуальность исследования заключается в том, что в научной лингвистической литературе СМС-сообщения мало изучены.

In our work, we consider modern communication-SMS-message, SMS communication from a linguistic and cultural point of view. The purpose of the study: to identify whether SMS communication affects a person's thinking; whether SMS messages clog the Kazakh language. Whether SMS messages are new speech genres. The relevance of the study lies in the fact that SMS messages are poorly studied in the scientific linguistic literature.

Ғылым мен техниканың дамуы қоғам өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Гаджеттердің енуімен байланысты шалғай жерлермен байланыс жасау біршама жеңілдеді. Соның бірі – СМС-хабарлама. Шетелде осыдан 28 жыл бұрын 1993 жылы «Жаңа жылыңмен!» деген құттықтаумен алғаш СМС-хабарлама жіберілген екен. Сол кезден бастап қоғам өмірінде үлкен «төңкеріліс» болғандай.

ТМД елдеріне бұл жүйе 2001 жылы пайда болып, тұрғындардың әртүрлі топтарының арасында тез тарап кеткен болатын [1]. Қазіргі кезде СМС-хабарламаның не екенін білмейтін адам жоқ шығар. Жалпы алғанда, СМС – аббревиатура. Бұл ағылшын тілінің Short Message Service деген сөздерінің қысқартылып берілуі. Яғни, қысқа хабарлама қызметі дегенді білдіреді.

Ең алғашында коммуникация тек көзбе-көз, яки адамдар бір-бірімен тікелей кездесіп, көзбе-көз сөйлесетін болса, уақыт өте келе телефондар пайда болды. Бастапқы кезде телефон арқылы адамдар бір-бірінің дауысын естуге мүмкіндік алса, кейін смартфонның келуімен хабарласу үшін, естіп, көрісудің (кездесудің) қажеті шамалы болатын болды. Демек, медальдің екі жағы болатыны сияқты гаджеттің де пайдалы жағы да, зиянды жағы да бар екені баршамызға аян. Бұл тек қана денсаулыққа байланысты айтылған сөз емес. Гаджеттер адамдардың ыңғайлылығы, уақыт үнемдеуі үшін өте пайдалы. Алайда, гаджет адамдарды бір-бірінен алыстатып бара жатқанын бірі байқаса, бірі аңғара бермейді.

Гаджеттердің пайда болуымен байланысты СМС-хабарламалар пайда болды. СМС-хабарламалар арқылы кез келген білуі қажет, көруі қажет деген ақпаратты жазып, жіберу үшін не бәрі 10-15 секундтай уақытымыз кетеді. Яғни, СМС-хабарламалар ХХІ-ші ғасыр әлеуметтік ортасының ажырамас бөлігіне айналды. Адамдар арасында бір-бірімен байланысудың жаңа жолы пайда болды. Бұрындары кез келген жерден, кез келген уақытта, кез келген адамға тиісті немесе керекті ақпаратты жібере салу – адамның ойына кіріп шықпаған мәселе болса, бүгін де ол ақиқатқа айналды.

Жұмыс орындары, дүкендер, білім алу орындарында болсын коммуникация орнатуда (қандай жағдай болмасын) баршамыз СМС-хабарламаларды пайдаланамыз. СМС-хабарламалар арқылы дүкендер сатып алушыларды өздеріне тартып жатса, тұтынушылар бір зат алу үшін бұрынғыдай аяқтарынан таусылып, дүкен араламай, қажетті дүкенге, қажетті бөлімге (буттикке) барып, өзіне қажетті затты бірден сатып ала алу мүмкіндігіне ие болды. Адамдардың СМС-хабарламаларға үйренгені соншалықты, онсыз өмірді елестету тіпті мүмкін емес. Алайда гаджеттердің пайдалы және зиянды жағы сияқты СМС-хабарламалардың да пайдалы жағы да, зиянды жақтары да бар. Пайдалы жағы: 1) бұрынғы уақытта адамдар өте жедел, маңызды хабарды жеткізу үшін ұзақ уақыт кетіретін-ді. Ал қазір, кез келген хабарлама кем дегенде 10 секундта жетеді; 2) ағайын-

туыс, жора-жолдас бір-бірінің жаңалығынан хабардар болу мүмкіндігіне ие болды. Бұл көптеген болашақ қиындықтар мен түсініспеушіліктердің алдын алды; 3) банк операциялары, әуежай қызметі бір жүйеге түсті; 4) емханаға, балабақшаға, мектепке тіркелу, мекенжай, жылжымайтын мүлік, сотталмағандығы туралы анықтама алу деген сияқты күнделікті жұмыстар әлдеқайда жеңілдеді; 5) дүкен қызметі, сауда-саттық, тамаққа тапсырыс беру тәрізді қызмет алу мен қызмет көрсету жұмыстары жанданды.

СМС-хабарламаның зиянды жағы да жоқ емес. Бұл, ең алдымен, адамдарды сауатсыздыққа алып келу қаупімен байланысты. Әсіресе, жастар жағы СМС-хабарлама жазуда көп сөздерді қысқартып жазуды дағдыға айналдырып бара жатыр. Мәселен, жастардың СМС-хабарлама тіліне мына сияқты жиі қолданылатын қысқартуларды жатқызуға болады: слм – сәлем, «сб – сау бол, қлсң – қалайсың, инет – интернет, қ.т – қайырлы түн, нест – не істеп жатырсың?, қшн – қашан, не жнлқ? - не жаңалық?, сбқ – сабақ, бгн – бүгін, сғт-сағат,рхм - рахмет, ия – я.

Канаданың Калгари университетінің лингвистика магистрі СМС-хабарламаларды қолдану жаңа сөздерді түсіну мен түсіндіру қабілетіне кері әсер ететіндігін анықтады. Оның пікірінше, қарапайым телефон қоңыраулары мен кітаптардан гөрі SMS-ті ұнататындар ақпаратты нашар қабылдайды. Басқаша айтқанда, СМС-хабарламалардың салдарынан сөйлеудің дамуы зардап шегеді екен. Бұл туралы психология ғылымдарының докторы Марина Розенова да былай деді: «СМС-хабарламалармен жиі алмасу кезінде адам психикасы ақпаратты қабылдау мен берудің белгілі бір режиміне көшеді. СМС-хабарламалар стереотипке ие, логикасы мен нақты сөздік қоры аз болғандықтан, олар арқылы ұзақ уақыт хат алмасу, ойлау тәсілін төмендетуге әкеледі ... » [2].

Соңғы жылдары СМС-хабарламалардың қоғам өміріне әбден сіңгені соншалық СМС-слэнг сөздігі жарық көрді. Бұл СМС-хабарламалардың басты жаңалығы деуге болады. Алайда, бір топ британдық ғалымдар арнайы зерттеу барысында осы СМС тілін (агент тілін) қолданатын мектеп оқушылары арасында сауатты жазудың төмендегендігін айқындаған. СМС-хабарламаның сауатсыздыққа алып келетінін орыс зерттеушілері де айтады. Мәселен, өз мақаласында З.А. Евлова: «Особенностью языка SMS является абсолютная недопустимость правил, то есть отсутствие пунктуации в тексте, который стал частью «смайлов», исчезновение двойных и непроизносимых согласных и замена некоторых слогов числами», - дейді [3].

Бүгінгі таңда белгілі бір қарым-қатынас пен байланысты жеделдету үшін (СМС-хабарлама жіберу үшін) сөздердің қысқартылған нұсқалары жиі қолданылады. Бүкіл тілдерде қысқартулар бар және оларды күнделікті тұрмыста жиі қолданамыз. Бірақ бүгінгі күні сөз қысқартудың жаңа түрлері пайда болуда. Көбінесе, жастар арасында кеңінен танымал болған әлеуметтік желілерде, СМС-хат алмасу барысында қысқартулар кеңінен пайдаланылады. Олардың ойынша, қысқартуларды қолдана отырып, біз өзіміздің уақытымызды үнемдейміз. Өкінішке орай, жастар қысқартуларды қолдана отырып, әдеби тілден және сауатты жазудан әбден алыстап кететіндерін сезбейтін сияқты. Олай дейтін себебіміз, біз жүргізген әлеуметтік сауалнама барысында СМС-хабарлама жазуда жас ерекшелік қатынасы анықталды. 13 жастан 17 жасқа дейінгілер және 18 жастан 25 жасқа дейінгілер СМС – адам ойына кері әсер етпейді деп есептейді, адам СМС жазғандай қысқа ойлап, қысқа жазуға дағдыланады. Ал 30 жастан 40-45 жасқа дейінгілер қысқартуларды тек достардың арасында, не өзі шамалас әріптестерінің арасында қолданады, ал одан жоғары жастағы адамдарға хабарламаны толық жазуға тырысады екен. 45-50 жастан жоғарыдағылардың қай жерден асығып тұрса да, қысқартуларды сирек қолданатындықтарын және хабарламаны сауатты жазуға тырысатынын байқадық.

Былай алып қарағанда, қандай да бір жанр, қандай да бір сөйлеу саласы өз бетімен тілді (қазақ тілін) ластауы мүмкін емес деуге болады. Бұл, ең алдымен, адамның өзіне байланысты. Дегенмен, жас ұрпақтың санасына коммуникацияның жаңа түрінің ықпал ететініне немқұрайлы қарауға болмайды. СМС-хабарламалар қазіргі жастардың

сауатсыздығының себебі емес, айнасы. Онда жақсы әдебиеттерді оқуға деген, және жалпы оқуға деген қызығушылықтың жойылуы сияқты соңғы кездегі біздің қоғамымыздың мәдениетінен туындаған көптеген жағымсыз процестер көрініс табады.

СМС-хабарламада төмендегідей лексикалық ерекшеліктерді байқауға болады:

1) графикалық емес қысқартулар – бұл: ҚАТУ, ЕҰУ, ЖОО, АШМ сияқты жазбаша және ауызша тілдегі күрделі қысқарған сөздер.

2) графикалық қысқартулар – б.т – баспа табақ, м-х – мейрамхана, к/т – кинотеатр;

3) смс-хабарламаның сөзжасамдық ерекшелігі: «қа» – қазір, «қшн» – қашан, «не жқ?» - не жаңалық?

4) морфологиялық ерекшеліктер: қт – қайырлы таң, споки – қайырлы түн (спокойной ночи), чмоки - сүйдім;

5) лексикалық ерекшеліктер: «ничосе» – ничего себе, адьес – прощай, хеловув – привет.

Негізінен алғанда, қысқартуларды қолдану ана тіліне деген құрметтің төмендігі ме, жоқ әлде жаңа сөйлеу (жазу) форматының қалыптасуы ма деген сауал туындайды. Біздің ойымызша, СМС арқылы үнемі, әрі жиі хабарласу адамның сөйлесу мәнеріне өзгеріс енгізуі әбден ықтимал. Қанша дегенмен, қазіргі ұрпақ СМС-хабарламаны шектен тыс қолданғандықтан, СМС сауаттылыққа кері әсерін тигізуі әбден мүмкін. Сол себептенде мынандай тұжырымға келдік:

Біріншіден, жақын, жиі араласатын адамдармен СМС-хабарламалар алмасу дұрыс, бірақ та адам ыңғайы келгенше өз ойын үнемі сауатты, толық жеткізуі тиіс;

Екіншіден, СМС-хабарламалар адам концентрациясын бұзатындықтан, мүмкіндігінше оны аз қолдануға тырысуы керек;

Үшіншіден, маңызды міндеттер болмаған кезде байланыс үшін уақытты дұрыс таңдау қажет. Сонда СМС-тің пайдасы екі жақ үшін де максималды болады.

Қорыта келгенде, жанр ретінде СМС-тің негізгі белгісі – қысқа да нұсқа болуы. Аз сөзбен көп ой жеткізуі. СМС ауқымы шектеулі, мәтіні ықшамды болуы тиіс. Демек, СМС жіберуші аз белгі арқылы көп мағына беруді де ойлай білу қажет. Екінші белгісі – СМС-те эмоциялықтың болуы. Онда позитив, досжандылық сипат бар. Үшіншіден, СМС тек ақпарат беру жолы ғана емес, ол екінші адамды әрекетке итермелеу құралы. Өйткені, СМС-хабарламаны алған адам не оған жауап жазады, не бір затты барып сатып алады. Не сол хабарламада айтылғанды растаушы ақпарат іздеуі де ықтимал. Төртіншіден, ақпарат беру құралына деген тәуелділік.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Оралқызы А. Адамзат тарихындағы алғашқы sms хабарлама//Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/teho/49642/>
2. «SMS – хабарлама»// «Ұлағат» порталы
3. Евлоева З. А., Дзангиева М. М., Плиева А. Х. СМС-сообщения как способ коммуникации // Человек, экономика, общество: грани взаимодействия : сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции 28 декабря 2019г. : Белгород : ООО Агентство перспективных научных исследований (АПНИ), 2019. URL: <https://apni.ru/article/203-sms-soobshcheniya-kak-sposob-kommunikatsii>
4. Жусупов А.Е., Резуанова Г.К. Language policy and the situation in Kazakhstan: sociolinguistic analysis// International International Review of Education and Science. No 1 (8), January-June, 2015. P 210-216.
5. Resuanova G.K., Albekova A. Sh, Muratbekova A.M., Kukenova G. A. Elektive disciplines as means of professional competence of future teachers//1097-8135 Life Scitnce Journal- Scopus CJR 2021 (Thomson Reuters)

Ғылыми жетекшісі: Резуанова Ф.Қ., ф.ғ.к., доцент

ПОВЫШЕНИЕ МОТИВАЦИИ К ИЗУЧЕНИЮ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ В ВУЗЕ

*Дорошко В., Балгабай Э., студенты 1 курса
Университет «Туран-Астана», г.Нур-Султан*

Знание языка считается показателем культурного и образовательного уровня человека. Поэтому огромная роль в современном мире отводится знанию иностранных языков, особенно английского. В условиях модернизации и совершенствования успешность современного выпускника вуза определяется ориентированностью на полученные знания и активную жизненную позицию. Без знания иностранного языка уже нельзя представить современного и успешного человека компетентным специалистом. Языковая политика в стране, широкие международные и межгосударственные связи способствуют повышению мотивации молодого поколения к изучению иностранных языков и повышению качества обучения.

Поэтому повышение качества преподавания иностранного языка, повышение уровня владения им и мотивация студентов к овладению языком на профессиональном уровне - всё это входит в основные задачи подготовки будущего специалиста. Вузское обучение должно носить профессионально-ориентированный характер. Преподаватели иностранного языка должны помочь будущим специалистам овладеть на профессиональном уровне неродным языком, а нам не останавливаться на достигнутом результате и регулярно повышать свой языковой уровень.

Когда образование можно назвать эффективным?

Только тогда, когда образование переходит в самообразование и не заканчивается на этом! Для решения основных проблем обучения иностранному языку ученые предлагают некоторые способы, к которым относятся:

Во-первых, совершенствование устаревших методов обучения и развитие инновационных; во-вторых, формирование приёмов самостоятельной работы и умений самообразования. Также необходимо вдохновить студентов к изучению иностранного языка и поменять модели формирования у студентов мотивации к его овладению. А для повышения мотивации к изучению иностранного языка применять оптимальные способы процесса обучения. Если развивать у студентов интерес к культуре, обычаям, традициям страны - носителям языка, то они будут стремиться изучать язык, совершенствовать его, чтобы им было доступно получение интересной информации из иностранных источников, что позволит расширить мировоззрение и кругозор. Также он нужен для использования языка как средства межкультурной коммуникации, общей и речевой культуры, личностной ориентации, для раскрытия творческого потенциала.

Что такое мотив и что есть мотивация?

Попробуем ответить на эти вопросы. Рассмотрим их поподробнее. Мотив от латинского «movere» (мотив) - «двигаю». Это многозначное понятие с точки зрения психологии. «Мотив - динамический процесс физиологического и психологического плана, управляющий поведением человека, определяющий его направленность, организованность, активность и устойчивость, это «определённая потребность» [1].

Иными словами, мотив - это причина поступков, побуждение к деятельности, осознанная потребность, которые обуславливают поведение человека. Например, жажда знаний - это потребность, необходимость знать; желание получить знания - это цель поведения; знания, которые стремятся получить.

Для процесса познания очень важна мотивация. Методисты отмечают, что с начала изучения иностранного языка у студентов интерес к овладению языком находится на высоком уровне, они пытаются говорить на нём, понять иностранную речь, читать, смотреть фильмы и слушать песни без перевода, но позднее мотивация угасает.

Какова причина угасания мотивации?

Овладение коммуникативно-речевой деятельностью на иностранном языке - дело не из лёгких и требует постоянного получения знаний, совершенствования умений и отработки навыков. Сталкиваясь с определенными трудностями, у студентов слабеет воля, понижается активность и успеваемость, отношение к изучению иностранного языка меняется, мотивация гаснет, постепенно отодвигая цель овладения языком на «задний план».

Чтобы этого не произошло, надо дать студентам, изучающим иностранные языки, почувствовать прогресс овладения языком и испытать удовлетворение от выполняемой деятельности. Конечно, преподаватель «может лишь опосредованно повлиять на мотивацию, создавая предпосылки и формируя основания, на базе которых у учащихся возникает личная заинтересованность в работе» [2].

На заинтересованность студентов в учебно-познавательной активности в процессе изучения иностранного языка могут повлиять социальные мотивы, которые оказывают стимулирующее воздействие на процесс изучения иностранного языка.

Социальная мотивация представляет собой систему мероприятий, направленных на материальное, моральное, профессиональное стимулирование деятельности в целях усиления личной заинтересованности в высокой эффективности и результатах труда.

По мнению П.М. Якобсона, широкая социальная мотивация является основанием для овладения иностранным языком; узколичная мотивация - отношение к овладению иностранным языком

Кроме внешней мотивации на мотивационно-побудительную сферу воздействует и внутренняя мотивация (коммуникативная, лингво-познавательная и инструментальная), которая отвечает за удовлетворение потребностей, за ощущение радости от успехов. Коммуникативная мотивация - это мотивация к иноязычному общению. Данный вид внутренней мотивации выражает желание и тягу к общению, однако его сложнее сохранить.

Создание на занятиях искусственных ситуаций, приближенных к реальным, обеспечивает полноценное общение на изучаемом языке. Поэтому крайне важно на занятиях развивать воображение и фантазию студентов, побуждать их к участию в играх (деловых, ролевых и др.), в инсценировках, круглых столах, мини-конференциях и позволить им самостоятельно высказываться на актуальные и волнующие их темы и т.д.

Как отмечает ученый, содержание обучения неродному языку должно строиться на основе общедидактических принципов научности, последовательности, систематичности, сознательности, доступности, наглядности и других.

В первую очередь мотивация способствует реализации принципов активности и сознательности. Чтобы обеспечить высокую коммуникативную мотивацию на занятиях, необходимо задействовать всех студентов, тогда обучающиеся с удовольствием будут осуществлять речевое взаимодействие.

При этом не следует забывать о том, что каждая новая тема занятия должна быть взаимосвязана с ранее изученной и с последующей темой, согласно принципу последовательности и непрерывности, сохраняя при этом внутри предметную связь. Не менее важно языковой материал подбирать в соответствии с возрастными и индивидуальными особенностями студентов, согласно принципу доступности.

Учебный материал должен содержать интересные тексты и задания, которые бы вызвали у студентов эмоциональные и интеллектуальные порывы. Чем интереснее материал, тем больше лексических единиц и речевых образцов запомнят. Ведь иноязычная речевая активность студентов напрямую зависит от содержания учебного материала, от умения его преподнести, от технологий обучения. Учебный материал студенты должны «прочувствовать», «прожить», поэтому важно обращать внимание на незначительные детали личностного свойства, чтобы помочь формированию положительной мотивации.

Учебный процесс также должен строиться по принципу индивидуализации с учетом

жизненного опыта студентов, их мировоззрения, контекста деятельности, интересов, эмоций и чувств, статуса личности в коллективе, индивидуального стиля учения.

«Обучение неродному языку, как и обучение в целом, должно способствовать развитию лингвистических способностей обучающихся, строить на взаимном сотрудничестве и партнёрстве субъектов учебного процесса» [3].

«Очень важно правильно создать учебно-речевые ситуации, стимулирующие общение учащихся средствами иностранного языка, применять нестандартные формы занятия, адекватно использовать парные, групповые и коллективные формы работы, повышающие самостоятельность студентов при выполнении учебных действий».

Как подчеркивает ученый, важно, каким образом преподаватель организует занятие, какие технологии обучения будут им применены, как он организует взаимодействие участников образовательного процесса, какие эмоции он сможет вызвать у студентов, чтобы вызвать, развить и сохранить коммуникативную мотивацию [4].

В процессе изучения иностранного языка с применением игровых ситуаций и упражнений можно добиться целенаправленной иноязычной речевой активности студентов, активизировать навыки и умения монологической и диалогической речи, наладить сотрудничество и межличностные взаимоотношения, активизировать коммуникативное взаимодействие, получить эмоциональный заряд и многое другое.

Формирование внутренней мотивации предполагающего положительное отношение студентов к процессу изучения иностранного языка, лингвистической познавательности происходит через коммуникативные ситуации и стимулирование поисковой деятельности в языковом материале. Студенты, осознающие, что знание иностранного языка и владение профессиональными терминами на нем пригодится им в их будущей профессии уже, формируют мотивацию.

Надо учитывать, что студенты имеют положительное отношение только к определенным видам работы, то здесь господствует инструментальная мотивация. Каждый человек по-разному воспринимает и усваивает полученную информацию: кто-то лучше воспринимает зрительно (визуально), кто-то - на слух (аудиально), а кто-то - через ощущения и чувства (кинестетический).

Следовательно, как подчеркивают ученые, необходимо учитывать принцип индивидуализации обучения. Например, зрительные образы несут больше информации и лучше воспринимаются некоторыми студентами, для других усвоение идет аудиально. «Инструментальная мотивация учитывает темперамент обучающихся и дает возможность каждому ученику выразить себя в любимом виде работ» [4].

В психолого-педагогической литературе даны несколько разновидностей мотивации:

1. «Целевая мотивация» - хорошо усваивается то, что нужно для этой деятельности, на что она направлена и с помощью чего осуществляется.

2. Мотивация успеха - если предмет «удается», то его изучают с удвоенным интересом. Мотивация в изучении иностранных языков значительно возрастает, если перспективы использования знаний реализуются не только на занятии, но и во внеклассной деятельности.

3. Страноведческая мотивация - язык быстро реагирует на все социальные изменения в жизни той или иной страны. В нем находят отражения нравы и обычаи страны. Все это имеет огромную ценность для понимания социальной природы языка.

4. Эстетическая мотивация помогает превращать изучение языка в удовольствие» [5].

При формировании мотивации преподаватель должен всегда учитывать не только то, как лучше студенты воспринимают новую учебную информацию, но и то, как они ее лучше запоминают (через повторение, ассоциацию, конспектирование и т.д.). Учитывая эти параметры можно добиться хороших результатов, а именно: студенты будут прилагать усилия к учебе, станут лучше учиться, будут ощущать успех от того, что их усердие не прошло даром, а главное они будут мотивированны.

Одним из основных видов деятельности, на наш взгляд, является чтение и перевод текста на иностранном языке. На своем опыте убеждаемся, что запоминание каждой новой лексической единицы или словосочетания происходит лучше, если сопровождается применением различных технологий, способов усвоения. Если обучение строится на ситуативных заданиях, составляются осмысленные собственные предложения, применяются сознательно в контексте, в логической последовательности, то успех положительной мотивации обеспечена.

Не заучивать новые слова, не понимая их смысла, не повторять и не использовать их бессвязно. Неосознанное механическое заучивание способно подавить мотивацию и вызвать отвращение к изучению неродного языка.

Как пишет М.В.Матюхина, при чтении текста студентам следует сосредоточить свое внимание на главном и следовать основной идее. После тщательного знакомства с текстом к нему даются задания на закрепление новой лексики, на понимание смысла прочитанного, на закрепление грамматических конструкций и т.д. При выполнении различных видов учебной деятельности с целью формирования мотивации к изучению иностранного языка преподавателю необходимо:

- активно задействовать каждого обучающегося в процесс совместной деятельности;
- создавать благоприятную атмосферу сотрудничества и атмосферу «здоровой» конкуренции - оптимально сочетать игровую и учебную деятельности;
- создать положительный эмоциональный фон занятия;
- эффективно применять интерактивные методы обучения;
- интегрировать языковые и профессиональные компоненты;
- продумать психологические приёмы обучения;
- применять инфомационно-коммуникационные технологии [6].

Таким образом, анализ научно-методической литературы показал, что мотивация играет огромную роль в обучении иностранному языку. Мотивированные студенты хорошо ориентируются в быстром потоке иноязычной информации и отлично применяют в устной и письменной речи свои сформированные знания и умения, что, несомненно, ведет к становлению высококвалифицированной и конкурентоспособной личности.

Список использованной литературы

1. Швалова Г.В. Формирование мотивации студентов технического вуза при изучении профессионального иностранного языка // Научно-методический электронный журнал «Концепт» No11 (15). URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-motivatsii-studentov-tehnicheskogo-vuza-pri-izuchenii-professionalnogo-inostrannogo-yazyka> (дата обращения: 22.03.2018).
2. Безбородова М.А. Мотивация в обучении английскому языку // Молодой ученый. - 2009. - No8(8). - С. 156-160. - URL <https://moluch.ru/archive/8/567/>
3. Айкенова Р.А. Обучение языку с применением информационных технологий. Монография. Издательство КГМУ, Караганда, 2009.-С. 319.
4. Божович Л.И. Проблема развития мотивационной сферы ребенка // Изучение мотивации поведения детей и подростков / Под ред. Л. И. Божович и Л. В. Благоннадежиной; Науч.-исслед. ин-т общ. и пед. психологии АПН СССР. - М.: «Педагогика», 1972. - С. 7-44. - URL: <http://psychlib.ru/inc/absid.php?absid=73530.6>.
5. Леонтьев А. А. Потребности, мотивы, эмоции. Конспект лекций. - М.: Издательство МГУ, 2001
6. Матюхина М. В. Мотивация учения младших школьников / М. В. Матюхина. - М.: Педагогика. 1984. - 144 с.

Научный руководитель: д.п.н., Айкенова Р.А.


ӨЛЕҢ ЖАЗУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Фазыл А.С. II сынып оқушысы
Ғылыми жетекші: Дюсупбаева Қ.С
Нұр-Сұлтан қаласы №67 гимназия

Бүгінгі күні өлең, әнге мәтін жазу еріккеннің ермегіне айналып барады. Сөз күннен күнге мән-мағынасынан айрылып, арзандап барады. “Түйеге мінген қазақ, төрт ауыз өлең біледі” деуші еді дана халық, қазіргі заманда төрт ауыз өлең төрт жаққа шашырап, бір-бірімен ұйқасқа келмейді. Тілдің тазалығы мен мәнділігі бүгінгі күннің өзекті тақырыбына айналып отыр.


Көбінесе байқасақ, қазіргі әндердің сөзінде не мағына, не ұйқас жоқ. Бұл жағдайдың халыққа ұнамайтыны сөзсіз. Оны ғаламторда жүргізілген зерттеу нәтижесінен байқауға болады. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 63%-ы әндердің сөзіне көңілі толмайтындығын айтты.

Ал өлеңді кез келген адам жазып кете алады ма? Егер өлең жаза алмайтын адамға, өлең жазудың тиімді әдістерін ұсынсақ жазып кете алады ма, немесе оған шабыт пен жігер қажет пе? Мен әлеуметтік желіде адамдарға сауалнама жүргізіп көрдім. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауабын қарап көрсек:




Көріп тұрғандарыңыздай, 74% адам кез-келген адам өлең жаза алмайды деп жауап берді. Бұл дегеніміз, таланттың бірінші орында екеніне дәлел. Ал сол талантпен тумаған адамдар не істей алады? “Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау” деп Дінмұхаммед Қонаев атамыз айтпақшы, ерінбесек кез-келген нәрсені үйренуге болады.

Жалпы өлең жазу оңай ма?



Статистикаға сәйкес, 79% адам өлең жазу оңай емес деген тұжырымға келді. Тек 21% адам ғана өлең жазу оңай деп санайды екен. Демек, бұл әрбір үшінші адам өлең жазудағы тиімді әдістерді білмеуі ықтимал дегенді білдіреді.

Ақын болып қалыптаса ма, әлде туа ма?



Сауалнама нәтижесіне сүйенсек, 71% адам ақын болып қалыптасуға болатынын айтады. Яғни, барлық адам өзінің ақындық шеберлігін арттырып, жетілдіре алады деген сөз. Тек 29% ғана респондент ақындық тума талант деп есептейді.

Өлеңді қалай жазу керек?

Көп адамдарда “өлеңді жүректен шығарып жазу керек” деген түсінік қалыптасқан. Бірақ бұл көп жағдайда дұрыс бола бермейді. Бұл әдіс сіз өлеңді тек өзіңізге арнап жазсаңыз ғана жарамды болады. Ал егер сіз белгілі бір аудиторияға арнап жазатын болсаңыз, белгілі бір техникаларды қолданғаныңыз абзал. Сондай техникалардың біразына шолу жасап көрсек:

-Жеңілінен бастаңыз

Ең алдымен ойыңызға түскен кез-келген сөйлемді жазып алңыз, сосын соның ұйқасына қарап жалғастырсаңыз оңай болады. Мәселен:

Ауа-райы тамаща,
Қуанамын балаша.
Ойын ойнап келейін,
Босқа қарап жатқанша.

Тіпті мағынасыз болып жатсада, бір ұйқасты ұстануға тырысыңыз. Себебі бұл сіздің сөздік қорыңызды арттырып, ұйқастарды жеңіл табуға көмектеседі.

- Өзіңізге ұнайтын тақырыпта жазыңыз

Мәселен, әрбір адамның ішкі түйсігінде жай сөзбен жеткізе алмайтын тақырыптары болады, соларды өлең етіп жазып көруге тырысыңыз; махаббат жайлы жазыңыз, отбасыңыз жайлы жазыңыз, табиғат жайлы жазыңыз немесе сүйікті телехикаяңызға арнап өлең шығарып көріңіз. Себебі сіз өзіңізге ұнайтын нәрсені айтып жатқанда, сөздік қорыңыз кеңейе түседі.

- Сүйікті ақындарыңызға еліктеңіз

Әркімнің өзіне ұнайтын ақыны болады, соған байланысты ақынның жазу стилі ұнауы да поэзия сіздің ішкі жан-дүниенізбен тікелей байланысты мүмкін. Мысалы, маған қара өлең ұйқасында жазған ұнайды. Ал осы ұйқасты көбінесе Абай мен Мұқағалидің өлеңдерінен кезіктіре аламыз. Бұл әдісті көптеген ақындар қолданады.

-Негізгі, тақырыпқа сай ортақ сөзді табыңыз

Яғни, көктем сөзін алсақ, осы тақырыпқа ортақ сөздерді іздейміз. Мысалы, бүршік, ағаш, қар еруі, т.б. Осы сөздер жинағынан мынадай өлең құрастыруға болады:

Көктем келіп ағаштар,
Бүршік ата бастады.
Қар да еріп айнала,
Лаймен жерді ластады.


-Шабытыңыз келгенде жазыңыз

Поэзия сіздің ішкі жан-дүниенізбен тікелей байланысты. Ешқашан өзіңізді қинап жазбаңыз, тек шабытыңыз оянғанда жазыңыз. Егер өзіңізді қинап жазатын болсаңыз, тез жалығатын боласыз.

- Көркемдегіш құралдарды қолданыңыз

Суретші бояуды қалай жақсы білсе, ақын да көркемдегіш құралдарды да солай жақсы білуі тиіс. Метафора, эпитет, теңеу, метонимия сынды көркемдегіш құралдарды қолданыңыз. Бұл сіздің шығармаңызға басқаша әсер мен реңк қосады.

Егер сізге өлең жазудың әдіс тәсілін көрсетсе, өлең жазып кете аласыз ба?



Әлеметтік желіде жүргізілген сауалнамада мен өз аудиторияма “егер сізге өлең жазудың әдіс-тәсілін көрсетсе өлең жазып кете аласыз ба?” деген сұрақты қойғанымда 72% адам “иә” деп жауап берді. Демек көрсетілген әдістердің адамдарға пайда тигізетіні сөссіз.

Ақындық өнері барлық адамға берілмесе де, кез-келген адам үйрене алатын дүние. Тек ол үшін еңбек пен төзімділік қажет. “Істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы” демекші, үйреніп, өзімізді дамытуға қадам жасайық. Себебі, тілдің экологиясын таза күйінде сақтап қалу да, тілді жойып жіберу де келер ұрпақтың қолында. Сапалы дүниелер жасауға барлығымыз ат салысайық

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері»
2. <https://znaniya.com>
3. <https://kk.m.wikipedia.org>
4. <https://bilim-all.kz>
5. <https://stihi.ru>

ИНЖЕНЕР ТҮЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ГУМАНИСТІК БАҒДАРЛАРЫ

Қарабек А., 1-курс студенті

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.
Абдығалиева Л. Философия кафедрасының аға оқытушысы*

Жоғары білім беруді цифрландырудың әлеуметтік әсерлерін талдауға арналған зерттеулердің негізгі мәселелерінің бірі – бұл болмай қоймайтын үрдістің білім алушылардың білім сапасына және әлеуметтенуіне ықпалының салдары. Сандық гуманитарлық ғылымдар университеттер саласында бұл мәселеге көбірек назар аударылады. Бұл білім беру парадигмасының өзгеруіне немесе білім беру ұйымдарын басқаруға немесе оқу процесін ұйымдастыруға немесе білім беру процесінің негізгі қатысушылары арасындағы байланысқа қатысты. Және бұл өзгерістер әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің рөлін және олардың жоғары мектептің білім беру процесіндегі мәртебесін қайта бағалау туралы мәселелерді айтуға мүмкіндік береді.

«Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы» 2020 жылғы 1 қыркүйегіндегі Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей «бәсекеге қабілеттілікті» жетілдіру мәселесі әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге келіп тірелетінін ұмытпау керек [1]. Қалыптасқан үрдістердің көрсеткіші гуманитарлық пәндерді оқыту сағаттарының азаюы және оқу жоспарынан әлеуметтік-гуманитарлық блокқа жататын арнайы курстар мен таңдау курстарын алып тастау деп санауға болады. Осыған байланысты гуманитарлық пәндерді бұрынғы маңызын қалай қайтару, олардың әрбір қазақстандық азаматтың өміріне қажеттілігін қалай дәлелдеу туралы мәселе туындайды. Бірақ біз ұмытпауымыз керек, гуманитарлық-әлеуметтік пәндердің көмегімен білім алушылар адам, қоғам, өмір болмысының экзистенциалды сұрақтары жөнінде жан-жақты білім беріп қана қоймай, әртүрлі қоғамдық және кәсіби мәселелер бойынша сыни ойлау және өз ұстанымын дәлелдеу қабілеттерін қалыптастыруда баға жетпес роль атқарады.

Заманауи қоғамдық және жаһандық дамулармен байланыста әсіресе білім алушыларды алаңдататын «нені оқуымыз қажет?», «қандай нәтиже күтуіміз қажет?», «білімді қалай қолдануымыз қажет?» деген сияқты сұрақтармен қатар «өзімізді қалай тәрбиелеуіміз қажет?», «өзімізді қандай бағытта тәрбиелеуіміз қажет?», «иделымыз қандай болу қажет?» т.б. сансыз сабақтаса туындайтын өмірмәнді сұрақтар. Бұл пікіріміз білім алушы тұлғасының рухани қасиеттерін, оның философиялық дүниетанымы мен құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал ететін жоғары оқу орнының қолайлы атмосферасын құрудың мақсатты процесі болып табылатын жоғары оқу орындарының «гуманитарлық ортасын» қалыптастыру қажет деп соңғы онжылдықтарда айтылып келген пікірталастардан туындап отырғанын да жасырмаймыз. ЖОО гуманитарлық ортасын қалыптастыру күрделі және ұзақ процесс екендігі бәрімізге мәлім. Ол әр университетте орын алады, бірақ оның қарқындылығы, жұмыс сапасы мен сипаты бірқатар факторларға байланысты. Сондықтан қазірде көпшілік жоғары, әсіресе техникалық бағыттардағы оқу орындарында құрылып, функцияланданып жатқан «Рухани Жаңғыру» бөлімдерінің ролі ерекше екендігін атап өткен дұрыс. Бұған ресейлік ғалымның төменде келтірілген

пікірін дәлел ретінде ұсына аламыз: «Зерттеушілер білім беру ұйымының гуманитарлық ортасын қалыптастырудың екі негізгі факторын көрсетеді: біріншіден, бұл - білім беру саласының өзі, яғни оқу ісінің өзін ұйымдастыру мемлекеттік білім беру жүйесінің негізінде жұмыс істейтін стандарттар мен білім беру бағдарламалары. Екіншіден, бұл оқудан тыс жаңа мәдени-тәрбие жұмыстарына жататын сала қазіргі заманғы формалар, әртүрлі шығармашылық студиялардың жұмыс істеуі, спорттық секциялар, бөлімдер, мұражай және көрме жұмысы, студенттік өзін-өзі басқару және т.б. [2]». Бұл жерде маңызды роль атқаратын факторлар өте көп, соның бірі – студенттердің өзін-өзі басқару комитетін немесе ұйымын құрып, оның жұмысын барынша жетілдіру, дамыту, ал екінші маңызды фактор, бұл – университеттердің (әсіресе техникалық бағыттағы) көпшіліктік-тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастыру, өткізу, түрлендіру жұмыстарын атқаруға аталмыш бағытта кәсіби базалық білімі бар мәдениет, өнер мамандығы иелерін көбірек тарту (суретке қараңыз).



Гуманитарлық ортаны қалыптастыруда мәдениет және өнер саласы бойынша кәсіби білімді мамандарды тартудағы басты себептің бірі, маңыздылығы жоғары жалпылық тәрбие жұмыстарын көбінесе педагогикалық білімі ғана бар немесе қатардағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытатын оқытушылар атқаруға мәжбүр. Сондықтан, бұл жүйе жұмысы көп жағдайда өз деңгейінде жүргізілмеуі де мүмкін. Жоғарыда берілген суретте гуманитарлық ортаны қалыптастырудың бір үлгісі ұсынылып отыр.

Қорытындылай келе, инженер тұлғасын қалыптастырудың бағдарлары мәселесі гуманитарлық пәндерді цифрландырудың әлеуметтік-мәдени аспектісі кеңістігінде де қарастырылуы тиіс. Сондықтан әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді цифрландыру арқылы түрлендіре оқытуды дамыту – бүгінгі маңызды мәселелердің бірі. Себебі, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді цифрландыру арқылы түрлендіре оқытуды жетілдіру – университеттер саласында гуманитарлық ортаны қалыптастыруға қажетті факторлардың бірі. Технологиялық даму материалдық ресурстың қажетті қызмет саласындағы максималды шоғырлануымен ғана емес, сонымен бірге осы ресурсты және тиісті қызметті пайдалану әлеуметтік сұраныс пен кері байланыс түрінде болатын қажетті әлеуметтік-мәдени вектормен қамтамасыз етілетіндігімен байланысты, яғни осы процестің ақпараттық және құндылық векторы.

Технология әлеуметтік-мәдени маңызы бар әлеуметтік өмірді ұтымды ұйымдастырудың құралы ретінде әрқашан әлеуметтік-мәдени жүйе мен әртүрлі әлеуметтік тәжірибелер аясында оның өмір сүруінің анықтамалық және рефлексивті аспектісіне қатысты әлеуметтік және антропологиялық проекцияларды көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек
2. Трубникова Н. В. Гуманитарная среда в техническом вузе: применим ли опыт мировых лидеров в отечественном инженерном образовании? // Инженерное образование. 2010. № 6. С. 84 – 87.

ӘОЖ 323(574)

ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖАС КӘСПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ

*Талпахова Аружан Галимуллақызы, 2-курс студенті
«Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университеті» Нұр-Сұлтан қ*

Әлеуметтік-еңбектік қатынастардағы тең мүмкіншіліктер туралы Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Халықты еңбекпен қамту» Заңында, Қазақстан Республикасының еңбек Кодексінде көрсетілген. Алайда оларды жүзеге асыру нақтылығы объективті және субъективті кедергілерге соқтығысады, нәтижесінде, еңбекпен қамту кеңістігіндегі тең мүмкіншіліктердің саясатына бақылау жасайтын және жүзеге асыратын нормативті құжаттардың субъектілері, қоғамдық институттардың тапшылығы дұрыс анықталмағандығын терендете түседі.

XXI ғасырдың экономикасы басқа жұмыс күшін қажет ететін жоғары технологиялық мүмкіндіктерді қолданумен құрылатыны анық. Басты рөл дамушы еңбек нарығындағы талаптарға жауап беретін жастарды кәсіби дайындау және қайта даярлау жүйесін қайта құруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» өзінде: Адам ресурстарын даярлау сапасын арттыру, жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының басымдықтары негізінде көп деңгейлігі білім берудің ұлттық жүйесін жаңғырту туралы жазылған. Ал міндеттерінің біріне, экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру болып табылады.

Жоғары мамандандырылған білім беру жүйесінде еліміздің ең жақсы жоғары оқу орындарында мамандандырылған кадрларды даярлау үшін

мемлекеттік тапсырыс механизмі еңгізіледі; мамандандырылған тәжірибе, студенттік сынақ мерзім (стажировка), түлектердің еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру үшін жұмыс берушілерді кірістіру; Қазақстан Республикасы 2003-2015 жылдарды индустриалды-жаңашылдық даму Стратегиясының

жүзеге асуын қамтамасыз ететін, техникалық мамандықтар бойынша жоғары квалификацияланған сәйкесінше кадрларды даярлауға жағдай жасау.

Жастарды жұмысқа орналастыру кеңістігіндегі мәселелерді шешуде, әлеуметтік жұмыстың ұйымдастырушылық-экономикалық бағытындағы кәсіби-ақпараттық және кеңес беру жүйесінің тәжірибе қызметі аса пайдалы.

Осылардың тағайындалуы бәсекелестікті жоғарылатып, жастардың еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды таңдауларына ықпал жасар еді. Мұндай

жүйеде индивидуалды және топтық жұмыс формаларын жүзеге асыруға болушы еді (ақпараттық-оқыту курстары, кәсіпкерлік қызмет және өзіндік дербес жұмыспен қамтылу бойынша бағыт беретін бизнес-клубтардағы топтық сабақтар, әлеуметтік-психологиялық бағдарламалар, коммуникативті мәдениет дағдыларын дамыту және тағы басқалар. Қазақстан Республикасының «Халықты еңбекпен қамту» Заңында жас адамның еңбекпен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелуі, жұмыссыздың орталықпен құқықтық қатынасқа отырғандығын көрсетеді. Бұдан былай еңбекпен қамту орталығы тіркелген жұмыссызға жұмысқа орналасуға, кәсіби кеңес беруге, кәсіби даярлауға және қайта даярлауға, бос жұмыс орындары туралы мәлімет беруге, қажет болған жағдайда қоғамдық жұмыстарға қатысуға және нақты әлеуметтік қолдау ретінде жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға қатысуға жәрдемдесуге тиіс [1].

2019 жылғы үшінші тоқсанның соңындағы жағдай бойынша, 15-тен 28 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар арасында 31,4 мыңнан астам адамның, немесе 37,1%-ының, жоғары білімі бар — олардың аны бір жылда 6,9%-ға артқан. Жұмыссыз жастардың арасындағы 4,1 мың адамның немесе 4,8%-ының аяқталмаған жоғары білімі бар.

Жастар практикасы білім беру ұйымдары түлектерінің меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алуы мақсатында түлектер үшін ұйымдастырылды.

Жастар практикасы меңгерген кәсібі (мамандығы) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, оқуды аяқтаған кейінгі 3 жыл ішіндегі және жиырма тоғыз жастан аспаған түлектері қатарындағы жұмыссыздарға арналған.

Жастар практикасы барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда ұйымдастырылады.

Жастар практикасы тұрақты жұмыс орындарынан тыс және бос тұрақты жұмыс орындарынан тыс жүргізіледі. Мұндай жұмыс орындары ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда құрылмайды.

Жастар практикасы бойынша жұмыс орындарының саны шектелмейді. Жастар практикасы бойынша жұмыс уақытша сипатқа ие болады. Жастар практикасының ұзақтығы 6 айдан аспайды.

Қазақстан Республикасы 2013-2020жж аралығындағы бойынша 5 пайыз жастарды жұмыспен қамтамасыз ету жоспары құрылды[2].(Кесте-1)

Кесте-1 жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жоспары

Өңірлер:	2013ж	2014ж	2015ж	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж
Ақмола обл	4172	2613	2560	2569	2695	3046	3523	3860
Ақтөбе обл	4105	2571	2519	2527	2652	2997	3466	3798
Алматы обл	9701	6077	5954	5973	6267	7083	8191	8976
Атырау обл	2767	1733	1698	1704	1788	2020	2337	2560
БҚО	3148	1972	1932	1938	2034	2299	2658	2560
Жамбыл обл	5557	3481	3410	3422	3590	4057	4692	5141
Қарағанды обл	7012	4393	4304	4318	4530	5120	5921	6488
Қостанай обл	5075	3179	3115	3125	3278	3705	4285	4695
Қызылорда обл	3278	2053	2012	2018	2118	2393	2768	3033
Маңғыстау обл	2550	1597	1565	1570	1647	1861	2153	2359
Түркістан обл	11709	7336	7187	7210	7565	8550	9888	10834
Павлодар обл	4136	2591	2539	2547	2672	3020	3493	3827
СҚО	3268	2047	2006	2012	2111	2386	2759	3024
ШҚО	7102	4450	4359	4373	4589	5186	5997	6571
Алматы қ	3942	2470	2420	2427	2547	2878	3329	3648

Астана қ	7304	4576	4483	4498	4719	5333	6168	6758
Қазақстан респу-бликасы	84826	53139	52063	52231	54802	61934	71628	78485

Қазіргі таңда жастарды қолдау мақсатында көптеген бағдарламалар жоспарланды. «Жасыл ел», «Жас маман», «Еңбекке жолдама», «Еңбекқор», «Дипломмен ауылға!», «Ауылдың тірегі» бағдарламасын жүзеге асыруда жастар көптеп қатысатын болады, экономиканың аграрлық, өнеркәсіптік, құрылыс секторын дамыту, сондай-ақ, жастарды еңбекпен қамтуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалар жүзеге асырылатын болады. «Жас маман» түсінігі нормативті бекітіліп, олар үшін минималды әлеуметтік пакет болады. Жастарға техникалық және кәсіптік білім алуға ынталандырудың нақты шаралары жүзеге асып, индустриализация бағдарламасына қатысу жүзеге асырылады.

Осы үшін «Еңбекке жолдама» жобасын жіберу жоспарлануда. Бұдан басқа, жұмысшы жастарды өзін-өзі дамыту, еңбек шиеленістерінің алдын-алу үшін жастар ұйымын құру және экономиканың түрлі кәсіпкерлік секторларында жастар саясатының «Еңбекқор» корпоративтік бағдарламасын қабылдау жоспарлануда. Одан басқа, түрлі мамандықтар бойынша Жалпыхалықтық «Семсер» сыйлығын шығару ұсынылады. Жас мамандарды медициналық, педагогикалық, әлеуметтік және аграрлық мамандықтарға тарту үшін иауылдық жерлерде «Дипломмен ауылға!» жобасын жүзеге асыру жалғасатын болады. Одан басқа, ауыл жастарына қала жастарындай тең мүмкіндік жасау мақсатында «Ауылдың тірегі» жобасын жүзеге асыру ұсынылады. Ауылдық жерде жастар өз кәсібін ашу үшін пайызсыз және кепілсіз қаржыландыруды бөлу тетіктері қарастырылады. Осы мақсатта «Бастауыш фермер» жобасы енгізілетін болады.

Жастардың тұрғын-үй мәселесін шешу шаралары қарастырылатын болады. Жатақханалардың санын көбейту, бар жатақханаға күрделі жөндеу жүргізу, сондай-ақ, жекешелендіріліп кеткен студенттік жатақханаларды қайтару[3].

Қорытынды. Жоғарыдағы қанатты сөздерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының болашағы - жастар екені дәлелдеуді қажет етпейтін сөйлем екенін аңғара алатын болдық. Және де, жастар саясатын жүзеге асыруда әлеуметтік жұмыстың рөлі аса маңызды екені байқалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы Заңы//Егемен Қазақстан. -2004. -№176. – 14 шілде.
2. <https://www.enbek.kz/docs/ru/node/139>
3. Ешпанова Д. Д., Нысанбаев А. Н. Социальный портрет молодежи в современном Казахстане // Социологические исследования. - 2012. - N 12. - С. 86-95.

**ЦИФРЛЫҚ ИНДУСТРИЯ - ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМНЫҢ
СЕРПІНДІ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ**

**ЦИФРОВАЯ ИНДУСТРИЯ - ОСНОВА ДИНАМИЧНОГО
РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА**

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ДИАГНОСТИКАЛАУДА ҚОЛДАНУ**

*Досимбекұлы М.,
«Ақпараттық жүйелер» мамандығының 2 курс студенті
Молдашева Р.Н.,
«Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс докторанты
Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Медициналық мекемелерде дербес компьютерлердің көбісі тек мәтіндік құжаттарды өңдеу, деректер базасын сақтау және өңдеу, статистика жүргізу және қаржы есептерін орындау үшін ғана қолданылады. Машиналардың жеке, арнайыландырылған бөлігі түрлі диагностикалық және емдеу құралдарымен бірге қолданылады.

Медицина саласындағы жаңа технология дәрігерлердің алдымен адамға емес, робот құыршақтарға тәжірибе жасау арқылы қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде қауіпті аймаққа бірінші болып жететін құтқарушылар мен полиция қызметкерлерінің алғашқы медициналық көмек жөніндегі біліктілігін арттыру үшін де бұл қондырғының көмегі зор.

Қазіргі кезеңдегі теоретикалық және клиникалық медицинада медициналық-биологиялық мәселелерді, адамның әлеуметтік табиғатын ескеріп кешенді түрде зерттеу бағыты өсуде. Медициналық түсініктердің және медициналық-гигиеналық қызметтің түрлері мен мазмұны үстемдік етуші көзқараспен, мәдени ахуалы мен жаратылыстану және техникалық дамудың деңгейімен белгіленеді. Қазіргі кезеңде медицина адамның биологиялық жаратылысын жетілдіру мүмкіншілігінің айқындылығын дәлелдеді. Мұнда әр адамның генетикалық және физиологиялық процестеріне әсер ету арқылы адам организміндегі үйлесімсіздік пен үйлеспеушілікті жою арқылы адамның физиологиялық және психикалық мүмкіншілігін дамытуға және оны сауықтырып, өмірін ұзартуға болатыны анықталды.

Эксперттік жүйелер (ЭЖ) келесі салаларда өз қолданысын тапты:

- медициналық диагностика;
- геологиялық барлау;
- бейнелерді тану;
- органикалық химия;
- электронды құрылғыда бұзылуларды табу: диагностика және тестілеу.

Медициналық диагностикада ауруларды жіктеудегі эксперттік жүйелер. Соңғы уақытта түрлі медициналық технологияларды ақпараттық қамтамасыз етудің мәні үздіксіз артуда. Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану көптеген білім салалары мен тәжірибелік қызмет салалары дамуының күрделі фактор болып отыр, сондықтан ақпараттық технологияларды құру мен ендіру ең маңызды тапсырмалардың бірі болып табылады [1].

Көптеген емдеу-диагностикалық технологияларында заманауи компьютерлердің мүмкіндіктері қолданылмайды дерлік. Ең алдымен бұл – диагностика, емдеу шараларын тағайындау, аурудың өтуін және оның артын болжау. Біздің көзқарасымыз бойынша,

медицинада заманауи компьютерлік технологияларды жеткіліксіз дәрежеде қолданудың негізгі себептері болып жетік дамымаған техникалық база, заманауи аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы осы технологияларға қатысушылардың дайындық деңгейінің төмендігі, қолданбалы бағдарламалардың арнайыландырылған дестелерінің нашар жабдықталуы және т.б. табылады. Компьютерлік қосымшаларды қолданудың психологиялық аспектісі де үлкен маңызға ие. Бұл – дәрігердің жұмыс ерекшелігімен байланысты маңызды себеп. Дәрігер – ол зерттеуші, оның жұмысы шығармашылық сипатқа ие, алайда ол өз қызметінің нәтижесіне тікелей жауапты. Диагноз немесе ем туралы шешім қабылдай отырып, ол өзінің және өзі үшін беделді қызметтестерінің білімі мен тәжірибесіне сүйенеді. Бұл кезде шешімнің негізі өте маңызды, әсіресе, егер бұл сырттан кеңес ретінде айтылған болса.

Заманауи техникалық мүмкіндіктер ауру өтуінің ұсынылымын жаңа сапалы деңгейге шығарады, дәлірек айтқанда, визуалды түрде сәйкес математикалық моделделдің негізінде, нақты бір ауру кезінде патологиялық процестің типтік дамуын кеңістікті түрде моделдеу. Қазіргі таңда-ақ медицинаның заманауи дамуы сатысында ақпараттық жүктемелер адам мүмкіншіліктерінің шегіне жетті. Дилемма туады: ақпараты талдауының толықтығын бәске тігу қажет немесе шешімдерді қабылдау үшін компьютерлік қолдаудың түрлі әдістерін кеңірек пайдалау қажет. Медициналық эксперттік жүйелер дәрігерге өз диагностикалық болжамдарын тексеруді ғана емес, сонымен бірге күрделі диагностикалық жағдайларда компьютерден көмек сұрауға да мүмкіндік береді [2].

Жоғарыда аталып өткен қасиеттердің барлығы медициналық тапсырмалар үшін тиімді, себебі көп жағдайда олар көпөлшемді, шатыс, кейде тіпті қарама-қайшы клиникалық деректермен толтырылған. ЭЖ диагностиканың, дифференциалды диагностиканың, болжаудың, емдеу жолы мен тәсілін таңдау және т.б. тапсырмаларын шешуге мүмкіндік береді.

Медициналық эксперттік жүйелер арасында, былайша айтқанда, өздігінен игеретін интеллектті жүйелер (ӨИИЖ) ерекше орынға ие. Олар шынайы тәжірибеден алынған оқиғаларды автоматты түрде жіктеу әдістеріне немесе мысалдар арқылы оқыту әдісіне негізделген. ӨИЗЖ ең айқын мысалдарының бірі – жасанды нейрон желілері.

Жасанды нейрон желілері (ЖНЖ, artificial neural networks) – әдетте қолданылатын сызықтық әдістерге қарағанда деректерді жақсырақ жіктеуге мүмкіндік беретін сызықтық емес жүйе. Медициналық диагностикаға қосымша түрде ЖНЖ әдістің сезімталдығын кемітпестен, ерекшелігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

ЖНЖ-нің өзге болжау әдістерінен маңызды ерекшелігі болып эксперттік жүйелерді дәрігердің өзі құра алу мүмкіндігі табылады, ол нейронды желіге өзінің жеке тәжірибесі мен қызметтестерінің тәжірибесін бере алады немесе желіні бақылаулар жолымен алынған шынайы деректер негізінде оқыта алады. ЖНЖ-нің жағымды ерекше қасиеті – олар бағдарланбайды, яғни диагноз қою үшін ешқандай шығару ережелерін қолданбайды, керісінше мұны мысалдар негізінде жасауға үйренеді. Бірқатар жағдайларда ЖНЖ адам миына тән керемет қасиеттерді көрсете алады, соның ішінде шатыс деректер ішінен заңдылықтарды іздеп таба алады.

Эксперттік жүйелерді медицинада қолдану мысалдары аз емес, олар денсаулық сақтау саласының көп тармақтарында қолданылады. Мұндай жұмыстардың басым көпшілігін шетел зерттеушілерімен жасаған және негізінен олар ЖНЖ-нің түрлі клиникалық жағдайларда қолданылу мүмкіндігіне қатысты. Мысалы, оталау саласында P.L. Liew et al. ЖНЖ негізінде артық салмақты адамдарда өт қабына тас байлану ауруының асқынуын болжайтын жүйе құрылды. Авторлар 1999 жылдың ақпаны мен 2005 жылдың қазаны аралығында оталаудан өткен артық салмақты 117 пациенттің антропоморфометрикалық, анамнестикалық, клиникалық және зертханалық деректерін ретроспективті зерттеп шықты. Кері тарату алгоритміне оқытылған ЖНЖ құрылды. 30 кіру айнымалылары қолданылды, соның ішінде клиникалық деректері (жынысы, жасы, дене массасының

индексі, басқа да аурулары), гистопологиялық зерттеудің зертханалық көрсеткіштері мен нәтижелері. ЖНЖ болжау құндылығын сол деректер базасына оқытылған логистикалық регрессияның моделімен салыстырылды. ЖНЖ логикалық регрессияға қарағанда ең үздік болжау құндылығы мен ең төмен қателікті көрсетті. Екі әдістеме деректері бойынша да өт қабатына тас байлану асқыну мүмкіндігінің ең маңызды факторалары – жоғары диастопольді артериялы қысым, преморбидті фон, глюкоза метаболизмінің бұзылуы және қан құрамындағы холестерин деңгейінің артуы. Das et al. эндоскопиясында нейрожелілі технологиялар асқазан-ішек қабатының жоғарғы жағынан варикозды емес қан ағумен ауратын науқастарды «сорттау» үшін қолданылды. Патологиясы зерттеудегі 387 пациенттің клиникалық және зертханалық деректері бойынша оқытылған ЖНЖ тиімділігі зерттелді, ROC-талдаудан өткен 200 пациенттің деректері бойынша – верификация. Желінің шығу нүктесінде 2 нәтижелік айнымалы болды: жалғасатын қан ағу белгілерінің болуы немесе болмауы және емдік эндоскопия қажеттілігі. Нейронды желі сезімталдығы 80%, болжау құндылығы 92-96% құрады [3].

Біздің ғылыми жұмыс жүргізу барысында құрған нейрожелі моделі науқас стационарға келіп түскендегі және госпитальдаудың алғашқы 48 сағаты ішінде алынған деректер негізінде инцифирленген панкреонекроздың өршу ықтималдығын болжауға арналған: нәтижелер дәлдігі – 90%, спецификалығы – 96%. Осы моделді қолданып, біз өткір панкреонекрозбен ауырудың ерте мерзімінде біржақты емдік-диагностикалық тактиканы таңдауы бар инцифирленген панкреонекроз асқыну қаупі бар науқастар тобын анықтау мүмкіндігіне ие болдық. Бұдан бөлек, нейрон желісі өткір панкреатиттің инфекциялы асқынуын аурудың ерте мерзімінде болжауға арналған 12 ең ақпаратты көрсеткіштерді ерекшелеп көрсетті: 1) стационарға госпитальдау типі (өзге ауруханадан ауыстыру); 2) науқастың жасы; 3) дене массасының индексі; 4) науқастың дене температурасы; 5) жүрек қысылуының жиілігі; 6) демалу қимылдарының жиілігі; 7) қан лейкоциттерінің саны; 8) ауру басталғаннан бастап 24 сағат ішінде анықталатын үш кебуі (іш ішілік жоғары қысым); 9) ауру басталғаннан алғашқы 24 сағат ішінде анықталатын өткір сұйық түзілулері және (немесе) іш қуысындағы еркін сұйықтық; 10) қан сарысуы; 11) қан глюкозасы; 12) кешенді белсенді терапияның 24 сағат ішінде науқастың жалпы күйінің жақсармауы (пациент өткізіліп жатқан емге «жауап қатпайды»), SAPS II шкаласы бойынша балл санының артуы).

Осылайша, эксперттік жүйелерді медицинада қолдану туралы еңбектерді талдау негізінде келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Медициналық нейроинформатика ғылым сияқты фактілі ақпаратты жинақтау кезеңінде тұр.

2. Нейронды желілер жасанды интеллект қасиеттеріне ие. Оқытатын таңдамалардың шектелген жиынына шыныққан олар жинақталған ақпаратты жалпылайды және оқыту әдісінде қолданылмайтын жаңа деректерге қатысты күтілетін реакцияны береді. Танымал тәжірибелік қосымшалардың көптігіне қарамастан, жасанды интеллект әдістеріне негізделген тәсілдерді әрі қарай қолдану, олардың тиімділігі соғына дейін игерілмеген.

3. Заманауи техникалық мүмкіндіктер ауру өтуін бейнелеудің сапалы жаңа деңгейіне шығуға, дәлірек айтқанда эксперттік автоматтандрылған технологиялар негізінде патологиялық процестің типтік жетілуін моделдеу негізінде мүмкіндік береді. Эксперттік компьютерлік медициналық жүйелер дәрігерге өз диагностикалық болжамдарын тексеруге, бірақ сонымен бірге күрделі диагностикалық жағдайларда компьютердің кеңесіне жүгінуге мүмкіндік береді.

Эксперттік жүйелерді астмамен ауыратын науқастарды диагностикадан өткізу және емдеумен байланысты пәндік аймақты жүйелік моделдеу әдістерін қолданатын тақ логика негізінде жобалау мысалы қарастырайық. Эксперттік жүйені құру SADT стандартының CASE-құралдарына негізделген жүйелік моделдеудің өтпелі технологиясы бойынша орындалған [4].

Науқастарды диагностикадан өткізу және емдеу процесінің бөлшектік талдауы жүргізілді, оның негізінде функционалды, ақпараттық және динамикалық моделдерді қамтитын, науқастарды диагностикадан өткізу мен емдеу барысының жүйелік жобасы құрылған. Науқастарды диагностикалауда функционалды құрылымын талдау нәтижелері негізінде IDEF0 әдістемесі бойынша функционалды модель құрылған. Ол қарастырылып жатқан науқастарды тексеру мен емдеу барысы функцияларының құрылымдық бейнесі түрінде және осы функцияларды байланыстыратын ақпарат пен объектілер түрінде келген. Функционалды моделде әдістемелік база бейнеленген, оның негізінде науқастарды тексеру және емдеу барысын құрайтын тапсырмалар орындалады. Әрбір тапсырма үшін кіретін және шығатын ақпарат анықталған, одан бөлек, функцияның орындалуына жауап беретін орындаушы анықталған.

Науқастарды тексеру және емдеу барысында негізгі 5 кешенді тапсырмаларды ерекшелік көрсету мүмкіндігі бар: 1) ауруды қабылдау; 2) диагноз қою; 3) емдеу тағайындау және жүргізу; 4) емнің тиімділігін бағалау; 5) шығаруға дайындау.

Қабылдау бөліміне науқас келіп түседі және медициналық картасы толтырылып, терапевт бөліміне жолданады. Дәрігер науқастың шағымын тындап, нақтылайтын сұрақтарға жауап алған соң, аурудың анамнезін толтырады, физикалды зерттеу жүргізеді және алдын ала диагноз қояды. Ол негізгі аурудың, асқынулардың және бірге жүрген өзге аурулардың диагнозын қамтиды.

Әрі қарай науқасты құрылатын зерттеу жоспарының негізінде қажетті зерттеулер жүргізіледі. Үш күн ішінде зерттеу нәтижелері бойынша клиникалық диагноз қойылады. Қойылған диагнозға және стационарлы емдеу әдістемесіне сәйкес қажетті ем тағайындалып, жүргізіледі. Таңдалған емдеу әдістерінің тиімділігі науқастың күйі динамикасының талдауына негізделеді. Емдеу тиімділігін бағалауға тәуелді қажет болған жағдайда (тиімді болмаған кезде) диагноз түзетілуі мүмкін, қосымша зерттеулер мен ем тағайындалады және жүргізіледі. Денсаулығы жақсарған науқас шығуға дайындалады, шығару эпикризі толтырылады.

Процесс талдауы нәтижесінде емдеу тиімділігі келесіні анықтайтынын көрсетті: 1) қойылған диагноздың дәлдігі мен уақыт дәлдігі; 2) ем тағайындау туралы қабылданған шешімнің сапасы және тағайындамаларды орындау уақытының дәлдігі.

Ем тағайындау және диагностика тапсырмаларын шешудің қолданыстағы әдістерін талдау нәтижесінде олардың негізгі кемшіліктері айқындалды.

1. Ауруханадағы жоғары білікті мамандардың бос болмайтын бірқатар жағдайларда, қабылдау бөлімінде дәрігер болмаған кезде келіп түскен науқасқа қысқа мерзім ішінде диагноз қойып үлгеру мүмкін емес.

2. Диагностика тапсырмасын орындаудың төмен жылдамдығы.

3. Диагностиканың жеткіліксіз дәлдігі [5].

Қорытындылай келе келесі тұжырымды жасай аламыз: 1) Білім қорын құру білімді оның белгілі құрылымында формальданған көрсетілуіне тәуелді; 2) ПҚ-ды сипаттайтын ақпараттық жиынтықтан білім құру процедурасының алгоритмі білім қорының жүйесін жобалаудағы басқы этап болып табылады; 3) Ұсынылған ақпараттық бірлікті шкалдау білімді ақпараттан алудың қажетті бөлігі болып табылады; 4) Ұсынылған өнімдік білім қорларын құру жолы практикалық есептерді шығару кезінде жарамдылығын дәлелдеді; 5) ЖИЖ NS көмегімен практикалық есептерді шығару ғылыми жұмыстағы концепциялардың дұрыстығын дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дунаев С.В. Доступ к базам данных и техника работы в сети.информации - М.: Нолидж, 2000. -352 б.
2. Головки В.А. Нейроинтеллект: Теория и применения. Книга 2. Самоорганизация, отказоустойчивость и применение нейронных сетей – Брест:БПИ, 1999, - 228б.

3. Almohammadi K., Nagras H., Alghazzawi D., Aldabbagh G. «A survey of artificial intelligence techniques employed for adaptive educational systems within e-learning platforms» Journal of Artificial Intelligence and Soft Computing Research 7(1), pp.47-64 Open Access, 2017, DOI: <https://doi.org/10.1515/jaiscr-2017-0004>

МУЗЫКАЛЫҚ ДЫБЫС ТОЛҚЫНДАРЫНЫҢ ӨСІМДІКТЕРГЕ ӘСЕРІ

Құсайын Мадина

агрономиялық факультеттің 1-курс студенті

С.С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Музыка (грек. *musike*, тура мағынасында «музыкалар өнері») – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға өзінің үйлесімді ұйымдасқан сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнердің бір түрі [1]. Музыка дегеніміз — сырлы да сиқырлы дыбыс. Ал, дыбыс – табиғат. Табиғатсыз тіршілік жоқ болса, дыбыссыз музыка жоқ. Әуен көптеген сансыз дыбыстан құралады. Табиғаттан пайда болған жаңбыр, дауыл, жел үні, су сылдыры, құстардың әні, аңдардың үні мен қимылы, жан - жануарлардың боздауы, кісінеуі т. б. дыбыстарға еліктеуден әуен құралады.

Музыкалық аспаптар дыбыстарының өсімдіктің өсуіне әсері туралы алғашқы ғылыми зерттеуді 1917жылы үнді ғалымы Д.Бос көтерді. Ол скрипка аспабының дыбысы өсімдікке айқын реакция беретінін байқайды. [2]. Ал 50-ші жылдары басқада үнді ғалымдарының гидрилла, шим-мимоза, декмодия, бальзам және бархат гүлдеріне музыканың әсері туралы жұмыстары шыға бастады. Скрипканың дыбысынан жасушаларда цитоплазма қозғалысының жылдамдағаны байқалады. Музыканы тоқтатқаннан бірнеше минуттардан кейін жасушаларда цитоплазма қозғалысы алғашқы қалпына келеді. Жасушадағы цитоплазма қозғалысы неғұрлым жылдам қозғалса, заталмасу жақсы жүріп өсімдіктің өсу жылдамдығы артады. Үнді ғалымдарының осы зерттеулері музыканың өсімдіктің өсуіне әсер ететіндігін растайды. Американдық зерттеушілер жүгерімен тәжірибе жасап, тәулік бойы музыка қосып, өнімді мерзімінен бірнеше күнге ерте алған. Өнімдері де сапалы болған.

«Золотой век» газетінде «Целебная сила музыки» мақаласында Автор Г.Саго қандай музыканың емдік күші бар екендігі туралы мәселе көтереді. Белгілі ғалымдар мен профессорлардың өмірінен және ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, қазіргі кезге дейін аяқталмаған, сонымен қатар музыканың емдік қасиетімен қатар жағымсыз әсер ету күшінің бар екенін растайтын тақырыпты қозғайды. [3]

Музыка бізді қазіргі әлемде барлық жерде сүйемелдейді. Біз оны дүкендерде, кафелерде, үйде, көшеде естиміз. Музыканың белгілі бір стиліне артықшылық бере отырып, саналы таңдау жасаймыз. Біз белгілі бір музыкалық дәуірмен бірге өсеміз және оның ағзаға қандай әсер ететінін біле бермейміз .

Адамзат дамуының бүкіл тарихында адамдар гүлдерді жақсы көріп қана қоймай, оларға қамқорлықпен қараған . Олар өсімдіктерді өсіріп, жаңа сорттарды шығарды .

Өсімдіктерді өсіру үшін өсімдік өсірушілер оларды өсіру ерекшеліктерін, даму физиологиясын жақсы білуі керек. Адамдар өсімдіктерді жақсы зерттеп, олардың қалай өсетінін және олардың дамуы үшін не қажет екенін елестететін сияқты, енді мұнда ерекше жұмбақтар жоқ сияқты...бірақ ... МУЗЫКА!

Ескі кітаптарда ежелгі ойшылдар мен философтардың өсімдіктер табиғаты туралы көзқарастары және олардың музыкаға, ән айтуға және тіпті адамдардың эмоцияларының сезімталдығына байланысты таңқаларлық мәліметтер табылған. Сонымен, Үнді аңыздарында Кришна құдайы арфада ойнаған кезде, раушандар тыңдаушылардың көз алдында ашылғанын айтады. Яғни, адамдар өсімдіктердің музыкаға бей-жай қарамайтынын және оған өсу мен жеміс беру жылдамдығымен, сезімтал екенін байқаған және оны егінді

көбейту үшін қолданған.

Өсімдіктің өсуі, көбеюімен қатар шешілмеген қызықты мәселе бар: өсімдіктің өсуіне музыка әсерінің механизмі қандай? Басты сұрақ, әр жанрдағы музыка әуені, тональносы мен тембрының өсімдіктің өсуіне физикалық әсерінде ме?

Тәжірибелерде өсімдіктер дыбыс толқындарының белгілі бір жиілігіне қарай жауап беретіндігін көрсетеді. Өсімдік жарыққа, температураның өзгеруіне, стресс жағдайына қарайлайды. Акклиматизацияға және бейімделуге қабілетті. Оларда арнайы белсенді белоктар ферменттері жасалатын зат алмасу жүреді. Осылайша, музыканың биологиялық әсері негізіндегі өсімдік клеткаларында тербеліс процесстері мен резонанстық құрылымдар болады. Өсімдік – Жер бетіндегі тіршіліктің барлық басқа түрлерінің басты қорек және қуат (энергия) көзі болып табылады. Жалпы өсімдіктің 350 мың түрі белгілі, олар жоғары және төменгі сатыдағы болып бөлінеді. Өсімдіктерге музыка әсерінің механизмін жақсы білу үшін, әр өсімдік түрінің құрылысы мен фотосинтездің пайда болуын жетік білу керек.

Ал енді осы бөлме өсімдіктеріне музыканың әсері қандай болмақ?! Музыканың әсер етуінен резонанстық құбылысқа байланысты өсімдіктерде әсерлер байқалады. Бұл дәлелдің қолданымда пайдалы екендігіне ғалымдарда күмән туғызбайды. Сол себепті музыка мен тірі табиғаттың байланысының тығыз екенін көруге болады. Бірақ, меніңше, бұл механизмді дәлелдеу өте күрделі және жаңа зерттеулер жасалып, дәлелденуі қажет.

Мүмкін, далада, егістіктерге «тапсырыс» беріп өсімдіктердің сүйікті музыкаларын «тыңдатуға» қондырғылар орнататын күн де келер. Есесіне барлық жағдайда миллиондаған тонна өнім алармыз.

Сонымен қатар құстардың дауысы да өсімдіктердің өсуіне оң әсерін беруі мүмкін. Бірақ нақты шешім шығару үшін міндетті түрде ғылыми тәжірибелер жасалу керек.

Музыканың өсімдіктердің өсуіне және дамуына әсері туралы әдебиеттерді зерттей отырып, сонымен қатар ғалымдардың осы тақырыптағы тұжырымдарын қолдана отырып, біз классикалық музыка өсімдіктердің өсуіне және дамуына жағымды әсер ететінін, ал рок музыкасы өсімдіктердің өсуі мен даму процесстерін тоқтата тұратынын зерттеу жұмыстарында анықтаған болатынбыз. Зерттеу жұмысында белгілі бір гипотезаны қолдандық, классикалық музыка өсуге оң әсер етеді және өсімдіктердің дамуына әсер етеді, ал рок музыкасы теріс (немесе өсу мен дамуға әсер етпейді).

Зерттеу үшін екі бірдей құмыраға спатириллум гүлі алынды, бірдей топыраққа отырғызылды. 12 күн ішінде өсімдіктер өсіру үшін бірдей жағдайлар жасалды, отырғызылған өсімдіктерге де бірдей күтім жасалды. Күн сайын 30 минут бойы өсіру кезінде (12 күн) өсімдіктерге келесідей музыкалық сүйемелдеу қосылды: № 1 гүл құмыра-рок музыкасы: Brother louie – Modern Talking № 2 гүл құмыра-классикалық музыка : Фредерик Шопен, Claudio Arrau - Nocturne No.1 In B Flat Minor, Op.9 No.1

Эксперимент нәтижелері

Біз алған мәліметтер кестеде келтірілген

Алғашқы нәтиже

Музыка	3 күн	6 күн	9 күн	12 күн
Рок	7 см	7,5 см	11 см	14 см
Классика	7 см	10 см	14 см	18 см

Осы мәліметтерге сүйене отырып, зерттеуден кейін біздің гипотезамыз расталды деп қорытынды жасауға болады-классикалық музыка өсімдіктің физиологиясына оң әсер етеді, оның белсенді өсуіне және дамуына ықпал етеді .

Қазіргі өмірде әр жыл сайын музыка әуені жылдам және агрессивті болып барады. Сонымен қатар бірнеше музыкалық бағыттар пайда болуда. Ал музыкалық дыбыстар мен ырғақтар қоршаған орта мен тірі ағзаларға әсер ететін белгілі бір күшке ие. Біздің өміріміз музыкамен тығыз байланысты, сондықтан оның өсімдіктерге зиян келтірмей, жағымды

әсер ету маңызын білу керекпіз . Бұл жұмыстың нәтижесі ауыл шаруашылығына (өнімді жақсы алу және өсу жылдамдығын арттыру) тиімді болады. Алынған нәтижені ботаника сабақтарында, жылыжайларда және бөлмені, ауланы көгалдандыру жұмыстарында қолдануға мүмкіндіктер бар.

Мүмкін, далада, егістіктерге «тапсырыс» беріп өсімдіктердің сүйікті музыкалары «тыңдатуға» қондырғылар орнататын күн де келер. Есесіне барлық жағдайда миллиондаған тонна өнім алармыз.

Сонымен қатар құстардың дауысы да өсімдіктердің өсуіне оң әсерін беруі мүмкін. Бірақ нақты шешім шығару үшін міндетті түрде ғылыми тәжірибелер жасалу керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы, 6 том, 579 бет, Алматы - 2004.
2. Филинкова В. Влияние музыки на живые организмы - 25 с
3. Саго Г. Целебная сила музыки. Золотой век №3, 2008г -56с.
4. <http://5fan.ru/wievjob.php?id=14792>
5. <https://music-education.ru/vliyanie-muzyki-na-rasteniya/>
6. Дерек көзі: <https://erketai.org/balalardin-olenderi/balalarga-arnalghan-takhpakhtar-toptamasi>

Жетекшісі т.ғ.м., аға оқытушы Акимбеков Е.Т.

БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНЫЕ ДОБАВКИ: ПОЛЬЗА ИЛИ ВРЕД?

*Мокотенко А.В., Валеева Д.М,
студенты 1 курса.
КазАТУ им. С. Сейфуллина, Нур-Султан*

Что в первую очередь нужно человеку для поддержания жизни, здоровья и работоспособности? То же, что и любому другому живому существу – пища. Именно пища обеспечивает все клетки нашего организма энергией и множеством различных веществ, необходимых для нормальной жизнедеятельности, для сохранения здоровой иммунной системы.

Качественный и количественный состав пищи – основа обеспечения наших физиологических потребностей. Организм должен не только получить определенное количество пищи, но питание должно быть сбалансировано по соотношению питательных веществ, витаминов, минералов и микроэлементов. Наверное, точно подобрать питание на каждый день нашей жизни нереально, но ведь наш организм тонко отрегулирован природой и способен взять из пищи столько, сколько ему необходимо в данный момент. Исключением являются детский и пожилой возраст, когда приспособительные возможности ограничены. Кроме того, есть ряд веществ (некоторые витамины, минералы, микроэлементы), которые наш организм не может самостоятельно синтезировать в процессе метаболизма, поэтому они обязательно должны поступать с пищей.

С пищей организм получает основные питательные вещества: белки, жиры и углеводы, а также витамины, макро- (кальций, калий, натрий, фосфор, магний, железо) и микроэлементы (медь, цинк, йод, марганец, кобальт, молибден, серу, бром, селен, хром, олово, кремний, фтор, ванадий).

В сутки каждый человек должен получить определенное количество калорий, которые обеспечивают его энергией. Поэтому наше питание должно быть сбалансировано таким образом, чтобы организм получал белки, жиры и углеводы в требуемом соотношении.

Конечно, хорошо, когда все продукты свежие, качественные и не подвергались допол-

нительной обработке, человек не испытывает стресса, загрязнения окружающей среды и других факторов, отрицательно сказывающихся на наших способностях оптимально взаимодействовать с внешней средой. Однако в реальной жизни все эти факторы действуют на человека, что приводит к критическому дефициту питательных веществ, жизненно необходимых витаминов, макро- и микроэлементов, к “зашлакованности” организма как внешними загрязнениями и аллергенами, так и отходами “внутреннего производства”. Все это обычно не имеет каких-либо отчетливых или специфических клинических проявлений. Но адаптационные механизмы человека, отвечающие за поддержание гармонии внутренней среды, начинают “сдавать”, защитные силы ослабевают, что ведет к хронической усталости, вялости, депрессии, нарушению способности к концентрации внимания и другим неспецифическим симптомам. Такие состояния, если они не имеют выраженных клинических признаков заболевания, диагностировать очень трудно. Получается, что человек вроде и не болен, но и не здоров. Постоянное плохое самочувствие формирует негативное восприятие окружающего мира, что, в свою очередь, еще больше ухудшает самочувствие.

1. Peters M. A. The university in the epoch of digital reason. Fast knowledge in the circuits of cybernetic capitalism. Universities in the time of flux: An exploration of time and temporality in university life. London, Routledge Publ., 2014, pp. 9–31.
2. Овчаренков Э.А. Методика применения тестирования как одного из видов контроля и проверки знаний студентов вуза // Современные проблемы науки и образования. 2014. № 5.
3. Ильина И.И., Володина Е.В., Тимофеева Н.Н. Тестирование как перспективный метод контроля усвоения материала по высшей математике // Вестник ЧГПУ им. И.Я. Яковлева. 2016. № 3(91). С. 88–93.

STEAM-БІЛІМ БЕРУДІ БІЛІМ САЛАСЫНА ЕНДІРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Тулентаева Г.С., докторант
Беркимбаев К.М., п.ғ.д., профессор
Сейлова З.Т., п.ғ.к., доцент м.а.*

*Түркістан қ., Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Нұр-Сұлтан қ., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Жаһандану және техникалық прогресс заманында инженерия, жаратылыстану ғылымдары, өнер және математика бағытындағы мамандарға сұраныс жоғарылай түседі. Осыған орай оқытушылардың алдында білім алушылардың бойында пәнаралық, шығармашылық, жобалық оқытуға деген құзіреттілікті қалыптастыру мақсаты бірінші орынға келді. Қазіргі уақытта, негізгі мақсаты-жаратылыстану ғылымдарын, технологияландыруды, құрастыру, өнер және математиканы пәнаралық және қолданбалылық тәсілдері арқылы интеграциялауға бағытталған, STEAM -білім беру қарқынды даму үстінде.

Интеграцияның бұл түрі білім саласында жаңа жұмыс түрін-STEAM -білім берудің пайда болуына әкелді. Жеке дара пәндерді оқытудың орнына, ол пәндерді біртұтас STEAM -білім беру жүйесінде оқытуға әкелді:

- S – ғылым;
- T – технология;
- E – инженерия;
- A – өнер;
- M – математика.

Немесе: жаратылыстану ғылымдары, технология, құрастыру, өнер және математика.

STEAM -білім беруде әдеби және гуманитарлық пәндерді қамтитын шығармашылық тұрғыдағы креативті бағыттар қарқынды дамуын көздейді. Себебі, болашақта таза ғылымның дамуынан гөрі, ғылым мен өнердің бірігу бағытына басымдылық беріледі. Сондықтан, жақын болашақтың мамандарын тәрбиелеу туралы қазірден ойлау керек.

Әрине, ол үшін бірнеше міндеттерді шешу керек: STEAM- білім беру ортасын ұйымдастыру; STEAM -білім беру ортасы субъектілері арасындағы қарым-қатынас формалары; STEAM -білім беру ортасында қолданылатын педагогикалық әдістер; STEAM-білім беру ортасының дидактикалық қамтамасыз етілуі; STEAM -білім беру ортасының құрылымы туралы сұрақтарға қазірден жауап іздеуіміз керек.

Айта кету керек, STEAM -білім беру Америкада жақсы дамыған, қалған елдерде енді дамып келе жатқан білім беру технологиясы. Ресейде және біздің елімізде элементтері арқылы көрініс беруде. Олар: «робототехника», «Graff-Next» бағдарламасы, «ағылшынша сөйлейміз» және т.с.с. Біртұтас білім беру технологиясы ретінде қалыптасқан жоқ. Осы бағдарламаларды меңгеруде қолданылатын оқыту әдістері аудио, видео және шығармашылық әдістері. ДК-дің құрылысын оқып үйрену барысында билингвистикалық формат (қазақша-орысша-ағылшынша) сөздік қорының қалыптасуы жүзеге асады. Сондай-ақ, еске ұстау қабілетінің дамуы, зейін, ойлау, танымдық қабілеті, жасайтын жұмысына шығармашылықпен қарау, топтық жұмыстарда бір-бірімен тіл табысуы, әлеуметтенуі, шығармашылық ойлауының артуы, сабаққа деген зейіні артуы сияқты міндеттер жүзеге асырылады.

Дыбыстық және видео түсіндірмелер қатар жүргенде білім алушының бойында зерттелетін объект туралы, біртұтас пікір қалыптасуына және тілдік қорының дамуына үлкен септігін тигізеді.

Құрастыру элементін барлық пәндерді өту барысында, оқудың барлық деңгейінде қолдана аламыз.

STEAM- білім беру жағдайында техникалық және инженерлік мамандықтарда

математиканының тарауларын оқыту әдістемесін қайта қарау көзделуде. Осы орайда, өз тарапымыздан маңызды мәселелерге назар аударуды жөн санаймыз.

Білікті маман үшін: теориялық және тәжірибелік білімдер өзара тығыз байланыста болуы тән. Бұл арада теориялық білім деп отырғанымыз математикалық ұғымдар мен олардың анықтамалары, теоремалар және математикадағы негізгі әдістер.

Механиканың, математикалық физиканың, инженерлік ғылымдардың, сондай-ақ білімнің көптеген салаларын зерттеу дифференциалдық теңдеулерді интегралдауға алып келеді. Ал дифференциалдық теңдеулерді интегралдау түптеп келгенде математикалық анализдің классикалық әрі маңызды сұрақтарының бірі екендігі белгілі.

Болашақ математика пәнінің мұғалімдерін даярлауда пәндер арасындағы сабақтастық пен пәнішілік байланыс өте маңызды. Жоғары оқу орындарында мемлекеттік стандартқа сай математиканың түрлі салаларын оқытуда, оның іс жүзінде қолданылуына айрықша мән беріледі. Айталық, дифференциалдық теңдеулерді шешуді оқып үйренгенде, оның практикалық маңызы ескеріледі және оны шешуде басқа пәндермен байланысы, сабақтастығы қарастырылады. Атап айтсақ, дифференциалдық теңдеулерді қатарлардың көмегімен жуықтап интегралдаудың әдістері қарастырылады. Дифференциалдық теңдеулерді шешуде И.Г.Филипповтың тербеліс есептерін шешудегі математикалық әдісі [1] туралы баяндалған болатын. Осы әдістердің тербеліс есептерін шешуде универсал әдіс ретінде, қолданысы кең етек алу үшін қолданыс қолайлылығы қажет. STEAM- білім беру ортасында бұл мүмкіндік жоғары болады, себебі есептеуді ұзақ қажет ететін есептер үшін дайын модельдермен жұмыс компьютерлік бағдарламаларды пайдаланса, есептеу жұмысын жеңілдетеді және дәлдік деңгейі жоғары болады.

Төменде инженерлік-техникалық мамандықтар үшін, математика мен мамандықтың негізгі білімдендіру пәндерімен байланысына тоқталып өтсек [2].

Бірінші кезекте техникалық мамандықтар үшін математиканың маңызды тарауларын көрсетеміз, 1-кесте:

1-кесте. Математиканың маңызды тараулары

1.	Кіріспе	Қолданбалы есептердің математикалық моделі. Сандық әдістері туралы жалпы мағлұматтар. Математикалық есептеулердің пакеті, олардың мәнісі.
2.	Интегралдауды жуықтап есептеу	Анықталған интегралдарды жуықтап есептеудің трапеция және Симпсон әдістері.
3.	Интерполяция және жуықтау есептері	Функцияның мәнін Лагранждың интерполяциялық көпмүшелігінің кестесі бойынша есептеу. Функцияны кіші квадраттар әдісімен жуықтау
4.	Сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін шешу	Гаусс, жай итерация, Зейдель итерациясы әдістері.
5.	Сызықтық емес теңдеулер	Кесіндіні қақ бөлу, итерация, Ньютон әдістері.
6.	Сызықтық емес теңдеулер жүйесі	Итерация, Ньютон әдістері.
7.	Қарапайым бірінші ретті дифференциалдық теңдеуді шешу.	Эйлер әдісі

8.	Қарапайым екінші ретті дифференциалдық теңдеуді шешу. Коши есебі.	Эйлер, Рунге-Кутта әдістері
9.	Қарапайым екінші ретті дифференциалдық теңдеуді шешу. Жағалық есептер	Жағалық есептерді шығарудың айырымдық әдісі.
10.	Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешу	Лаплас теңдеуін шешудің айырымдық әдісі.

Екінші кезекте негізгі білімдендіру пәндерімен байланысын көрсетеміз, 2-кесте:

2-Кесте. Негізгі білімдендіру пәндерімен байланысы

р/с	Мамандандыру пәндерінің аты	1-кесте бойынша математика тарауларының мамандандыру пәнімен байланысты оқылуы									
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1.	Қатты орта механикасы				+	+			+	+	+
2	Процесті талдаудың математикалық әдістері			+				+	+	+	+
3.	Радиотехника ісін компьютерлік модельдеу		+	+	+	+	+	+	+	+	+
4.	Кванттық механика				+	+		+	+		

Соңғы кестеден көріп отырғанымыздай, математиканың қолданысы өте көп сондықтан, типтік есептерге қарағанда, қолданбалы есептерге басымшылық берген дұрыс.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. A.Seitmuratov, Z.Seylova, S.Tileubay, A.Smakhanova, M.Serikbol, K.Kanibaikyzy. The use of a mathematical method of I.G.Filippova in the solution of boundary value problems of vibrations of cylindrical shells//News of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Physico-mathematical series.- №2018.-№4(320).-66-72стр.(ISSN 1991-346X) .

2. Сейлова З.Т., Жадраева Л.У., Зарлыков А.А. Особенности преподавания математического анализа в инженерно-технических специальностях//«Science and world» №2017.- №12(52).-62-66 стр.

НАНОБИОТЕХНОЛОГИЯ БОЛАШАҒЫ

Г.М. Нұрғазина, PhD

А.Қ. Нагаибаева, Биотехнология мамандығының I курс студенті

С.Сейфуллина атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

Жеңіс даңғылы, 62,

Нұр-Сұлтан қ., 010011, Қазақстан, ast.gulnar@mail.ru

Қазіргі уақытта биотехнологияның өндірісі мен дамуы дүние жүзілік ғылымда маңызды орын алады. Биотехнология ғылымын дамыту арқылы жетістікке жету – дамыған елдердің экономикалық саясатындағы орталық міндеттердің бірі. Биотехнология ауыл шаруашылығы, фармацевтика, тамақ және химия өнеркәсібі салаларында көпжылдық тәжірибелерді жинап, дамып келеді. Германия, Франция, Ұлыбритания, Ресей және т.б. елдер жаңа технологиялар мен технологиялардың қуатты әлеуетімен, биотехнологияның әр түрлі салаларында қарқынды іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуде. Соның нәтижесінде тұрақты ферменттерді, аминқышқылдарды, ақуыздарды, дәрі-дәрмектерді көптеп өндіреді [1].

Биотехнология - тірі ағзаларды, олардың жүйелерін немесе олардың тіршілік әрекетінің өнімдерін технологиялық мәселелерді шешу үшін қолдану мүмкіндіктерін, сонымен қатар гендік инженерия әдісімен қажетті қасиеттері бар тірі организмдерді құру мүмкіндігін зерттейтін биология мен техниканың ерекшеліктерін біріктіретін ғылым саласы. Биологиялық технологиялар адамның әр түрлі салалары үшін пайдалы өнімнің бақыланатын өндірісін қамтамасыз етеді [1].

Қазіргі таңда биотехнология өте танымал ғылым саласы. Ол биотехнологиялық материалдар мен принциптерді қолдану алдағы жылдары көптеген салалар мен адамзат қоғамының өзін түбегейлі өзгертеді деген көзқарасты көрсетеді. Бұл ғылымға қызығушылық артуда және оның даму қарқыны соңғы жылдары өте тез өсіп келеді. Оның дәлелі ретінде адамзат көптеген жылдар бойы биотехнологияның: қайнату, нан пісіру, ашытылған сүт өнімдерін қабылдау, дәрілік заттарды алу т.б. әдістерін қолданды. Биотехнологияның ең соңғы жетістіктерінің бірі рекомбинантты ДНҚ-мен жұмыс істеуге негізделген гендік инженерия әдістері. 2020 жылы химия саласы бойынша Эммануэль Шарпантье және Дженнифер Дудне CRISPR/Cas9 геномдарын редакциялау технологиясының әдістерін ашқандары үшін Нобель сыйлығының иегерлері атанды. CRISPR/Cas9 әдісі молекулалық ғылымда төңкеріс жасады. Лауреаттар жаңа әдіс көмегімен жануарлардың, өсімдіктердің және микроорганизмдердің ДНҚ-сын жоғары дәлдікпен өзгертуге болатындығын дәлелдеді, өсімдіктерді өсіруге жаңа жолдар ашты, қатерлі ісік ауруларын емдеуге үлес қосты және тұқым қуалайтын ауруларды емдеуді жүзеге асыра алды [2].

Гендік инженерияның соңғы жетістіктері дәстүрлі биотехнологиялық процестерді едәуір жақсартуға, сондай-ақ әртүрлі құнды өнімдерді түбегейлі жаңа, қол жетімді жолдармен алуға мүмкіндік береді. Биотехнологияның дамуы мен өзгеруіне соңғы 25–30 жылдағы биологиядағы жаңа өзгерістер әсер етеді. Сонымен қатар, басқа салалардағы бірқатар маңызды жаңалықтар биотехнологияның дамуына әсер етті. Генетикалық инженерияның пайда болғанына небәрі 20 жылдан сәл астам уақыт өтті. Ол – прокариоттық организмдер саласындағы өз мүмкіндіктерін ашып, биотехнологияның одан әрі дамуына өз үлесін қосты [3].

Нанобиотехнология - бұл биологиялық жүйелерді зерттеу мақсатында оның құралдары мен әдістерін жасау үшін нанотехнологияның әдістері мен тәсілдерін қолданатын ғылым мен техникадағы пәнаралық жаңа бағыт. Нанобиотехнология - бұл биология мен нанотехнологияның қиылысында көптеген ғылыми тәсілдерді қамтитын ғылым саласы, соның ішінде: биотехнологияда нанотехнологиялық құрылғылар мен наноматериалдарды қолдану.

териалдарды қолдану; биологиялық молекулаларды нанотехнологиялық мақсаттарда қолдану; қасиеттері өлшемдік сипаттамалармен анықталатын 1-100 нм аралығында болатын биотехнологиялық өнімдерді жасау; наноқұрылымдарды басқарылатын өзін-өзі ұйымдастыру принципіне негізделген биотехнологиялық тәсілдерді қолдану. Миниатюризация барысында нанобиотехнология биотехнология мен нанотехнологияның қиылысында пайда болды [1].

Әлемдегі нанотехнология, нанохимия, нанобөлшектер туралы ғылыми зерттеулер ХІХ ғасырдың аяғында басталды. ХХ ғасырдың 80-жылдарында бұл бағыттың теориялық негізі қалыптасты, көп ұзамай алғашқы наноматериалдар пайда болды. ХХІ ғасырда нанотехнология қарқынмен дамыды. Жаңа технологиядағы бөлшектердің, оларға ерекше физикалық-химиялық қасиеттер беретін негізгі сипаттамалары - мөлшері, пішіні және бетінің күйі; бөлшектер мен бөлшектер арасындағы өзара әрекеттесу; оларды өндіру технологиясына байланысты факторлар. Нанобөлшектер кванттық мөлшердің әсер етуіне байланысты және оларды беткі атомдар санының едәуір көбеюіне байланысты көлемдік материалдардан ерекшеленетін ерекше физикалық-химиялық қасиеттерге ие [4].

Жыл сайынғы тұмауға қарсы вакциналар көп ұзамай ұмытылады. Бұл ауруға арналған әлемдегі алғашқы нановакцина жасалды [5]. Нановакцина – бұл жаңа өнім. Ол организмде вирустың өзіндік моделін жасайды – вирустың суббірліктері металл нанобөлшектері арқылы полимер молекуласына біріктіріледі.

Бұл модель организмдегі толыққанды иммундық реакцияны тудырады. Нано-егу тиімді және улы емес, ондағы вирустық материалдың мөлшері азаяды. Зерттеулердің алғашқы нәтижелері жаңа препарат адамды 5-7 жыл ішінде қауіпті аурудан сақтай алатындығын көрсетті. Сонымен қатар, науқасқа вирустың бірнеше штаммына бірден вакцина егуге болады [6].

Ғалымдар нановакциналар иммундаудың барлық қолданыстағы жүйесін түбегейлі өзгертеді деп санайды.

Нанотехнология қазір өзінің алғашқы даму сатысында, өйткені осы салада болжанған негізгі жаңалықтар әлі жасалынбаған. Соған қарамастан жүргізілген зерттеулер практикалық нәтижелер беруде. Жетілдірілген ғылыми зерттеулерді қолдану үшін нанотехнологиялар жоғары технологиялар қатарына жатқызылады.

Нанотехнология, атап айтқанда, молекулалық технология – бұл өте аз зерттелген жаңа өрістер. Заманауи электрониканың дамуы құрылғылардың көлемін кішірейту жолымен жүреді. Алайда, классикалық өндіріс әдістері өздерінің табиғи экономикалық және технологиялық тосқауылына жақындайды, бұл кезде құрылғының мөлшері сәл кішірейеді, бірақ экономикалық шығындар шексіз артады. Нанотехнология – электроника мен басқа ғылымды қажет ететін өндірістерді дамытудың келесі логикалық қадамы [7].

1959 жылы Нобель сыйлығының лауреаты Ричард Фейнман өз сөзінде болашақта жекелеген атомдарды манипуляциялауды үйреніп, адамзат кез-келген нәрсені синтездей алады деп болжады [7]. 1981 жылы атомдарды манипуляциялауға арналған алғашқы құрал пайда болды - IBM ғалымдары ойлап тапқан туннельдік микроскоп. Осы микроскоптың көмегімен жеке атомдарды «көріп» қана қоймай, оларды көтеріп, қозғалтуға болады. Бұл атомдарды манипуляциялаудың, сол себепті олардан кірпіштен, кез-келген нәрседен: кез-келген заттан, кез-келген заттан тікелей жинаудың негізгі мүмкіндігін көрсетті.

Нанотехнология әдетте үш бағытқа бөлінеді [7]:

1. Элементтері бірнеше атомдардан тұратын электрондық тізбектерді жасау;
2. Наномашиналарды құру, яғни молекула көлеміндегі механизмдер мен роботтар;
3. Атомдар мен молекулаларды тікелей манипуляциялау және олардан кез келген нәрсені құрастыру.

Оптика, нанолитография, механохимия және 3D прототиптеу сияқты технологиялардың жылдам дамуымен нанореволюция алдағы онжылдықта жүзеге асуы мүмкін. Мұндай

жағдай орын алғанда, нанотехнологиялар іс жүзінде өнеркәсіп пен қоғамның барлық салаларына үлкен әсер етеді.

Аштық, ауру, ластану және адамзат алдында тұрған басқа да өзекті проблемалар жойылады. Адам өмірі мен қызметіне қажетті барлық нәрсені молекулалық роботтар қоршаған ортаның атомдары мен молекулаларынан тікелей өндіре алады. Тағам өсімдіктер шығаратыны сияқты топырақ пен ауадан да болады; кремний микросхемалары құмнан жасалған. Мұндай өндіріс қазіргі өнеркәсіп пен ауылшаруашылығына қарағанда әлдеқайда тиімді және экологиялық таза болатыны анық.

Адамзат ерекше жайлы ортада өмір сүре алады, онда аштық, ауру немесе қажытатын физикалық жұмыс үшін орын болмайды. Ал болашақта біз «ақылға қонымды ортаның» пайда болуын көреміз. Нанокөмпьютерлер мен наномашиналар қоршаған кеңістікті толығымен толтырады: олар ауа молекулаларының арасында орналасады, адам денесінің барлық нысандарында, барлық жасушаларында болады. Бүкіл қоршаған әлем бір алып көмпьютерге айналады, немесе, дәлірек айтсақ, адамзат қоршаған әлеммен біртұтас интеллектуалды организмге бірігеді [3-6].

Нәруызға ұқсас молекулалық роботтарды жасау технологиясының басқа элементтері іс жүзінде бар болғандықтан, молекулалық нанотехнология осы уақыттан кейін енгізілуі мүмкін деп болжауға болады. Молекулалық роботтардың нақты түрлерін жасау және қосымша молекулалық биологиялық зерттеулер жүргізу қажеттілігін ескере отырып (биомолекулалар мен жасушалардың жұмыс істеуі туралы жетіспейтін мәліметтерді алуға, сонымен қатар молекулалық роботтар мен жасушалық құрылымдардың өзара әрекеттесуін эксперименталды түрде тексеруге бағытталған) төменде сипатталған мүмкіндіктер ХХІ ғасырдың екінші ширегінде қол жетімді болады деп күтуге болады Алайда, оқиғалардың қолайлы дамуымен төменде сипатталған қартаю процедурасының кейбір элементтері практикаға келесі онжылдықтың соңында енгізіле бастайды. Мысалы, бұл қарапайым, автономды түрде жұмыс істейтін молекулалық роботтардың көмегімен қартаюдың кезкелген себептерінің бірі болуы мүмкін, олардың дизайны қарапайым ақуыздардан онша ерекшеленбейді. Күрделірек, әмбебап роботтардан айырмашылығы, олардың дамуы (ең болмағанда принцип бойынша) үлкен есептеу шығындарсыз - көмпьютердің «жасанды эволюциясы» мен биохимиялық «пробиркадағы эволюцияның» үйлесімі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Нанобиотехнология бойынша жарияланатын ғылыми журналдардың саны жүздеген және олар жыл сайын көбейіп келеді. Осылайша, адамзат қажеттіліктері үшін жаңа технологиялардың дамуы, эксперименттік мәліметтердің жинақталуы ғалымдар үшін үлкен тәжірибенің қайнар көз болып табылады. Нанотехнология адам өміріне үлкен өзгерістер алып келеді, болашақта адам баласы жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізіп, өмір сүруі жеңілдейді деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Горленко В.А., Кутузов Н.М., Пятунин С.К. Научные основы биотехнологий. Часть I: Учебное пособие. Нанотехнологии в биологии/ - М.: Прометей, 2013. - 262 с
2. РИА новости. Наука [Электрон. ресурс]. - 2020. - URL: <https://ria.ru/20201007/pobelevka-1578599719.html> (дата обращения: 07.10.2020)
3. Кузнецов Н.Т. Основы нанотехнологии: учебник - М.: БИНОМ, 2014. - 397 с.
4. Gibler C., Jeschke J., Nurgazina G., Dietrich S., Schaarschmidt D., Georgi C., Schlesinger M., Mehring M., Lang H.. The Effect of PEGylated Dendrimers on the Catalytic Activity and Stability of Palladium Particles in the Suzuki Reaction // *Catalysis Letters*. -2013. 143(4), -P. 317-323
5. Глазко В.И., Минина Т.М., Глазко Т.Т. Нанобиотехнологии. Основные направления развития // *Известия. ТХСА*.- 2010. Выпуск 1. С. 92-103
6. Ivanova V.T., Ivanova M.V., Spitsyn B.V., et al. Interaction of nanodiamonds materials

with influenza viruses // In: Materials of IV Nanotechnology International Forum, Rusnanotech, 2011. – J. Physics. Conference Series. – 2012. – P. 345

7. Гусев А.И. - Наноматериалы, наноструктуры, нанотехнологии – Издательство: Физматлит, 2009 – 416 с.

DIGITAL COMMUNICATIONS AS A SUBSTITUTE FOR THE EDUCATOR FOR MODERN YOUTH

*Savitskij Yan, 1-year student
Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan*

In the 21st century, it is difficult to overestimate the role and impact of digital communications on modern society. Speaking of digital communications, it is a powerful and most effective tool for interacting with consumers. And today, the main consumer of both the product and the content is the child, it is for him that the current market is set up. The creators of a media product from childhood begin to shape their client, educating him the way they need. In the global flow of information and a rapidly changing world, modern parents are fighting for their tolerable existence, giving their children to the Internet.

The American Academy of Pediatrics conducted a study in 2016, the conclusion of which was statistics, based on it, we have the following figures in the United States, most children use smartphones daily from the age of two, and in Kazakhstan, at least one in ten children under three years old has a mobile phone. Further, to confirm the truth of our thesis, we should turn to the time that children spend in the digital space. In 2015, Jane Wakefield, a technology correspondent, published an article on the BBC NEWS resource, in which she refers to data from the market research company Childwise, which indicates that children aged 5 to 16 years spend an average of six and a half hours a day in front of the screen, compared to about three hours recorded in 1995. Also in this study, it is indicated that children in these six and a half hours use several devices, so they consume more content, but its quality leaves much to be desired, since children do not delve into its essence and fullness, remembering only a small fraction [1].

The traditional system of education and training is not an "entertainment center" for the child, unlike online resources, where everything is bright and loud, which of course attracts the child and keeps his attention. The old generations were brought up not only by playing with children, but also by having strict norms that a child at a particular age must comprehend. I am almost sure that by the age of 3, many of us already had a full-fledged speech, while 60% of children at 6-7 years of age have no speech formed. It was to such conclusions in 2016 that Mariana Bezrukikh, director of the Institute of Age Physiology, came. The academician came to such conclusions after a study that covered 60 thousand first-graders from different regions. Problems with speech were expressed in a poor vocabulary, inability to conduct a dialogue and make simple stories. Most likely, the parents did not deal with the child at a younger age, or they missed something. The inability of the child to read, but to find the content he needs, allows the voice assistant, which not only easily gives the child what he wants, but also helps to supplement the phrase that the baby could not correctly formulate due to poor speech development [2].

In 2018, "TheGuardian" together with British scientists described an interesting case, a child going to the first grade did not even have the basics of fine motor skills, a boy of six could not, and most importantly did not know how to hold a simple pencil due to the underdevelopment of the thin muscles of the fingers. All the toys of the young hero of the article were replaced by the notorious iPad. Returning to the severity of the modern world with its sharp teeth, where parents are trying to survive, and young professionals do not want to train as teachers, because the profession has lost its status and authority. Sally Payne, Chief Paediatrician at the Heart of England Trust, said: "It is easier to give a child a gadget than to engage them in

physical activity. For example, by collecting a constructor, creating an application, and other types of educational activities. "Andrey Podolsky, head of the Department of Psychology at the Lomonosov Moscow State University, says" - Unfortunately, parents often solve the problem simply-to select a gadget. But the problem is not in it, but in the fact that parents do not know how or do not want to communicate normally with children [3]».

But in addition to the poor development of both physical and mental, modern children lose their moral orientation. Not so long ago, there were people called "opinion leaders", who are the weather vane of modern information trends and judgments. The term Opinion Leader was coined in the book Personal Influence (1955) by Paul Lazarsfeld and Elihu Katz. They then replace real educators, with "friends" in the digital space, they say what is good, what is bad; what is fashionable, and what is not even worthy of attention. Often these "leaders" themselves are still children, and without any special moral values, the only thing that is valuable for them is money. To blame them for this is stupid, most of them did not even finish school, this modern society has made them so. The consumer society, we live in it and it dictates its own rules, and the rules are very simple, the strongest and the smartest survive, only no one tells children about this, neither parents, nor even the digital space for which the ultimate goal is to capture the audience. And it is very easy to check the attitude of children to their "friends", it is enough to take the phone from the child, i.e. to block his access to digital communications, the reaction will be as if Vesuvius is erupting, but if you say that today no one goes to school, be sure now you are the hero of the day [4].

But in addition to the poor development of both physical and mental, modern children lose their moral orientation. Not so long ago, there were people called "opinion leaders", who are the weather vane of modern information trends and judgments. The term Opinion Leader was coined in the book Personal Influence (1955) by Paul Lazarsfeld and Elihu Katz. They then replace real educators, with "friends" in the digital space, they say what is good, what is bad; what is fashionable, and what is not even worthy of attention. Often these "leaders" themselves are still children, and without any special moral values, the only thing that is valuable for them is money. To blame them for this is stupid, most of them did not even finish school, this modern society has made them so. The consumer society, we live in it and it dictates its own rules, and the rules are very simple, the strongest and the smartest survive, only no one tells children about this, neither parents, nor even the digital space for which the ultimate goal is to capture the audience. And it is very easy to check the attitude of children to their "friends", it is enough to take the phone from the child, i.e. to block his access to digital communications, the reaction will be as if Vesuvius is erupting, but if you say that today no one goes to school, be sure now you are the hero of the day.

Digital communications and modern technologies are a consequence, the main problem always lies in the causes, people like to confuse and solve something that does not require a solution at all. Of course, the life situation does not always depend on us, but it is we who decide what to do in this situation. There is a choice, often it lies on the surface and to become a master who shod a flea, or to be a person who looks after this process, we choose ourselves.

References

1. Y.Reid Chassiakos, J. Radesky Children and Adolescents and Digital Media//<https://pediatrics.aappublications.org/content/138/5/e20162593> Дата обращения: 28.03.2021.
2. Д. Уэйкфилд Сколько времени дети проводят перед экраном// https://www.bbc.com/ukrainian/ukraine_in_russian/2015/03/150329_ru_s_children_screens Дата обращения: 28.03.2021.
3. Т.Батенева Дети гаджетов// <https://rg.ru/2016/06/01/uchenye-elektronnye-igrushki-meniiaut-mozg-i-dushu-rebenka.html> Дата обращения: 28.03.2021.
4. A.Hill Children struggle to hold pencils due to too much tech, doctors say//<https://www.theguardian.com/society/2018/feb/25/children-struggle-to-hold-pencils-due-to-too-much-tech-doctors-say> Дата обращения: 28.03.2021.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ұзақ Нұрбиби
4-курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім және ғылым саласындағы түйінді мәселелерді шешудің төте жолдарын ұсынып, тәрбиенің негізгі үш өзекті бағытының бірі: Қазақстанда жүріп жатқан осы кең көлемді өзгерістерге байланысты педагогикалық кадрлар дайындау жүйесін құру қажеттігін көрсетті, ең алдымен қазіргі заманауи мұғалім кәсіби білімімен, шеберлігімен қатар, жастарға өзінің бойындағы адалдық, адамдық, тазалық, гуманистік және өз Отанын сүйе білу, ең жоғарғы адамгершілік қасиет сапаларымен ықпал жасай отырып тәрбиелеуі қажеттілігіне мән беру керектігін айтты [1].

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамысында оқытушы кадрлардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат деп көрсетілген және ол төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі тиіс деп белгіленген: арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет; әлеуметтік құзыреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті; білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті [2].

Адам білімді және сәйкесінше тәжірибиені меңгеру негізінде құзыретті болады. Сондықтан, құзыреттілік ұғымы қазіргі таңда елімізде білім берудің нәтижесі ретінде қолданылады. Педагогикалық мамандық бір уақытта өзгертуші әрі басқарушы мамандық болып табылады. Ал тұлғаның дамуын басқару үшін құзыретті болуы керек. Құзыреттілік ұғымы белгілі бір салада шешім қабылдауға, тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін адамның қабілеттілігі мағынасында қолданылады. Бұл қабілеттіліктің негізін білімділік, хабардарлық және іс-әрекет тәжірибиесі құрайды. Осы арқылы құзыреттілік ұғымының жинақтаушылық, кіріктірушілік сипаты айқындалады [3].

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі ұғымы мұғалімнің жеке мүмкіндіктерін білдіреді, ол педагогикалық ситуацияларды дербес және тиімді шешуге ықпал етеді. Ол үшін мұғалім гінде педагогикалық теорияларды және оны тәжірибиеде қолдануды білуі керек. Мұғалімнің педагогикалық құзыреттілігі дегеніміз кәсіби іс-әрекетті орындаудағы теориялық және тәжірибиелік дайындықтарының бірлігі. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үшін психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерді меңгеруі керек, сонымен бірге ол білімдерін нақты бір ситуацияларды қолдана алуы қажет. Кәсіби құзыреттілік мұғалімнің өз ісінде шебер болуын анықтайды деп айтуға болады. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту білім сапасын көтерудің басты шарты. Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты - педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Білімге негізделген қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі [4].

Мұғалімдік тұлғаның қалыптасуының бастапқы кезеңі білім алушыны зерттеуші кезеңге қою, олай болса, білім алушы кәсіби-педагогикалық қызметтің мәнін іздеудегі мүше болып табылады. Ал, кәсіби-педагогикалық қызметтің мәні тек орынды тәсіл арқылы анықталады. Бұл жерде кәсібилік нақты кәсіби-педагогикалық қызметке айналу тәсілін іздестіру барысында қалыптасады. Бұдан кәсіби іс-әрекеті кәсіби құзыреттілікке жалғасатыны туралы тұжырым жасауға болады.

Құзыреттілікті дамыту – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін аша отырып, ойлау жүйесінің, интеллектісінің өсуіне, өзінің осал тұстарын білуге, сол арқылы іздене түсуге бағыттап, нәтижесінде жоғары біліктілік деңгейіне жетеді [5].

Жаһандану жағдайында білім алушыларды тиімді тәрбиелеу үшін болашақ мұғалімдер

мынадай кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс:

- әлемнің кеңдігін көру;
- тұлғаны жаһандық мәселелер мен оқиғаларға үнемі және тұрақты назар аударуға бағдарлау;
- ғаламшардағы ұлттардың мәдениеті мен тілі, салт-дәстүріне қызығушылық пен құрмет көрсету;
- әлемдегі әлеуметтік және табиғи үдерістерді танып білуде жүйелі ойлау дағдылары;
- әлемдік мәселелерді шешуге үлес қосуда өз мүмкүндіктерін сезініп пайымдауы;
- жалпы әлемдік, жалпы ұлттық өз ісінде өзіндік тактикасы мен стратегиясын құра білуі [6].

Сонымен, кәсіби білім берудегі құзыреттілік түйіні нәтижелерге жетуді көздейді. Мұны болашақ мұғалімдерді даярлауда қалыптастыруды ескеру жаһандық жаңарулар жағдайында еңбек ететін болашақ мұғалімдердің аса қажетті сапасын дамыту мәселесін шешеді деп есептейміз.

Қоғам дамуының динамикасы адамның кәсіби қызметі, мансабы үздіксіз білім алуды, өзінің кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін арттырып отыруды талап ететіндігі бүгінгі күні белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау - құнды шешім болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Қазақстан Республикасының 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы // <http://www.google.ru/#newwindow-1&q=12>
3. Баян Чапайқызы Қалиева «Педагогика мәселелері» №4/2012
4. Укке Ю.В., Кан-Калик В.А. Управление формированием личности специалиста с высшим образованием. - М.: НИИВШ, 1985. - 44 с.
5. Галиева З.Т. Формирование глобальной компетентности У учащихся высшей школы // Школа. Вуз. Наука: Материалы конференции аспирантов и студентов. - Бирск, 2002. - С. 61-63.
6. Nutmacher Walo. Key competencies for Europe //Report of the Secondary Education for Europe Stsburg, 1997. - P. 27. Symposium. 140

ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАСЫНЫҢ БІРІ – ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Шаден Салтанат Сайлауқызы
«5B012000» -Кәсіптік оқыту мамандығы,
05-120-17-01 топ, 4 курс студенті*

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаев жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт. [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 16-наурызынан бастап Қазақстан Республикасы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында елімізде төтенше жағдай енгізген болатын. Осыған байланысты еліміздегі барлық мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері, оқытушылар қашықтықтан оқытуға көшті[2].

Алдымен «қашықтықтан оқыту» деген ұғымға тоқталатын болсам, қашықтықтан оқыту – адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі. Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқытуды айтамыз.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық) және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта оқытушы экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) білім алушылар мен оқытушылар арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингер өткізу формасы[3].

Кез келген оқыту түрі біржақты бола бермейді. Яғни, оның өз артықшылықтары мен кемшіліктері де болады. Қашықтықтан оқыту түрінің еркіндігі мен икемділігі, географиялық жағдайға қарамайтын, кез-келген тұлғаның білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік тудыратын артықшылығы бар болғанымен, қашықтықтан жұмыс істеу кезінде қатысушылардың бір-бірімен жеке байланысы аз, кейде мүлдем жоқ деп те айтуға болады. Сондықтан мұндай оқыту нысаны коммуникабельділік, сенімділік, командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту үшін қолайлы емес. Дегенмен, карантин аяқталып, өз оқу орнымызға оралған жағдайда дәстүрлі оқыту түрімен қатар қашықтықтан оқыту түрін де бірге ала жүреміз деген ойдамыз. Себебі жаңа ғасыр адамзаттан оның кәсіби қызметіндегі барлық өзгерістерді біліп, үнемі білім деңгейін жетілдіріп отыруды қажет етеді[4].

Қашықтықтан оқытудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері орын алуда.

Артықшылықтары:

- Курс бойынша жүктелген материалдарды білім алушылардың кез- келген уақытта қарап, игере алуы;
- Әр білім алушы оқу материалдарын өз қарқынына қарай игеріп, жүктелген дәрістерді, видео дәріс материалдарын бірнеше рет қарап, күрделі сұрақтарды терең меңгеруге мүмкіндік алады;
- Қашықтықтан білім алу арқылы білім алушы жоғары баға алу мүмкіндігіне ие. Ғалымдардың зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қашықтықтан оқыту нәтижелерінен алған бағалар, дәстүрлі білім беруде алған бағалардан жоғары екендігін көрсетті;
- Оқу материалдарын білім алушылар өздігімен оқитын болғандықтан тақырыптарды есте сақтау, түсіну қабілеті артады;
- Қашықтақтан оқу барысында білім алушы жаңа технологияларды, программалық бағдарламалармен танысуға мүмкіндік алады;
- Білім алушылар мен оқытушылар арасындағы байланыс әртүрлі әдістермен on-line және off-line арқылы жүзеге асады;
- Электронды почта арқылы кеңес беру, білім алушылар жіберген материалдарды қарап, сұрақ- жауап жазу қазіргі жағдайда өте тиімді болуда;
- Қашықтықтан оқитын білім алушылар үшін оқулық пен әдістемелік кешеннің

жетіспеушілігі сияқты мәселелер орын алмайды. Барлық әдебиеттерге қолжетімділік университеттің қашықтықтан оқыту порталында немесе оқытушының жеке почтасы арқылы жүзеге асады;

- Дәстүрлі оқытуда университет пен үйдің, лекция мен семинардың арасында жүгіріп жүріп, уақыт жетпейтін. Қазір үйде отырғандықтан ғылыммен айналысуға, білімді арттыруға мүмкіндік туды. Отбасымызбен бірге өткізетін күндеріміз көбейді деп ойлаймын;

- Қашықтықтан оқыту кез-келген уақытта және компьютер мен интернет бар кез-келген жерде оқуға мүмкіндік береді. Оқу жоспарына сәйкес материал оңай құрастырылады. Білім алушылар мен оқытушылар арасындағы диалог бейнеконференция, топтық чаттар, презентациялар, тесттер, бейнероликтер арқылы жүзеге асырылады.

Кемшіліктері:

- Қашықтықтан оқыту жұмыстары үшін білім алушыға да, сабақ беретін оқытушыға да үлкен мотивация қажет;

- Қашықтықтан оқытудағы кемшіліктердің ең маңыздысы практикалық білімнің жетіспеушілігі. Практика көбірек бағытталған пәндерді қашықтықтан оқыту қиынға соғады;

- Қашықтықтан оқытудағы негізгі қиыншылық жекелеген оқытушылар мен білім алушылардың компьютерлік сауатсыздығы;

- Тыңдаушылардың идентификациялау мәселесі. Порталдың жұмыс жасамауы, интернеттің үзіліп қалуы, ауылдық жерде тұратын білім алушылардың интернетке қолжетімсіздігі;

- Білім алушылар мен оқытушыларда физикалық қозғалыстар аз болуының және компьютер, электронды құралдардың алдында көп отыруларының салдарынан денсаулықтарына кері әсерлерін тигізді[5].

Қашықтықтан оқытудың қиындығына тоқталсам. Оқытушы мен білім алушы арасында бетпе-бет қарым-қатынас болу керек деп ойлаймын. Бұл дәріс барысында оқытушының өз ойын дұрыс жеткізу үшін қажет. Онлайн оқуда білім алушылардың лекцияны түсінген, түсінбегендігін немесе сұрақ қойғысы келетіндігін ұғу да қиындық туғызады. Сонымен қатар, көптеген білім алушы ауылдық жерлерден болғандықтан, олардың онлайн сабақтарға шығуға мүмкіндігі болмайды. Олар ұялы байланыс іздеп тау-тасты кезуге немесе интернет ұстайтын жерлерге қатынасып оқуға мәжбүр. Бұл онлайн оқудың басты қиындығы болып отыр. Техникалық олқылықтардың салдарынан, интернеттің дұрыс жұмыс жасамауы кесірінен лекция барысында дауыс естілмей қалуы сияқты жағдайлар көптеп кездеседі[6].

Қорыта келе айтарым, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушыларымыз бен білім алушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады[7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. — 1999. — 23 шілде. — 2–5-б.
2. Қазақстан Республикасы Конституциясының «Төтенше жағдай туралы» Заңының 4, 5, 6-баптары.
3. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
4. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).

5. <https://baq.kz/news/othernews/qashyqtan-oqytu-qiyndygy-men-artyqshylygy-qanday/>
6. «Технологиялық және кәсіптік білім» журналы №1(28) / 2017/18 бет-автор Джумажанова Г.Ж
7. I.V. Vachkov . «Basic Technologies of Group Training» Moscow (1999)

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ормыш Ақерке

Кәсіптік оқыту мамандығының 4 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ

Нұр - сұлтан қаласы

«Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында».[1]

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр білім алушының табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын өмірге енгізуге ұмтылуы. Білім берудегі оқыту технологияларына : ойын технологиясы, проблемалық, деңгейлеп саралау, топтық, дамыта, модульдік технологияларын жатқызуға болады. Алайда, қазіргі уақытта индустриалдық қоғамнан ақпараттық қоғамға өтпелі осы кезеңде, әсіресе, ауқымды ақпараттық жүйе – Интернет желісінің маңыздылығы артып отыр. Интернет адам өміртіршілігінің кез келген саласына әсер етуде. Сондықтан қазіргі заманғы жаңа тұрпатты маманға қойылатын жоғары талаптардың бірі – ақпараттық технологияларды пайдалана алуға қабілетінің, икемділігінің болуы қажет. Осыған байланысты, кәсіби білікті мамандар даярлайтын оқу орындары мен педагогика ғылымына артылатын ауыртпалық үлкен.

Жалпы алғанда, білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселелеріне байланысты көптеген зерттеулер жүргізілді. Мысалы, елімізде білім беру саласын ақпараттандыру мәселелерінің әртүрлі аспектілері, оқыту үдерісінде компьютерлік технологияларды қолданудың теориясы мен әдістемесі Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев, К.З.Халықова, В.В.Гриншкун, сынды ғалымдардың еңбектерінде тереңірек зерттелді.[2, 3]

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың болашақ кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдалану даярлығын қалыптастырудың аспектілері Л.В.Нефедова, Г.Г.Бегаришева, секілді зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. [4,5,6]

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі кәсіби білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білім алушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғанған адам-ол технологияның ауысуына және нарық талабына сай терең білімді, жан-жақты адам. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры

болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқытудың ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңызы зор. Ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – мұғалімге білім алушыны қазіргі қоғам сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дара тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық технология «information technology» - біріншіден: объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинақтау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығы. Екіншіден: ақпаратты өңдеу үшін пайдаланатын технологияның, элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы.

Білім алушылардың ақпараттық технологияны пайдалану деңгейін анықтау және қазіргі қашықтықтан оқу қаншалықты пайдалы екенін білу мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 5B012000-Кәсіптік оқыту мамандығының 16 білім алушысы қатысты. Сауалнама сұрақтары:

1. Білім алуда интернет желісін пайдалану деңгейін қалай бағалайсыз, пайыздық мөлшер бойынша?

2. Электрондық почтаны пайдалану деңгейін қалай бағалайсыз, пайыздық мөлшер бойынша?

3. Білім алу үдерісінде, сабақ барысында жаңа материалды түсіндіруде оқытушылардың қолданатын мультимедялық технологиялары сізге қалай әсер етуде? 1) жаңа материалды игеруге септігін тигізеді, 2) орташа деңгейде; 3) әсер етпейді.


4. Электрондық оқулық сіз үшін білім алу үдерісінде тигізетін оң әсерін қалай бағалайсыз, пайыздық мөлшер бойынша?

Сауалнама жауаптары:

Сауалнаманың бірінші сұрағына білім алушылардың жауабының пайыздық мөлшері 80% -ды құрады.

Екінші сұрақтың пайыздық мөлшері 85% болды. Яғни, білім алушылардың басым көпшілігі электрондық почтаны жиі қолданатынын жеткізді.

Үшінші сұраққа диаграммада көрсетілгендей жауап берді.



Мультимедиялық технология арқылы материалды игеру 80%-на септігін тигізетінін анықтадық.

Төртінші сұраққа білім алушылардың берген жауабының пайыздық мөлшері 75%-ды құрады. Электронды оқулықтың тиімділігін жеткізді.

Қорыта айтқанда, ақпараттық оқыту технологияларды сабақта қолдану - бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады.

Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіби білім беру үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алууда. Жаңа технологиямен оқытудың мақсаты студенттерді қызықтыру мен талпынысын, құштарлығын арттыруда маңыздылығы зор деп есептейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Егемен Қазақстан. – 2006. – 27 мамыр.
2. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000217_.
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Алматы, 2014, 21-бет(5).
4. Щуркова Н. Е. Педагогическая технология. М., 2002. С. 12
5. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру», Алматы, 2012ж
6. М.М.Жанпейсова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2015

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ТЕСТІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Габдуллина Камила,
4-курс студенті С.Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университеті, Нур-Сұлтан қ.*

